

А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# ОСТЕОЛОГИЯ

---

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# ОСТЕОЛОГИЯ

---

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

616.722  
U-81  
2015

А.М. Искиндирова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# ОСТЕОЛОГИЯ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

А.М. Искиндирова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# ОСТЕОЛОГИЯ

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

332375-



Мәскеу



2015

**Авторы:** *Искинди́рова А.М.* — С.Д. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.; *Искакова Л.А.* — С.Д. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының аға оқытушысы; *Жолдыбаева А.А.* — Дипломнан кейінгі Алматы стоматологиялық институты ректоры, м.ғ.д., доцент.

**Жауапты редакторы:** *Төлеева Н.Ә.* — С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ тілдік даярлық орталығының директоры.

**Рецензенттер:** *Дакенова К.Т.* — ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к. *Какетаева И.З.* — Қазақ-Ресей медицина университетінің қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.

**Авторы:** *Искинди́рова А.М.* — канд. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Искакова Л.А.* — ст. преп. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Жолдыбаева А.А.* — д-р мед. наук, доц., ректор Алматинского стоматологического института постдипломного обучения.

**Ответственный редактор:** *Толеева Н.А.* — директор Центра языковой подготовки КазНМУ им. С.Ж. Асфендиярова.

**Рецензенты:** *Дакенова К.Т.* — д-р. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Какетаева И.З.* — д-р мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии Казахско-Российского университета.

### **Искинди́рова, А. М.**

И86 Остеология : оқу құралы : учеб. пос. / А. М. Искинди́рова, Л. А. Искакова, А. А. Жолдыбаева. — М. : Литтерра, 2015. — 368 б. : ил.

ISBN 978-5-4235-0152-5

Оқу құралында қалыпты анатомия пәнін остеология тарауы бойынша оқып-үйренуге қажетті мәліметтер берілген — Anat — 1(2)203.

Материал қысқа, нақты берілген. Сүйектердің заманауи жіктелуі қолданылған. Әр тақырыптық бөлімнің соңында Халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкес анатомиялық терминдердің латын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөздігі келтірілген. Сонында өз бетінше дайындалу үшін тесттік тақырыптар мен сұрақтар берілген. Оқу құралы суреттермен көркемделген.

Оқу құралын дайындаған кезде академик А.Р. Рақышев еңбектеріндегі терминдер сөздігі мен суреттер пайдаланылды.

Оқу құралы 051301 — «Жалпы медицина» және 051302 — «Стоматология» бакалавры бойынша оқытын студенттерге арналған.

В учебном пособии содержатся сведения по частной остеологии в объеме, необходимом при изучении дисциплины «Нормальная анатомия человека» — Anat — 1(2)203.

Материал изложен кратко, лаконично. После каждого тематического раздела приведен словарь анатомических терминов на латинском, казахском, русском и английском языках в соответствии с Международной анатомической номенклатурой. В конце приведены вопросы для самоконтроля и тестовые задания.

В составлении учебного пособия были использованы термины и рисунки из трудов академика А.Р. Рақышева.

Пособие предназначено для обучающихся в бакалавриате по специальностям 051301 «Общая медицина» и 051302 «Стоматология».

УДК 616.74(075.8)

ББК 54.18я73-1

*Бұл басылымға ЖШҚ «Литтерра» Баспасы құқықты. ЖШҚ «Литтерра» Баспасының жазбаша рұқсатынсыз басылымды толық немесе оның жеке бөлімдерін қандай түрде болмасын басып шығаруға және таратуға болмайды.*

*Права на данное издание принадлежат ООО «Издательство «Литтерра». Воспроизведение и распространение в каком бы то ни было виде части или целого издания не могут быть осуществлены без письменного разрешения ООО «Издательство «Литтерра».*

© Коллектив авторов, 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», оформление, 2015

ISBN 978-5-4235-0152-5

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе . . . . .	7
Жеке остеология, <i>osteologia</i> . . . . .	10
Тұлға сүйектері . . . . .	13
Кеуде қуысы . . . . .	31
Қол-аяқ сүйектері . . . . .	37
Қол сүйектері . . . . .	37
Аяқ сүйектері . . . . .	56
Аяқтың еркін бөлігінің сүйектері . . . . .	66
Бассүйек . . . . .	85
Мисауыт сүйектері . . . . .	86
Бет сүйектері . . . . .	122
Тұтас бассүйек . . . . .	137
Бакылау сұрақтары . . . . .	162
Тесттік тапсырмалар . . . . .	167

# СОДЕРЖАНИЕ

Введение .....	181
Остеология ( <i>osteologia</i> ) .....	183
Скелет туловища .....	202
Кости туловища, особенности строения позвонков различных отделов позвоночного столба.....	202
Позвоночный столб.....	203
Грудная клетка .....	225
Скелет конечностей .....	236
Скелет верхней конечности .....	236
Скелет нижней конечности .....	255
Скелет свободной нижней конечности .....	269
Кости черепа.....	288
Кости мозгового отдела черепа .....	288
Кости лица .....	319
Контрольные вопросы .....	350
Тестовые вопросы .....	353

# ОСТЕОЛОГИЯ

## КІРІСПЕ

**Остеология** (грек. *osteon* — сүйек, *logos* — ілім) — адам қаңқасының сүйек жүйесін, *systema skeletale*, зерттейтін анатомия бөлімі. Остеологияның негізгі заңдылықтары организмнің сүйек жүйесінің жеңіл әрі мықты болуына негізделген (П.Ф. Лесгафт).

Остеология жалпы және жеке болып бөлінеді:

- ❖ **жалпы остеология** сүйек қаңқасын толығымен қарастырады: оның бөліктері, жыныстық айырмашылықтары, сүйектердің қызметіне, физикалық, химиялық құрамына және оның құрылысы мен дамуына сыртқы орта факторларының әсерін ескере отырып жіктеу және сүйектердің жалпы құрылысы;
- ❖ **арнайы остеология** қаңқаның жеке сүйектерінің құрылысын қарастырады.

Сүйектер, *ossa*, бұлшықеттер мен көптеген ағзалардың бекітін жері болып табылады. Олар қорғаныш қызметін атқаратын (омыртқа өзегі, бассүйек қуысы, кеуде қуысы, жамбас) адам денесінің негізін құрайды.

Сүйектер бұлшықеттермен, буындармен және сіңірлермен бірге адамның қозғалыс және тірек қызметтерін жүзеге асыратын иіңтіректер жүйесін құрайды, яғни тірек-қимыл аппараты болып табылады. Тірек-қимыл аппараты екіге бөлінеді: енжар немесе пассивті — сүйектер мен олардың қосылыстары және белсенді — көлденең-жолақты бұлшықеттер.

**Сүйектер** тірек-қимыл аппараты ретінде дене салмағын, оның өзінің және жеке бөліктерінің кеністікте қозғалуымен (локомоция) байланысты үлкен жүктемелерді көтереді.

Сүйектер механикалық қызметпен қатар нақты метаболикалық қызметтерді де атқарады: зат алмасуына, әсіресе минералдар алмасуына қатысады, бұл оның қаңға тез арада кальций мен фосфорды жеткізуі немесе оларды жинау арқылы организм гомеостазды ұстап тұруына байланысты (тиреокальцитонин мен паратгормонның арқасында).

Сүйек құрамына қызыл жілік майы кіреді, ол — негізгі қан жасау ағзасы және иммундық қорғаныш ағзасы болып табылады. Сүйектер негізі — кемік қан жасауды ынталандыратын сүйек тіні.

Ересек адам денесінде сыртынан сүйек қабымен, ал буын беттерінің аймағында — буын шеміршектерімен жабылған, пішіні мен көлемі әр түрлі 200-ден аса сүйек болады.

Адамның сүйектері бір-бірімен дәнекер, шеміршек және сүйек тіндерінің көмегімен байланысып, қанқа, *skeleton*, түзеді.

Қанқа, *systema skeletale* — бұл адам денесінің негізін құрайтын, негізінен қатты сүйектік және шеміршектік құрылымдар. Оның қызметі — тіректік және ағзаларды кейбір биологиялық және механикалық зақымданулардан қорғау.

Сүйектік қанқадан басқа сіңірлерден, байламдардан, борпылдақ дәнекер тіннен, буын қапшықтарынан, ішкі ағзалар қабықтары мен талшықты қынаптардан түзілетін «жұмсақ қанқа» болады.

Қанқа салмағы шамамен — 5–6 кг.

Адам қанқасы біліктік, *skeleton axiale*, және қосымша, *skeleton appendicular*, болып бөлінеді. Біліктік қанқа омыртқа бағанасынан, бас сүйектен және кеуде қуысынан тұрады; қосымша қанқа — иық белдеуі мен қолдың еркін бөлігінен және жамбас пен аяқтың еркін бөлігінен тұрады.

Адам қанқасында 200-ден аса сүйекті ажыратады: 36–40 — тақ, 23 сүйек — бас сүйекті құрайды; 33–34 омыртқа — омыртқа бағанасын құрайды; 64 сүйек — қол сүйектеріне және 62 — аяқ сүйектеріне жатады. Қанқа сүйектерінің саны бас сүйекте, қол және аяқ бастарында кездесетін қосымша дән тәрізді сүйектердің болуынан өзгеруі мүмкін. (Дән тәрізді сүйектер, *ossa sesamoidea* — буындардың қосымша құрылымдары болып табылатын, тұрақты немесе тұрақсыз болатын кішігірім сүйектер. Олар буындар үшін бұлшықет сіңірінің сүйекке беку бұрышын үлкейтетін шығыршық болып табылады.)

Қанқаның көлемі мен пропорциясы жынысқа, типтік және жеке ерекшеліктерге байланысты. Әйел адамдардың қан-



касы ер адамдардыкінен нәзік, жеңіл болуымен, омыртқа бағанасының бел бөлігі иілімінің үлкен болуымен, жамбастың төмен және жалпақ болуымен, бас сүйектің салыстырмалы жалпақ және оның айналымының үлкен болуымен, кеуде қуысының жінішке және ұзын болуымен ерекшеленеді. Қанқа бұлшықеттермен, шелмаймен және басқа да анатомиялық құрылымдармен бірге адам денесінің бедері мен тұлғасына әсер етеді.

# ЖЕКЕ ОСТЕОЛОГИЯ, *OSTEOLOGIA*

Адамның негізгі қызметтерінің бірі оның кеңістіктегі қозғалысы болып табылады.


*Қозғалыс* — бұл организмнің қоршаған ортаға негізгі бейімделу реакциясы. Сүтқоректілерде (адамда) бұл қызметті тірек-қимыл аппараты атқарады. Қозғалыс иіңтірегі қызметін атқаратын сүйектердің, сүйектер қосылыстарының және тірек-қимыл аппаратына жататын бұлшықеттердің қатысуымен жүзеге асырылады. Соңғысы екі бөліктен тұрады: пассивті (ен-жар) және белсенді. *Пассивтіге* — бір-бірімен өзара қосылған сүйектер, ал *белсендіге* — жиырылған кезде дененің кеңістіктегі жағдайын өзгертетін бұлшықеттер жатады.

Сонымен қатар, сүйек жүйесінің биологиялық жағдайы оның минералды алмасуға (темір, кальций, фосфор депосы және т.б.) қатысуына да байланысты. Бас сүйектері ми үшін қорғаныш орнын түзсе, омыртқа және аяқ сүйектері тірек қызметін атқарады; кеуде қуысының сүйектері жүрек пен өкпелерді сыртқы әсерден қорғайды; жамбас сүйектері несепқуық пен тік ішекті, ал әйелдерде — жатыр мен олардың қосалқыларын қорғайды (1, 2-сурет).

Сүйектердің келесі түрлерін ажыратады: түтікті, кеуекті, жалпақ, аралас және ауалы сүйектер (3-сурет).


*Түтікті сүйектер* иіңтірек қызметін атқарып, қол-аяқтың еркін бөлігінің қаңқасын түзеді және ұзын (тоқпан жілік, асықты жілік, білек, сирақ сүйектері), қысқа (білезік, тілерсек сүйектері, саусақ, бақай бунақтары) болып бөлінеді.

Ұзын түтікті сүйектердің қалыңдаған шеттері (эпифиздер) мен ортанғы бөлігін (диафиз) ажыратады. Эпифиз бен диафиздің арасындағы бөлік *метафиз* деп аталады. Сүйектердің эпифиздері толықтай немесе жартылай гиалинді шеміршекпен жабылып, буын түзуге қатысады.




**1-сурет.** Адам қанқасының сүйектері. Алдынан карағандағы көрінісі

*Кеуекті (қысқа) сүйектер* қанқаның сүйектер беріктігі мен қозғалысы бірігетін жерлерде (білезік, тілерсек сүйектері, омыртқалар, дән тәрізді сүйектер) орналасады.



2-сурет. Адам канқасынын сүйектері. Артынан карағандағы көрінісі

*Жалпақ сүйектер* бас сүйек қақпағын, кеуде және жамбас қуыстарын түзуге қатысып, қорғаныш қызметін атқарады, олардың беттері бұлшықеттер бекуіне ыңғайлы жалпақ болады.



3-сурет. Сүйектердің түрлері

*Аралас сүйектердің* құрылысы күрделі, пішіні әр түрлі болып келеді. Сүйектердің бұл тобына денесі кеуекті, ал өсінділері мен доғасы жалпақ болып келетін омыртқалар жатады.

*Ауалы сүйектердің* ішінде шырышты қабықпен жабылған, ішінде ауа болатын қуысы бар сүйектер болады. Оларға жоғарғы жақсүйек, бассүйек мандай, сына тәрізді және торлы сүйектері жатады.

## ТҰЛҒА СҮЙЕКТЕРІ

**Омыртқа бағанасы**, *columna vertebralis*, дене тірегі болып табылады, пішіні иілген тік (вертикалды) бағана түрінде, жоғарыда бас сүйек орналасса, төменгі жағынан жамбас сүйек-

терімен шектеседі. Қызметі: жұлынға сүйектік қорғаныш түзіп, тұлға мен бастын қозғалуына қатысады.

Адамда омыртқа бағанасы бір-бірінің үстінде орналасатын, қысқа кеуекті сүйектерге жататын 33—34 жеке сүйектік сегменттер — **омыртқалардан**, *vertebrae*, тұрады.


## ОМЫРТҚАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫСЫ

Барлық омыртқалардың құрылысы орналасу аймағына байланыссыз бірдей болып келеді. Әр омыртқа денеден, доғадан және тақ, жұп өсінділерден тұрады.

1. Омыртқа денесі, *corpus vertebrae* — алдында орналасқан, қысқа бағана түрінде қалыңдағын тіректік бөлік.
2. Омыртқа доғасы, *arcus vertebrae*. Омыртқа доғасының аяқшалары, *pediculi arcus vertebrae*, арқылы омыртқа денесінің артқы жағынан бекіп, омыртқа тесігін, *foramen vertebrale*, шектейді; омыртқалар тесіктерінен өзек ішінде орналасатын жұлынды сыртқы әсерден қорғап тұратын омыртқа өзегі, *canalis vertebralis*, түзіледі.
3. Омыртқа доғасында омыртқа қозғалысы үшін қажетті құрылымдар — өсінділер орналасады. Доғадан орта сызық бойымен артқа бағытталатын — **қылқанды** өсінді, *processus spinosus*; әр жағынан көлденең бағытталған — **көлденең** өсінділер, *processus transversus*; жоғары және төмен бағытталған — жұп **жоғарғы және төменгі буындық** өсінділер, *processus articulares superiores et inferiores*. Буындық өсінділер артқы жағынан жұп жоғарғы және төменгі омыртқа тіліктерін, *incisurae vertebrales superiores et inferiores* шектейді. Тіліктер омыртқа бағанасында жұлын тамырлары мен жүйкелері өтетін омыртқа аралық тесік, *foramina intervertebrales*, түзеді. Буындық өсінділер омыртқа қозғалысын қамтамасыз ететін омыртқа аралық буын түзсе, көлденең және қылқанды өсінділерге омыртқаларды қозғалысқа келтіретін байламдар мен бұлшықеттер бекиді.

## ОМЫРТҚАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Омыртқа бағанасының бес бөлігін ажыратады: мойын омыртқалары (7), кеуде омыртқалары (12), бел омыртқалары (5), сегізкөз (5) және құйымшак (3–5) омыртқалары (4-сурет).




4-сурет. Омыртқалардың түрлері

1. **Мойын омырткалары, *vertebrae cervicales*.** Мойын бөлігіне омыртқа бағанасының төмен орналасқан басқа бөліктерімен салыстырғанда аз салмақ түсетіндіктен, олардың денесінің көлемі кішірек (5-сурет). Көлденең өсінділерінде аталған өсінділердің қабырға рудиментімен бірігіп кетуінің нәтижесінде түзілетін (*processus costarius*) көлденең өсінді тесігі, *foramina processus transversalia*, болуымен ерекшеленеді. Бұл тесіктердің жиынтығынан түзілетін өзек ол жерден өтетін омыртқалық артериялар мен тамырларды қорғап тұрады. Көлденең өсінділердің қабырға рудиментімен қосылуынан аталған өсінділердің ұшында алдыңғы және артқы төмпешіктер, *tubercula anterius et posterius*, түзіледі.

Жоғарыдан қарағандағы көрінісі


Алдынан қарағандағы көрінісі



5-сурет. Типті мойын омыртқасы


VI омыртқаның жақсы дамыған алдыңғы төмпешігі — **ұйқы төмпешігі, *tuberculum caroticum***, деп аталады (оған қан тоқтату үшін ұйқы артериясын басуға болады). VI, VII-ден басқа мойын омыртқаларының қылқанды өсінділерінің ұшы екіге айырылған. VII мойын омыртқасының қылқанды өсіндісі басқаларымен салыстырғанда ұзын болғандықтан, **шығыңқы омыртқа, *vertebra prominens*** деп аталады, ол тірі адамда оңай табылатындықтан, омыртқаларды санағанда диагностикалық мақсатта қолданады.





**6-сурет.** Ауыз омыртка (Атлант,  $C_1$ ): 1 — көлденен өсінді; 2 — алдыңғы доға; 3 — алдыңғы төмпешік; 4 — тістік шұңқыр; 5, 12 — латералды масса; 6 — омыртка тесігі; 7 — артқы доға; 8 — артқы төмпешік; 9 — омыртка артериясының жұлгесі; 10 — жоғарғы буындық шұңқыр; 11 — көлденен өсіндінің тесігі

I және II мойын омыртқаларының пішіні бас сүйекпен қозғалмалы буын түзуіне байланысты ерекше болып келеді. I омыртка — **атланттың** (6, 7-сурет), *atlas* денесінің көп бөлігі даму барысында II омыртқаға қарай ығысып, онымен бітісіп кететіндіктен, аталған омыртқада **тіс**, *dens*, түзеді. Нәтижесінде атланттың денесінен тек алдыңғы доға ғана қалып, ол алдыңғы жағынан тіспен буындасатын омыртқа тесігі көлемінің үлкеюіне әкеледі. Атланттың алдыңғы (*arcus anterior*) және артқы (*arcus posterior*) доғалары бір-бірімен бүйір масса, *massae laterales*, арқылы қосылады. Олардың әрқайсының жоғарғы және төменгі беттері көрші сүйектермен буын түзуге қатысады: ойыс болып келетін жоғарғы буындық шұңқыр,



**7-сурет.** Ауыз омыртка (Атлант,  $C_1$ ): 1 — артқы төмпешік; 2 — артқы доға; 3 — омыртка тесігі; 4 — тістік шұңқыр; 5 — алдыңғы төмпешік; 6 — алдыңғы доға; 7 — төменгі буындық шұңқыр; 8 — көлденең өсіндінің тесігі; 9 — көлденең өсінді

*fovea articularis superior*, шүйде сүйек айдаршықтарымен, жалпақтау төменгі буындық шұңқыр, *fovea articularis inferior*, II мойын омырткасының буындық беттерімен буындасады.

Алдыңғы және артқы доғалардың сыртқы беттерінде төмпешіктер, *tubercula anterius et posterius*, орналасады.


II мойын омырткасы — білікті омыртка, *axis* (*axis*, лат. — білік), басқа омыртқалардан атлант денесінің гомологы *тіс, dens*, болуымен ерекшеленеді (8—9-сурет).

**2. Кеуде омыртқалары, *vertebrae thoracicae***, кабырға басымен буындасатындықтан, кабырғалық шұңқырлар, *foveae costales*, болуымен ерекшеленеді (10-сурет). Аталған шұңқырлар омыртка денесінің бүйір жағында, доға негізіне жақын орналасады.

Әдетте, кабырға басы екі омыртка денесімен буындасатындықтан, кеуде омыртқалары денесінің жоғарғы және


төменгі жиектерінде екі жартылай кабырғалық шұңқырлар болады: жоғарғы кабырғалық шұңқыр, *fovea costalis superior*, және төменгі кабырғалық шұңқыр, *fovea costalis inferior*.

Қабырғамен буындасуына байланысты келесі атипті кеуде омыртқаларын ажыратады: I кеуде омыртқасы — жоғарғы жиегінде I қабырғамен буындасатын толық кабырғалық шұңқыр, ал төменгі жиегінде II қабырғамен буындасатын жартылай кабырғалық шұңқыр болады; X кеуде омыртқасының жоғарғы жиегінде ғана X қабырғамен буындасатын жартылай кабырғалық шұңқыр болады; XI және XII кеуде омыртқалары денесінің ортасында сәйкес қабырғалармен буындасатын толық кабырғалық шұңқырлар болады.




**8-сурет.** Біліктік омыртқа (алдынан карағандағы көрінісі): 1 — тіс; 2 — алдыңғы буындық беті; 3 — латералды масса; 4 —көлденен өсінді; 5 — дене; 6 — буындық алдыңғы бет; 7 — буындық жоғарғы бет

Кеуде омыртқаларының денесі үлкен жүктемеге сәйкес мойын омыртқаларымен салыстырғанда үлкенірек болады, ал буындық өсінділері фронталды жазықтықта орналасады. Көлденең өсінділері бүйірге және артқа бағытталған. Олардың алдыңғы жағында қабырға төмпешігінің буындасу орны — көлденең өсіндінің қабырғалық шұңқыры, *fovea costalis processus transversus*, болады. Бұл шұңқырлар XI және XII кеуде омыртқаларында болмайды. Кеуде омыртқаларының қылқанды өсінділері ұзын және төмен бағытталғандықтан, кеуде бөлігінің орта тұсында бір-бірінің үстінде шатыр тәрізді орналасады.




**9-сурет.** Біліктік омыртқа (артынан қарағандағы көрінісі). 1 — тіс; 2 — буындық артқы бет; 3 — көлденең өсінді; 4 — қылқандық өсінді; 5 — буындық алдыңғы бет; 6 — латералды масса; 7 — буындық жоғарғы бет



10-сурет. Кеуде омыртқалары

3. **Бел омыртқалары**, *vertebrae lumbales*, омыртқа бағанасының ең көп жүктеме түсетін бөлігі болғандықтан, денесі басқа омыртқалармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен болуымен өзгешеленеді (11-сурет). Қылқанды өсінділері тік, артқа бағытталған, ал буындық өсінділері сагитталды жазықтықта орналасады.




11-сурет. Бел омыртқасы

Көлденең өсіндісінің көп бөлігі нағыз көлденең өсінділермен бітісіп кеткен рудиментті қабырға болып келетіндіктен, аталған өсіндінің артқы бөлігінде көлемі кішігірім, дұрыс аталмаған қосымша өсінді, *processus accessorius* (*accessorius* — қосымша, қосылатын), болады.

4. **Сегізкөз омыртқалары**, *vertebrae sacrales*, жастық шақта тұтас бір сүйек — сегізкөз сүйегіне, *os sacrum*, бітісіп кетеді (12-сурет). Бұл бітісу адамның вертикалды жағдайына байланысты сегізкөзге түсетін үлкен жүктемеге бейімділікпен сипатталады. Сегізкөздің пішіні үшбұрышты, жоғары бағытталған жалпақ жағы негізі, *basis ossis sacri*, ал төмен бағытталған үшкір жағы ұшы, *apex ossis sacri*, деп аталады. Сегізкөз негізінің алдыңғы жиегі соңғы бел омыртқасымен бірге алға қарай шығыңқы орналасқан бұрыш — мүйіс, *promontorium*, түзеді.

Сегізкөздің алдыңғы немесе жамбастық беті, *facies pelvina*, ойыс. Ол жерде омыртқа денелерінің бітісу орындары — көлденең сызықтар, *lineae transversae*, байқалады, ал бұл сызықтардың шеттерінде — сегізкөздің жамбастық тесіктері, *foramina sacralia pelvina*, орналасады. Сегізкөздің артқы, дорсалды бетінде сәйкесінше сегізкөздің дорсалды тесіктері, *foramina sacralia dorsalia*, болады. Оның бойымен омыртқаның жеке бөліктерінің бітісуінен түзілетін 5 қырка бағытталады: қылқанды өсінділер бітісуінен түзілетін — тақ сегізкөздің ортанғы қырқасы, *crista sacralis mediana*, оның бүйір жақтарында — жұп сегізкөздің аралық қырқалары, *cristae sacrales intermediae* (буындық өсінділердің бітісуінен түзіледі), одан латералды — жұп сегізкөздің латералды қырқалары, *cristae sacrales laterales* (көлденең өсінділердің бітісуінен түзіледі). Сегізкөз тесіктерінен сыртқа қарай көлденең өсінділер мен сегізкөздік қабырғалар бітісуінен түзілетін сегізкөздің латералды бөлігі, *partes laterales*, орналасады. Олардың латералды жақтарында құлақ қалқаны (*auricula*) тәрізді иілген, мықын сүйектерінің буындасу орны құлақ тәрізді буын беттері, *facies auriculares*, болады. Олардың әрқайсының артқы жағында сегізкөз бұдырмағын, *tuberositas sacralis*, көреміз (бұлшықеттер мен байламдар бекітін орын).




12-сурет. Сегізкөз. А — алдынан қарағандағы көрінісі

Сегізкөздің ішінен омыртқа өзегінің жалғасы болып табылатын сегізкөз өзегі, *canalis sacralis*, өтеді. Адамда құйрықтың жойылып, құйрық бұлшықетінің редуциялануына байланысты сегізкөз омыртқаларының сәйкес бөліктері де редуцияланады, сондықтан сегізкөз өзегі төменгі жағынан жабылмай, керісінше сегізкөз санылауы, *hiatus sacralis* (*hiatus* — санылау), түрінде ашылады.

5. **Құйымшақ омыртқалары**, *vertebrae coccygeae*, жойылып кеткен құйрық қалдығы ретінде рудименттелген, орта жаста бір сүйек — құйымшақ сүйегіне, *os coccygis* бітіседі.



Бүйірінен қарағандағы көрінісі




Б

12-сурет. Жалғасы. Сегізкөз. Б — артынан қарағандағы көрінісі



## «ТҰЛҒА ҚАҢҚАСЫ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Osteologia</i>	Қанқа (сүйектер туралы ілім)	Остеология (учение о костях)	Osteology (the study of bones)
<i>Systema skeletale</i>	Қанқа жүйесі	Система скелета	Skeletal system
<i>Pars ossea</i>	Сүйектік бөлік	Костная часть	Bony part periosteum
<i>Periosteum</i>	Сүйеккап	Периост (надкостница)	the periosteum
<i>Endosteum</i>	Эндост (сүйектің ішкі қуысы)	Эндост	Endosteum
<i>Substantia corticalis</i>	Қыртысты зат	Корковое вещество	Cortex
<i>Substantia compacta</i>	Тығыз зат	Компактное вещество	Compact substance
<i>Substantia spongiosa</i>	Кемік зат	Губчатое [трабекулярное] вещество	Spongy [trabecular] substance
<i>Pars cartilaginosa</i>	Шеміршектік бөлік	Хрящевая часть	Cartilaginous portion
<i>Perichondrium</i>	Шеміршек қабы	Надхрящница (перихондрий)	Perichondrium (perihondry)
<i>Skeleton axiale</i>	Біліктік қанқа	Осевой скелет	Axial skeleton
<i>Skeleton appendiculare</i>	Қосымша қанқа	Добавочный скелет	Appendicular skeleton
<i>Os longum</i>	Ұзын сүйек	Длинная кость	Long bone
<i>Os breve</i>	Қысқа сүйек	Короткая кость	Short bone
<i>Os planum</i>	Жалпак сүйек	Плоская кость	Flat bone
<i>Os irregulare</i>	Қалыптан тыс сүйек	Ненормальная кость	Abnormal bone
<i>Os pneumaticum</i>	Ауалы сүйек	Воздухоносная кость	Pneumatic bone



<i>Epiphysis</i>	Эпифиз (ұшы)	Эпифиз	Epiphysis
<i>Diaphysis</i>	Диафиз (ортасы)	Диафиз	Diaphysis
<i>Metaphysis</i>	Метафиз (аралығы)	Метафиз	Metaphysis
<i>Cartilago epiphysialis</i>	Эпифиздік шеміршек	Эпифизарный хрящ	Epiphyseal cartilage
<i>Linea epiphysialis</i>	Эпифиздік сызық	Эпифизарная линия	Epiphyseal line
<i>Facies articularis</i>	Буындық бет	Суставная поверхность	Articular surface
<i>Cavitas medullaris</i>	Жілік май қуысы	Костномозговая полость	Bone marrow cavity
<i>Medulla ossium flava</i>	Сары жілік май	Желтый костный мозг	Yellow bone marrow
<i>Medulla ossium rubra</i>	Қызыл жілік май	Красный костный мозг	Red bone marrow
<i>For. nutricium</i>	Қоректік тесік	Питательное отверстие	Nutrient foramen
<i>Canalis nutricius</i>	Қоректік өзек	Питательный канал	Alimentary canal
<i>Punctum ossificationis</i>	Сүйектену нүктесі	Точка окостенения	Point of ossification
<i>Primarium</i>	Біріншілік	Первичная	Primary
<i>Secundarium</i>	Екіншілік	Вторичная	Secondary
<b><i>Columna vertebralis</i></b>	<b>Омыртқа бағанасы</b>	<b>Позвоночный столб</b>	<b>Vertebral columne</b>
<i>Canalis vertebralis</i>	Омыртқа бағанасының өзегі	Позвоночный канал	Vertebral canal
<i>Corpus vertebrae (vertebrale)</i>	Омыртқа денесі	Тело позвонка	Vertebral body
<i>Arcus vertebrae (vertebrale)</i>	Омыртқа доғасы	Дуга позвонка	Vertebral arch

<i>Pediculus arcus vertebrae (vertebralis)</i>	Омыртка доғасының аяқшасы	Ножка дуги позвонка	Pedicle of vertebral arch
<i>Lamina arcus vertebrae (vertebrale)</i>	Омыртка доғасының табакшасы	Пластинка дуги позвонка	Plate of vertebral arch
<i>For. intervertebrale</i>	Омыртка аралық тесік	Межпозвоночное отверстие	Intervertebral foramen
<i>Incisura vertebralis superior</i>	Жоғарғы омырткалық тілік	Верхняя позвоночная вырезка	Superior vertebral notch
<i>Incisura vertebralis inferior</i>	Төменгі омырткалық тілік	Нижняя позвоночная вырезка	Inferior vertebral notch
<i>For. vertebrale</i>	Омыртка тесігі	Позвоночное отверстие	Vertebral foramen
<i>Processus spinosus</i>	Қылқанды өсінді	Остистый отросток	Spinous process
<i>Processus transversus</i>	Көлденен өсінді	Поперечный отросток	Transverse process
<i>Processus costalis</i>	Қабырғалық өсінді	Реберный отросток	Costal process
<i>Processus articularis superior</i>	Жоғарғы буындық өсінді	Верхний суставной отросток	Superior articular process
<i>Processus articularis inferior</i>	Төменгі буындық өсінді	Нижний суставной отросток	Inferior articular process
<b><i>Vertebrae cervicales (C<sub>I</sub>–C<sub>VII</sub>)</i></b>	<b>Мойын омырткалары (C<sub>I</sub>–C<sub>VII</sub>)</b>	<b>Шейные позвонки (C<sub>I</sub>–C<sub>VII</sub>)</b>	<b>Cervical vertebrae (C<sub>I</sub>–C<sub>VII</sub>)</b>
<i>Uncus corporis</i>	Дене ілмегі	Крючок тела	Hook of body
<i>For. processus transversus</i>	Көлденен өсіндінің тесігі	Отверстие поперечного отростка	Aperture of transverse process
<i>Tuberculum caroticum (vertebrae cervicalis VI)</i>	Ұйқы төмпешігі (VI мойын омырткада)	Сонный бугорок (VI шейного позвонка)	Carotid tubercle (VI cervical vertebra)

<i>Sul. n. spinalis</i>	Жұлын жүйкесінің жұлгесі	Борозда спин-номозгового нерва	Sulcus of spinal nerve
<b>Atlas (C<sub>1</sub>)</b>	<b>Ауыз омыртка (Атлант) (C<sub>1</sub>)</b>	<b>Атлант (C<sub>1</sub>)</b>	<b>Atlas (C<sub>1</sub>)</b>
<b>Massa lateralis</b>	<b>Латералды масса</b>	<b>Латеральная масса</b>	<b>Lateral mass</b>
<i>Fovea articularis superior</i>	Жоғарғы буындык шұңқыр	Верхняя суставная ямка	Superior articular fossa
<i>Fovea articularis inferior</i>	Төменгі буындык шұңқыр	Нижняя суставная ямка	Inferior articular fossa
<i>Arcus anterior</i>	Алдыңғы доға	Передняя дуга	Anterior arch
<i>Fovea dentis</i>	Тістік шұңқыр	Ямка зуба	Fossa of the tooth
<i>Tuberculum anterius</i>	Алдыңғы төмпешік	Передний бугорок	Anterior tubercle
<i>Arcus posterior</i>	Артқы доға	Задняя дуга	Posterior arch
<i>Sul. a. vertebralis</i>	Омыртка артериясының жұлгесі	Борозда позвоночной артерии	Sulcus of the vertebral arteries
<i>Tuberculum posterius</i>	Артқы төмпешік	Задний бугорок	Posterior tubercle
<b>Axis (C<sub>II</sub>)</b>	<b>Біліктік омыртка (C<sub>II</sub>)</b>	<b>Осевой позвонок (C<sub>II</sub>)</b>	<b>Axial vertebra (C<sub>II</sub>)</b>
<i>Dens</i>	Тіс	Зуб	Tooth
<i>Apex</i>	Ұшы	Верхушка	Apex
<i>Facies articularis anterior</i>	Алдыңғы буындык беті	Передняя суставная поверхность	Anterior articular surface
<i>Facies articularis posterior</i>	Артқы буындык беті	Задняя суставная поверхность	Posterior articular surface

<i>Vertebraprominens (C<sub>VII</sub>)</i>	Шығынқы омыртка (C <sub>VII</sub> )	Выступающий позвонок (C <sub>VII</sub> )	Prominens vertebra (C <sub>VII</sub> )
<i>Vertebraethoracicae (TH<sub>I</sub>-X<sub>II</sub>)</i>	Кеуде омыртқалары (TH <sub>I</sub> -X <sub>II</sub> )	Грудные позвонки (TH <sub>I</sub> -X <sub>II</sub> )	Thoracic vertebrae (TH <sub>I</sub> -X <sub>II</sub> )
<i>Fovea costalis superior</i>	Жоғарғы кабырғалық шұнқыр	Верхняя реберная ямка	Superior costal facet
<i>Fovea costalis inferior</i>	Төменгі кабырғалық шұнқыр	Нижняя реберная ямка	Lower costal facet
<i>Fovea costalis processus transversus</i>	Көлденен өсіндінің кабырғалық шұнқыры	Реберная ямка поперечного отростка	Transverse ligament
<i>Vertebraelumbales (L<sub>I</sub>-L<sub>V</sub>)</i>	Бел омыртқалары (L <sub>I</sub> -L <sub>V</sub> )	Поясничные позвонки (L <sub>I</sub> -L <sub>V</sub> )	Lumbar vertebrae (L <sub>I</sub> -L <sub>V</sub> )
<i>Processus accessorius</i>	Қосымша өсінді	Добавочный отросток	Accessory process
<i>Processus mamillaris</i>	Еміздік тәрізді өсінді	Сосцевидный отросток	Mastoid
<i>Os sacrum (sacrale) (vertebrae sacrales)</i>	Сегізкөз (сегізкөз омыртқалары)	Крестец (крестцовые позвонки)	Sacrum (Sacral vertebrae)
<i>Basis ossis sacri</i>	Сегізкөз негізі	Основание крестца	Base of sacrum
<i>Promontorium</i>	Мүйіс	Мыс	Cape
<i>Ala sacralis</i>	Сегізкөз канаты	Крестцовое крыло	Sacral wing
<i>Processus articularis superior</i>	Жоғарғы буындық өсінді	Верхний суставной отросток	Superior articular process
<i>Pars lateralis</i>	Латералды бөлік	Латеральная кость	Lateral bone

<i>Facies auricularis</i>	Құлақ тәрізді бет	Ушковидная поверхность	Auricular surface
<i>Tuberositas sacralis</i>	Сегізкөз бұдырмағы	Крестцовая бугристость	Sacral tuberosity
<i>Facies pelvina (pelvica)</i>	Жамбастық бет	Тазовая поверхность	Pelvic surface
<i>Lineae transversae</i>	Көлденен сызықтар	Поперечные линии	Transverse lines
<i>Forr. intervertebralia</i>	Омыртқа аралық тесіктер	Межпозвоночные отверстия	Intervertebral foramen
<i>Forr. sacralia pelvina (ventralia)</i>	Жамбастын сегізкөздік тесіктері	Тазовые крестцовые отверстия	Pelvic sacral foramen
<i>Facies dorsalis</i>	Дорсалды бет	Дорсальная поверхность	Dorsal surface
<i>Crista sacralis mediana</i>	Орталық сегізкөз қыры	Срединный крестцовый гребень	Median sacral crest
<i>Forr. sacralia dorsalia</i>	Дорсалды сегізкөз тесіктері	Дорсальные крестцовые отверстия	Dorsal sacral foramen
<i>Crista sacralis intermedia</i>	Аралық сегізкөз қыры	Промежуточный крестцовый гребень	Intermediate sacral crest
<i>Crista sacralis lateralis</i>	Латералды сегізкөз қыры	Латеральный крестцовый гребень	Lateral sacral crest
<i>Cornu sacrale</i>	Сегізкөз мүйізі	Крестцовый рог	Sacral horn
<i>Canalis sacralis</i>	Сегізкөз өзегі	Крестцовый канал	Sacral canal
<i>Hiatus sacralis</i>	Сегізкөз саңылауы	Крестцовая щель	Sacral hiatus
<i>Apex ossis sacri</i>	Сегізкөз ұшы	Верхушка крестца	The tip of the sacrum

<i>Oscoccygis</i> ( <i>coccyx</i> )	Құйымшак	Копчик	Соссух
<i>Cornu coccygeum</i> ( <i>coccygeale</i> )	Құйымшак мүйізі	Копчиковый рог	Coccygeal horn

## КЕУДЕ ҚУЫСЫ


Қабырғалар артқы жағынан — кеуде омыртқаларымен, алдыңғы жағынан — так-төс сүйегімен қосылып, кеуде қуысы, *compages thoracis*, түзеді.

**Төс**, *sternum* пішіні канжар тәрізді болып келген үш бөліктен тұрады: жоғарғы — сабы, *manubrium sterni*, ортаңғы — денесі, *corpus sterni* және төменгі — семсер тәрізді өсінді, *processus xiphoides* (13-сурет). Төс сабының жоғарғы жиегінде мойындырық тілігі, *incisura jugularis*, одан латералды әр жағынан бұғананың төстік шетімен буындасатын — бұғаналық тіліктер, *incisura clavicularis*, орналасады. Төс сабының төменгі жиегі мен денесінің жоғарғы жиегі алға шығыңқы орналасатын төс бұрышы, *angulus sterni*, түзеді. Төс денесінің жиектерінде II—VII қабырғалар шеміршегімен буындасатын қабырғалық тіліктер, *incisurae costales*, орналасады.

Семсер тәрізді өсінді әр түрлі вариацияланады: тесік болуы, екіге айырылуы, бір жағына қарай иілуі және т.б.

Адамда 12 жұп қабырға болады. Олар артқы шеттерімен кеуде омыртқаларының денесімен буындасса, жоғарғы 7 қабырға алдыңғы шеттерімен төспен буындасады. Бұлар — шынайы қабырғалар, *costae verae*. Келесі үш қабырға (VIII, IX және X) шеміршектерімен төске емес, жоғарыда орналасқан қабырғалар шеміршектеріне бекиді — жалған қабырғалар, *costae spuriae*. Ал XI және XII қабырғалардың алдыңғы шеттері бос орналасады — тербелмелі қабырғалар, *costae fluctuantes*.

**Қабырға**, *costae*, артқы ұзынырақ бөлігі ұзын кеуекті сүйектерге жататын сүйекті бөліктен, *os costale*, алдыңғы қысқалау бөлігі шеміршектен, *cartilago costalis*, тұратын иілген, жіңішке



13-сурет. Төс: 1 — *incisura jugularis*; 2 — *incisura clavicularis*; 3 — *manubrium sterni*; 4 — *incisurae costales*; 5 — *corpus sterni*; 6 — *processus xiphoideus*

табақша. Әр сүйекті қабырғада алдыңғы және артқы шеттері мен олардың ортасында орналасқан денесін, *corpus costae*, ажыратады. Артқы шетінде ортасынан қырқа, *crista caput costae*-мен бөлінген, омыртқа денелерімен буындасатын буын беттері бар қабырға басы, *caput costae*, орналасады. I, XI және XII қабырғалардың басы қырқамен бөлінбейді. Қабырға басы жіңішкеріп қабырға мойнына, *collum costae*, жалғасады. Қабырға мойнының денесіне жалғасатын жерінде сәйкес омыртқаның көлденең өсіндісімен буындасатын буын беті болатын қабырға төмпешігі, *tuberculum costae*, орналасады. XI және XII қабырғалар соңғы кеуде омыртқаларының көлденең өсінділерімен бу-



ындаспайтындықтан, төмпешік болмайды. Қабырға иілімі қабырға төмпешігінен латералды бірден өзгереді, бұл жерде қабырға денесінің артында қабырға бұрышы, *angulus costae*, орналасады. I қабырғада *angulus costae* төмпешікке сәйкес келеді, ал қалған қабырғаларда қабырға төмпешігі мен бұрышының арасындағы қашықтық XI қабырғаға дейін үлкейеді де, ал XII қабырғада бұрыш жойылады. Ортаңғы қабырғалардың ішкі бетінде төменгі жиегін бойлай қабырға аралық тамырлар өтетін қабырға жүлгесі, *sulcus costae*, орналасады.


I қабырғаның жоғарғы бетінде алдыңғы сатылы бұлшықет, *m. scalenus anterior*, бекітін алдыңғы сатылы бұлшықет төмпешігі, *tuberculum m. scaleni anterioris* орналасады. Бұл төмпешіктің артында I қабырғаның үстінен өтетін бұғана асты артериясының кішігірім жүлгесі, *sulcus a. subclaviae*, ал төмпешік алдында бұғана асты көктамырының жалпақтау келген жүлгесі, *sulcus v. subclaviale* орналасады.

## КЕУДЕ ҚУЫСЫ


Кеуде қуысы пішіні бойынша жоғарғы шеті жіңішке, төменгі шеті жалпақ, екі шеті де қиғаш кесілген овоид тәрізді.

**Кеуде қуысының**, *compages thoracis*, екі тесігі немесе апертурасы болады: жоғарғы, *apertura thoracis superior* және бұлшықеттік табакша — көкетпен жабылған төменгі, *apertura thoracis inferior* (14-сурет). Төменгі апертураны шектейтін қабырға қабырғалық доға, *arcus costalis*, түзеді.

Төменгі апертураның төменгі жиегінде бұрыш пішінді тілік, *angulus infrasternalis*, орналасады. Төс асты бұрышында семсер тәрізді өсінді орналасқан. Омыртқа бағанасы орта сызық бойымен кеуде қуысына еніп орналасады, ал оның екі жағында және омыртқа бағанасы мен қабырғалардың арасында өкпенің артқы жиектері орналасатын жалпақ өкпелік жүлгелер, *sulci pulmonales*, түзіледі. Қабырғалар арасындағы кеңістік қабырға аралық, *spatia intercostalia*, деп аталады.



14-сурет. Кеуде қуысы



## «КЕУДЕ ҚУЫСЫ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Ossa thoracis</i>	Кеуде қуысының сүйектері	Кости грудной клетки	Bones of thorax
<i>Costae (I–XII)</i>	Қабырғалар (I–XII)	Ребра (I–XII)	Ribs (I–XII)
<i>Costae verae (I–VII)</i>	Шынайы қабырғалар (I–VII)	Истинные ребра (I–VII)	True ribs (I–VII)
<i>Costae spuriae (VIII–XII)</i>	Жалған қабырғалар (VIII–XII)	Ложные ребра (VIII–XII)	False ribs (VIII–XII)
<i>Costae fluctuantes (XI–XII)</i>	Тербелмелі қабырғалар (XI–XII)	Колеблющиеся ребра (XI–XII)	Floating ribs (XI–XII)
<i>Cartilago costalis</i>	Шеміршекті қабырға	Реберный хрящ	Costal cartilage
<i>Os costale (costa)</i>	Қабырғаның сүйекті бөлігі	Костная часть ребра	Bony part of the rib
<i>Caput costae</i>	Қабырға басы	Головка ребра	Head of rib
<i>Facies articularis capitis costae</i>	Қабырға басының буындық беті	Суставная поверхность головки ребра	Articular facet
<i>Crista capitis costae</i>	Қабырға басының қыры	Гребень головки ребра	Crest of head of rib
<i>Collum costae</i>	Қабырға мойны	Шейка ребра	Neck of rib
<i>Crista colli costae</i>	Қабырға мойнының қыры	Гребень шейки ребра	Crest of rib neck
<i>Corpus costae</i>	Қабырға денесі	Тело ребра	Body of rib
<i>Tuberculum costae</i>	Қабырға төмпешігі	Бугорок ребра	Tubercle of rib
<i>Facies articularis tuberculi costae</i>	Суставная поверхность бугорка ребра	Қабырға төмпешігінің буындық беті	Articular surface of tubercle of rib

<i>Angulus costae</i>	Кабырға бұрышы	Угол ребра	Corner of rib
<i>Sul. costae (costa cervicalis)</i>	Кабырға жүлгесі (мойындык кабырға)	Борозда ребра (шейное ребро)	Costal groove (cervical rib)
<i>Costa prima (I)</i>	Бірінші кабырға	Первое ребро	First rib
<i>Tuberculum m. Scaleni anterioris</i>	Алдыңғы сатылы бұлшықет төмпешігі	Бугорок передней лестничной мышцы	Scalene tubercle
<i>Sul. a. subclaviae</i>	Бұғана асты артериясының жүлгесі	Борозда подключичной артерии	Groove for subclavian artery
<i>Sul. v. subclaviae</i>	Бұғана асты көктамыр жүлгесі	Борозда подключичной вены	Groove for subclavian vein
<i>Costa secunda (II)</i>	Екінші кабырға (II)	Второе ребро (II)	Second rib (II)
<i>Tuberositas m. serrati anterioris</i>	Алдыңғы тісті бұлшықет бұдырмағы	Бугристость передней зубчатой мышцы	Tuberosity of the serratus anterior
<b><i>Sternum</i></b>	<b>Төс</b>	<b>Грудина</b>	<b>Sternum</b>
<i>Manubrium sterni</i>	Төс тұтқасы	Рукоятка грудины	Presternum
<i>Incisura clavicularis</i>	Бұғаналық тілік	Ключичная вырезка	Clavicular notch
<i>Incisura jugularis</i>	Мойындырық тілігі	Яремная вырезка	Jugular notch
<i>Angulus sterni (sternalis)</i>	Төс бұрышы	Угол грудины	Sternal angle
<i>Corpus sterni</i>	Төс денесі	Тело грудины	Body of sternum
<i>Processus xiphoideus</i>	Семсер тәрізді өсінді	Мечевидный отросток	Xiphoid process
<i>Incisurae costales</i>	Қабырғалық тіліктер	Реберные вырезки	Costal notchs

( <i>Ossa suprasternalia</i> )	(Төс үстілік сүйектер)	(Нагрудинные кости)	(Suprasternal bones)
<i>Compagethoracis</i>	Кеуде қуысы	Грудная клетка	Thorax
<i>Apertura thoracis superior</i>	Кеуде қуысының жоғарғы тесігі	Верхняя апертура грудной клетки	Thoracic superior inlet
<i>Apertura thoracis inferior</i>	Кеуде қуысының төменгі тесігі	Нижняя апертура грудной клетки	Lower thoracic inlet
<i>Sul. pulmonis</i>	Өкпелік жұлге	Легочная борозда	Pulmonary sulcus
<i>Arcus costalis</i>	Қабырғалық доға	Реберная дуга	Costal arch
<i>Spatium intercostale</i>	Қабырға аралық	Межреберье	Intercostal space
<i>Angulus infrasternalis</i>	Төс асты бұрышы	Подгрудинный угол	Subcostal angle

## ҚОЛ-АЯҚ СҮЙЕКТЕРІ


### ҚОЛ СҮЙЕКТЕРІ

Қол сүйектері иық белдеуі сүйектерінен және қолдың еркін бөлігінің сүйектерінен тұрады.

#### ИЫҚ БЕЛДЕУІ

**Иық белдеуі** (*cingulum membri superioris*) екі жұп сүйектен тұрады: бұғана және жауырын (15-сурет).


**Бұғана**, *clavicula*, пішіні *S* әрпіне ұқсас иілген болып келеді: денесінен, төстік және акромиалды шеттерінен тұрады (16-сурет). Бұғана қолды тұлға сүйектерімен байланыстыратын жалғыз сүйек болып табылады.



15-сурет. Иык белдеуінің сүйектері

Бұғана жіктелуі бойынша аралас сүйектерге жатады және денесі мен екі — медиалды, латералды шеттеріне бөлінеді. Қалыңдаған медиалды немесе төстік шетінде, *extremitas sternalis*, төспен буындасатын ер тәрізді буын беті, ал латералды немесе акромиалды шетінде, *extremitas acromialis*, жалпак буын беті — жауырынның акромионымен буындасатын орны болады. Төменгі бетінде конус тәрізді төмпешік, *tuberculum conoideum*, (байлам бекітін орын) орналасады. Бұғана денесінің төске жақын орналасатын медиалды шеті алға, ал латералды шеті артқа иілген.

**Жауырын**, *scapula* — II–VII қабырғалар аралығында, кеуде қуысының артқы бетіне жанасып орналасатын, үшбұрышты жалпак сүйек (17-сурет). Пішініне байланысты үш жиегін ажыратады: омыртқаға қараған медиалды жиегі, *margo medialis*, латералды жиегі, *margo lateralis*, және жауырын тілігі, *incisura scapulae*, орналасатын жоғарғы жиегі, *margo superior*. Аталған жиектер үш бұрыш арқылы қосылады: біреуі төмен бағытталады (төменгі бұрышы, *angulus inferior*), ал қалған екі бұрышы (жоғарғы бұрышы, *angulus superior*, және латералды бұрышы, *angulus lateralis*) жауырынның жоғарғы жиегінің шеттерінде орналасады. Латералды бұрыш айтарлықтай қалын



**16-сурет. Бұғана**

және латералды орналасатын, әлсіз иілген буындық ойысы, *cavitas glenoidalis*, болады. Буындық ойыстың жиегі жауырынның басқа бөліктерінен мойны, *collum scapulae*, арқылы бөлініп тұрады. Ойыстың жоғарғы жиегінің үстінде иықтың екі басты бұлшықетінің ұзын басының бекитін орны ойыс үсті төмпешігі, *tuberculum supraglenoidale*, ал төменгі жиегінің астында иықтың үш басты бұлшықетінің ұзын басы басталатын ойыс асты төмпешігі, *tuberculum infraglenoidale*, болады.

Жауырынның жоғарғы жиегінде буын ойысына жақын құс тұмсығы тәрізді өсінді, *processus coracoideus* — бұрынғы кораконд орналасады. Жауырынның қабырғаларға қараған алдыңғы қабырғалық беті, *facies costalis*, ойыстанған, жауырын асты шұңқыр, *fossa subscapularis*, деп аталады — *m. subscapularis* бекитін орын. Жауырынның артқы бетінде, *facies dorsalis*, орналасатын жауырын қылқаны, *spina scapulae*, жауырынның





17-сурет. Жауырын

артқы бетін тең емес екі шұңқырға бөледі: қылқан үсті, *fossa supraspinata*, және қылқан асты, *fossa infraspinata*. *Spina scapulae* латералды бағыттала отырып, *cavitas glenoidalis*-тың артында және үстінде орналасатын акромионмен, *acromion*, аяқталады. Ол жерде бұғанамен буындасатын ойыс — *facies articularis acromiі* болады.

Жауырын артқы рентгенограммада сәйкесінше үш жиегі, бұрыштары мен өсінділері бар үшбұрышты пішінді болады. Кейде құс тұмсығы тәрізді өсіндінің негізінде *margo superior*-да тілік, *incisura scapulae*, көрінуі мүмкін. Мұны кателесіп сүйектің бұзылу ошағымен шатастыруға болады, әсіресе бұл тілік тесікке айналғанда.


## ҚОЛДЫҢ ЕРКІН БӨЛІГІНІҢ СҮЙЕКТЕРІ

Қолдың еркін бөлігінің сүйектеріне (*skeleton membri superioris liberi*) тоқпан жілік, білек сүйектері және қол басы сүйектері жатады.

## Тоқпан жілік

Тоқпан жілік, *humerus* — ұзын, қозғалыс иінтірегі болып табылады және типті ұзын түтікті сүйек сияқты дамиды. Қызметі мен дамуына сәйкес диафизден, метафизден, эпифизден және апофизден тұрады. Жоғарғы шетінде орналасқан шар тәрізді буын бетінен тұратын басы, *caput humeri* (проксималды эпифиз) жауырынның буындық ойысымен буындасады. Басы басқа бөліктерінен жіңішке бөлігі анатомиялық мойын, *collum anatomicum*, арқылы бөлінеді (18, 19-сурет). Анатомиялық мойыннан төмен екі бұлшықеттік құрылым (апофиздер) — латералды орналасатын үлкен төмпешік, *tuberculum majus*, және оның алдында көлемі кішірек кіші төмпешік, *tuberculum minus*, орналасады. Аталған төмпешіктерден төмен қарай бұлшықеттер бекітін қырқалар бағытталады: үлкен төмпешік қырқасы, *crista tuberculi majoris*, және кіші төмпешік қырқасы, *crista tuberculi minoris*. Төмпешіктер мен қырқалар арасында иықтың екі басты бұлшықетінің ұзын басының сіңірі өтетін төмпешік аралық жүлгені, *sulcus intertubercularis*, көреміз. Төмпешіктерден төмен диафиз шекарасында орналасқан құрылым хирургиялық мойын, *collum chirurgicum* (иықтың жиі сынатын жері). Тоқпан жілік денесі жоғарғы бөлігінде цилиндр тәрізді болса, төменгі бөлігінде үш қырлы. Денесінің орта тұсының латералды бетінде аттас бұлшықет бекітін дельта тәрізді бұлшықет бұдырмағы, *tuberositas deltoidea*, орналасады. Оның артында тоқпан жілік денесінің артқы бетінде спираль тәрізденіп, медиалды жақтан латералды жаққа қарай бағыттالاتын жүлге — кәрі жілік жүйкесінің жүлгесі, *sulcus nervi radialis seu sulcus spiralis*.

Тоқпан жіліктің алға қарайтын жалпак бөлігінде орналасатын айдаршықтар, *condylus humeri*, екі жағынан — медиалды және латералды айдаршық үстімен, *epicondylus medialis et lateralis*, аяқталады (бұлшықеттер мен байламдар бекітін орын — апофиздер). Медиалды айдаршық латералдымен салыстырғанда күшті дамыған және оның артқы бетінен кәрі жілік шыбығы жүйкесінің жүлгесі, *sulcus n. ulnaris*, өтеді. Айдаршық үстерінің арасында білек сүйектерімен буындаса-



18, 19-сурет. Қолдын еркін бөлігінің сүйектері

тын буын беті болады (дисталды эпифиз). Оны екі бөлікке бөлеміз: медиалды көлденең орналасатын, ортасында ойысы бар — шығыр, *trochlea*; шынтақ жіліктің шығыршық тілігі, *incisura trochlearis*-пен буындасады; шығырдан жоғары оның алдыңғы және артқы беттерінде шұңқырлар болады: алдынан тәж тәрізді өсінді шұңқыры, *fossa coronoidea*, артынан шынтақ өсіндісі шұңқыры, *fossa olecrani*. Бұл шұңқырлардың тереңдігін оларды бөліп тұрған қалқаның өте жұқа болуынан, кейде оның тесілуінен көреміз. Шығырдан латералды шар кесіндісі түріндегі кәрі жілік басымен буындасатын орын тоқпан жілік

айдаршығының басы, *capitulum humeri*. Оның алдындағы құрылым — кәрі жіліктік шұңқыр, *fossa radialis* — кәрі жілік басының буындасатын жері.

## Білек сүйектері

Білек сүйектері ұзын түтікті сүйектерге жатады. Олар екеу: медиалды орналасатын — шынтақ жілік, *ulna*, латералды орналасатын — кәрі жілік, *radius* (18, 19-сурет). Екі сүйектің де денесі үш қырлы — үш беті мен үш жиегін ажыратады. Бір беті — артқы, екінші беті — алдыңғы және үшінші беті *radii*-де — латералды, ал *ulna*-да — медиалды. Үш жиектің біреуі өткір. Ол алдыңғы бетін артқыдан бөліп, көрші сүйекке қарап орналасып, сүйек аралық кеністікті шектеп тұрады — сүйек аралық жиек, *margo interossea*. Дененің алдыңғы бетінде орналасқан қоректік тесік, *foramen nutricium*, тамырлардың аттас өзекке өтетін жері.

**Шынтақ жілік** (немесе кәрі жілік шыбығы), *ulna*. Жоғарғы (проксималды) қалындаған шеті (эпифиз) екі өсіндіге бөлінеді: артқы қалынырақ өсінді — шынтақ өсіндісі, *olecranon* және алдыңғы кішігірім өсінді — тәж тәрізді өсінді, *processus coronoideus*. Бұл екі өсіндінің арасындағы тілік — тоқпан жілік шығырымен буындасатын шығыр тәрізді тілік, *incisura trochlearis*. Тәж тәрізді өсіндінің кәрі жілік жағында буындасу орны — кәрі жіліктік тілікті, *incisura radialis*, көреміз, ал тәж тәрізді өсіндінің алдында орналасқан шынтақ жілік бұдырмағы, *tuberositas ulnae* — *m. brachialis*, иық бұлшықетінің бекітін жері. Шынтақ жіліктің төменгі (дисталды) шетінде жалпақ буын беті бар, дөнгелектенген жері — басы, *caput ulnae* (эпифиз), оның медиалды жағынан біз тәрізді өсінді, *processus styloideus*, (апофиз) шығады. Басында кәрі жілікпен буындасу орны буындық айналым, *circumferentia articularis*, болады.

**Кәрі жілік**, *radius*. Кәрі жіліктің дисталды шеті проксималды шетімен салыстырғанда қалыңдау болады. Дөнгеленген проксималды шетіндегі басында, *caput radii* (эпифиз) *capitulum humeri*-мен буындасатын жалпақтау ұңғылды көреміз.

Кәрі жілік басының үштен бірін немесе жартысын шынтақ жіліктің *incisura radialis*-пен жанасатын буын айналымы, *circumferentia articularis*, алып жатыр. Кәрі жілік басы басқа бөлігінен мойны, *collum radii*, арқылы бөлінеді. Одан төмен алдыңғы латералды жағында иықтың екі басты бұлшықетінің бекітін бұдырмағы, *tuberositas radii*, (апофиз) орналасады. Дисталды шетінің латералды жиегі (эпифиздің) біз тәрізді өсіндіге, *processus styloideus*, (апофиз) жалғасады. Дисталды эпифизде орналасқан буын беті, *facies articularis carpea*, кайық тәрізді және жарты ай тәрізді білезік сүйектерімен буындасады.

Кәрі жіліктің дисталды шетінің медиалды жиегінде шынтақ жілік басының *circumferentia articularis*-пен буындасатын кішігірім шынтақтық тілік, *incisura ulnaris*, болады.


### Қол басы сүйектері

Қол басы (*manus*) сүйектері білезік, алақан және саусақтар құрамына кіретін бунақтардан (фалангілер) тұрады (20-сурет).

**Білезік**, *carpus*, әрқайсында 4 сүйектен болатын екі қатарда орналасқан 8 қысқа кеуекті сүйектерден, *ossa carpi*, тұрады.

Білезіктің білекке жақын орналасқан проксималды немесе бірінші қатары бас бармақтан бастап айтсақ, келесі сүйектерден тұрады: кайық тәрізді, *os scaphoideum*, жарты ай тәрізді, *os lunatum*, үш қырлы, *os triquetrum*, және бұршақ тәрізді, *os pisiforme*. Бірінші үш сүйек буындасып, білекке қарай дөңестенген эллипс тәрізді — кәрі жіліктің дисталды шетімен буындасатын буын бетін түзеді. Бұл буынға үш қырлы сүйекпен буындасатын бұршақ тәрізді сүйек қатыспайды. *M. flexor carpi ulnaris* сіңірінде дамитын бұршақ тәрізді сүйек дән тәрізді сүйекке жатады.

Білезіктің дисталды немесе екінші қатары келесі сүйектерден тұрады: трапеция сүйек, *os trapezium*, трапеция тәрізді сүйек, *os trapezoideum*, басты сүйек, *os capitatum*, және ілмек тәрізді сүйек, *os hamatum*. Сүйектер атауы олардың пішінін көрсетеді. Әр сүйектің бетінде көрші сүйекпен буындасатын буын



20-сурет. Қол басы сүйектері



20-сурет. Жалғасы. Қол басы сүйектері

беттері болады. Бұдан басқа кей сүйектерді алақан беттерінде бұлшықеттер мен байламдар бекітін төмпешіктер болады, атап айтсақ: қайық тәрізді сүйекте — *tuberculum ossis scaphoidei*, трапеция сүйекте — *tuberculum ossis trapezii*, ілмек тәрізді сүйекте оның аталуын көрсететін — ілмек, *hamulus ossis hamati*. Білезік сүйектері бір-бірімен қосылғанда сыртқы жағынан дөнес, алақан жағынан ойыс болып келетін күмбез түзеді. Білезік ойысы кәрі жілік жағынан қайық тәрізді және трапеция сүйек төмпешіктерімен түзілетін томпақ, *eminentia carpi radialis*-пен шектелетін білезік жұлгесі, *sulcus carpi*, ал шынтақ жағынан *hamulus ossis hamati* және *os pisiforme*-мен түзілетін келесі томпақ — *eminentia carpi ulnaris*-пен шектеледі.

**Алақан**, *metacarpus*, бес алақан сүйегінен, *ossa metacarpalia*, тұрады. Бұл сүйектер бір ғана шынайы эпифизи болатын (моноэпифизарлы сүйектер) қысқа түтікті сүйектерге жатады

және бас бармақтан санағандағы реті бойынша I, II, III және т.с.с. аталады. Алақан сүйектерінің әрқайсысы негізден, *basis*, диафиз немесе денеден, *corpus*, және дөңгелектенген басынан, *caput* тұрады. II–V алақан сүйектерінің проксималды шеттерінде екінші қатар сүйектерімен буындасатын, ал бүйір беттерінде бір-бірімен буындасатын жалпақ буындық фасеткалар болады. I алақан сүйегінің негізінде *os trapezium*-мен буындасатын ер тәрізді буын беті болады, ал бүйір фасеткалары болмайды. II алақан сүйегінің негізі *os trapezoideum*-мен жалғасатын бұрыш пішінді тілік түзеді; V алақан сүйегінің негізінде шынтақ жағынан төмпешік болады. Алақан сүйектерінің басында саусақтардың проксималды бунақтарымен буындасатын дөңестенген буын беті болады. Ал басының бүйір бетінде байлам бекітін орын — бұдырлы шұңқыр орналасады. Бас бармаққа жататын I алақан сүйегі ең қысқасы және ең жуаны болып табылады. Ал ең ұзыны II алақан сүйегі, одан кейін III, IV және V алақан сүйектері.

**Саусақ сүйектеріне**, *ossa digitorum manus*, бірінен кейін бірі орналасатын, бір шынайы эпифизи бар (моноэпифизарлы сүйектер), қысқа түтікті сүйектер — бунақтар жатады. Әр саусақ үш бунақтан тұрады: проксималды, *phalanx proximalis*, ортаңғы, *phalanx media*, және дисталды, *phalanx distalis*. Ал бас бармақта тек проксималды және дисталды бунақтар болады. Бунақтар тек адамда ғана жақсы дамыған, ал жануарларда әлсіз болып келеді. Проксималды бунақ негізінде алақан сүйегінің басына сәйкес келетін бір буын шұңқыры болады, ал ортаңғы және дисталды бунақтарда қырқамен бөлінген екі жалпақ шұңқыр болады. Олар сәйкес проксималды және ортаңғы бунақтардың ортасында шұңқыры бар, шығыр тәрізді болып келетін басымен буындасады. Бунақтар шеті бүріскен бұдырмен, *tuberositas phalangis distalis*, аяқталады. Қол басының алақан-бунақ және бунақ аралық буындарында сіңір бекітін жерде дән тәрізді сүйектер болады. Олар бас бармақта тұрақты, ал қалғандарында тұрақсыз.



## «ҚОЛ-АЯҚ СҮЙЕКТЕРІ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Skeleton appendiculare</i>	Қосымша канка	Добавочный скелет	Appendicular skeleton
<i>Ossamembri superioris</i>	Қол сүйектері	Кости верхней конечности	The bones of the upper limb
<i>Cingulum membri superioris</i>	Қол сүйектерінің белдеуі	Пояс верхней конечности	Belt of the upper limb
<i>Scapula</i>	Жауырын	Лопатка	Scapula
<i>Facies costalis (ventralis)</i>	Қабырғалық бет	Реберная поверхность	Costal surface
<i>Fossa subscapularis</i>	Жауырын асты шұңқыры	Подлопаточная ямка	Subscapular fossa
<i>Facies dorsalis</i>	Дорсалды бет	Дорсальная поверхность	Dorsal surface
<i>Spina scapulae</i>	Жауырын қылқаны	Ость лопатки	Spine of scapula
<i>Fossa supraspinata</i>	Қылқан үсті шұңқыры	Надостная ямка	Supraspinous fossa
<i>Fossa infraspinata</i>	Қылқан асты шұңқыры	Подостная ямка	Infraspinatus fossa
<i>Acromion</i>	Иык өсіндісі (акромион)	Акромион	Acromion
<i>Facies articularis acromialis</i>	Иык өсіндісінің буындык беті	Суставная поверхность акромиона	Articular surface of the acromial
<i>Angulus acromialis</i>	Иык өсіндісінің бұрышы	Угол акромиона	Acromial angle
<i>Margo medialis</i>	Медиалды жиек	Медиальный край	Medial border
<i>Margo lateralis</i>	Латералды жиек	Латеральный край	Lateral margin
<i>Margo superior</i>	Жоғарғы жиек	Верхний край	Upper edge

<i>Incisura scapulae</i>	Жауырын тілігі	Вырезка лопатки	Suprascapular notch
<i>Angulus inferior</i>	Төменгі бұрыш	Нижний угол	Lower corner
<i>Angulus lateralis</i>	Латералды бұрыш	Латеральный угол	Lateral angle
<i>Angulus superior</i>	Жоғарғы бұрыш	Верхний угол	Corner
<i>Cavitas glenoidalis</i>	Буындық ойық	Суставная впадина	Glenoid cavity
<i>Tuberculum supraglenoidale</i>	Буын үстілік төмпешік	Надсуставной бугорок	Supraglenoidal tubercle
<i>Tuberculum infraglenoidale</i>	Буын астылық төмпешік	Подсуставной бугорок	Infraglenoidal tubercle
<i>Collum scapulae</i>	Жауырын мойны	Шейка лопатки	Neck of scapula
<i>Processus coracoideus</i>	Құс тұмсық тәрізді өсінді	Клювовидный отросток	Coracoid process
<b><i>Clavicula</i></b>	<b>Бұғана</b>	<b>Ключица</b>	<b>Clavicle</b>
<i>Extremitas sternalis</i>	Төстік шеті	Грудинный конец	Sternal end
<i>Facies articularis sternalis</i>	Төстік буын беті	Грудинная суставная поверхность	Sternal articular surface
<i>Impressio lig. costoclavicularis</i>	Қабырға-бұғана байламның батынкысы	Вдавление реберно-ключичной связки	Impression of costoclavicular ligament
<i>Corpus claviculae</i>	Бұғана денесі	Тело ключицы	Body of clavicle
<i>Sul. m. subclavii</i>	Бұғана асты бұлшықетінің жұлгесі	Борозда подключичной мышцы	Groove for subclavian muscle
<i>Extremitas acromialis</i>	Иық өсінділік шеті	Акромиальный конец	Acromial end

<i>Facies articularis acromialis</i>	Иық өсінділік буындык беті	Акромиальная суставная поверхность	Acromial articular surface
<i>Tuberculum conoideum</i>	Конус тәрізді өсінді	Конусовидный бугорок	Conoid tubercle
<i>Linea trapezoidea</i>	Трапедия тәрізді сызык	Трапедиевидная линия	Trapezoid line
<i>Skeleton membri superioris liberi</i>	<b>Қолдың еркін бөлігінің қаңқасы</b>	<b>Скелет свободной верхней конечности</b>	<b>Skeleton of free upper limb</b>
<i>Humerus</i>	Токпан жілік	Плечевая кость	Humerus
<i>Caput humeri</i>	Токпан жіліктің басы	Головка плечевой кости	Capitellum
<i>Collum anatomicum</i>	Анатомиялық мойын	Анатомическая шейка	Anatomical neck
<i>Collum chirurgicum</i>	Хирургиялық мойын	Хирургическая шейка	Surgical neck
<i>Tuberculum majus</i>	Үлкен төмпешік	Большой бугорок	Greater tubercle
<i>Tuberculum minus</i>	Кіші төмпешік	Малый бугорок	Lesser tubercle
<i>Sul. intertubercularis</i>	Төмпешік аралық жұлге	Межбугорковая борозда	Intertubercularis sulcus
<i>Crista tuberculi majoris</i>	Үлкен төмпешік қыры	Гребень большого бугорка	Crest of greater tubercle
<i>Crista tuberculi minoris</i>	Кіші төмпешік қыры	Гребень малого бугорка	Crest of lesser tubercle
<i>Corpus humeri</i>	Токпан жіліктің денесі	Тело плечевой кости	Body of humerus
<i>Facies anterior medialis</i>	Алдыңғы медиалды бет	Медиальная передняя поверхность	Anterior medial surface

<i>Facies anterior lateralis</i>	Алдыңғы латералды бет	Латеральная передняя поверхность	Anterior lateral surface
<i>Facies posterior</i>	Артқы бет	Задняя поверхность	Posterior surface
<i>Sul. n. radialis (s. spiralis)</i>	Кәрі жілік жүйкесінің жүлгесі	Борозда лучевого нерва	Radial sulcus
<i>Margo medialis</i>	Медиалды жиек	Медиальный край	Medial border
<i>Crista supracondylaris medialis</i>	Медиалды айдаршық үсті қыры	Медиальный надмышелковый гребень	Medial supracondylar crest
<i>(Processus supracondylaris lateralis)</i>	(Айдаршық үстілік өсінді)	(Надмышелковый отросток)	(Supracondylar process)
<i>Margo lateralis</i>	Латералды жиек	Латеральный край	Lateral margin
<i>Crista supracondylaris lateralis</i>	Латералды айдаршық үсті қыры	Латеральный надмышелковый гребень	Lateral supracondylar ridge
<i>Tuberositas deltoidea</i>	Дельта тәрізді бұдырмак	Дельтовидная бугристость	Deltoid tuberosity
<i>Condylus humeri</i>	Токпан жілік айдаршығы	Мышелок плечевой кости	Condyle of the humerus
<i>Capitulum humeri</i>	Токпан жілік айдаршығының басы	Головка мышелка плечевой кости	Capitulum
<i>Trochlea humeri</i>	Токпан жілік шығыршығы	Блок плечевой кости	Humerus
<i>Fossa olecrani</i>	Шынтак өсіндісінің шұңқыры	Ямка локтевого отростка	Olecranon fossa
<i>Fossa coronoidea</i>	Тәждік шұңқыр	Венечная ямка	Coronoid fossa

<i>Fossa radialis</i>	Кәрі жіліктік шұңқыр	Лучевая ямка	Radial fossa
<i>Epicondylus medialis</i>	Медиалды айдаршық үсті	Медиальный надмыщелок	Medial epicondyle
<i>Sul. n. ulnaris</i>	Шынтақ жүйкесі жүлгесі	Борозда локтевого нерва	Sulcus of the ulnar nerve
<i>Epicondylus lateralis</i>	Латералды айдаршық	Латеральный надмыщелок	Lateral epicondyle
<b><i>Radius</i></b>	<b>Кәрі жілік</b>	<b>Лучевая кость</b>	<b>Radius</b>
<i>Caput radii</i>	Кәрі жілік басы	Головка лучевой кости	Head of radius
<i>Fovea articularis</i>	Буындық шұңқыр	Суставная ямка	Glenoid fossa
<i>Circumferentia articularis</i>	Буындық айналма	Суставная окружность	Articular circumference
<i>Collum radii</i>	Кәрі жілік мойны	Шейка лучевой кости	Neck of radius
<i>Corpus radii</i>	Кәрі жілік денесі	Тело лучевой кости	Body of radius
<i>Tuberositas radii</i>	Кәрі жілік бұдырмағы	Бугристость лучевой кости	Tuberosity of radius
<i>Facies anterior</i>	Алдыңғы беті	Передняя поверхность	Front surface
<i>Facies posterior</i>	Артқы беті	Задняя поверхность	Posterior surface
<i>Facies lateralis</i>	Латералды беті	Латеральная поверхность	Lateral surface
<i>Margo interosseus</i>	Сүйек аралық жиек	Межкостный край	Interosseous border
<i>Margo anterior</i>	Алдыңғы жиек	Передний край	Forefront
<i>Margo posterior</i>	Артқы жиек	Задний край	Posterior margin
<i>Processus styloideus</i>	Шиловидный отросток	Біз тәрізді өсінді	Styloid process

<i>Tuberculum dorsale</i>	Артқы төмпешік	Дорсальный бугорок	Dorsal tubercle
<i>Incisura ulnaris</i>	Шынтақтық тілік	Локтевая вырезка	Ulnar notch
<i>Facies articularis carpea (carpalis)</i>	Білезіктік буындық беті	Запястная суставная поверхность	Carpal articular surface
<b><i>Ulna</i></b>	<b>Шынтақ жілік</b>	<b>Локтевая кость</b>	<b>Ulna</b>
<i>Olecranon</i>	Шынтақ өсіндісі	Локтевой отросток	Olecranon
<i>Processus coronoideus</i>	Тәждік өсінді	Венечный отросток	Coronoid process
<i>Tuberositas ulnae</i>	Шынтақ жілік бұдырмағы	Бугристость локтевой кости	Tuberosity of ulna
<i>Incisura trochlearis</i>	Шығыршықтық тілік	Блоковидная вырезка	Trochlear notch
<i>Incisura radialis</i>	Кәрі жіліктік тілік	Лучевая вырезка	Radial notch
<i>Corpus ulnae</i>	Кәрі жілік денесі	Тело локтевой кости	Body of ulna
<i>Facies anterior</i>	Алдыңғы беті	Передняя поверхность	Front surface
<i>Facies posterior</i>	Артқы беті	Задняя поверхность	Posterior surface
<i>Facies medialis</i>	Медиалды беті	Медиальная поверхность	Medial surface
<i>Margo interosseus</i>	Сүйек аралық жиек	Межкостный край	Interosseous border
<i>Margo anterior</i>	Алдыңғы жиегі	Передний край	Forefront
<i>Margo posterior</i>	Артқы жиек	Задний край	Posterior margin
<i>Crista m. supinatoris</i>	Супинатор қыры	Гребень супинатора	Supinator crest

<i>Caput ulnae</i>	Шынтак жілік басы	Головка локтевой кости	Head of ulna
<i>Circumferentia articularis</i>	Буындык айналма	Суставная окружность	Articular circumference
<i>Processus styloideus</i>	Біз тәрізді өсінді	Шиловидный отросток	Styloid process
<b><i>Carpus</i></b>	<b>Білезік</b>	<b>Запястье</b>	<b>Wrist</b>
<b><i>Ossacarpi (carpalia)</i></b>	<b>Білезік сүйектері</b>	<b>Кости запястья</b>	<b>Carpal bones</b>
<i>(Os centrale)</i>	Орталық сүйек	Центральная кость	Central bone
<i>Os scaphoideum</i>	Қайық тәрізді сүйек	Ладьевидная кость	Scaphoid bone
<i>Tuberculum ossis scaphoidei</i>	Қайық тәрізді сүйек төмпешігі	Бугорок ладьевидной кости	Tubercle of scaphoid bone
<i>Os lunatum</i>	Жарты ай тәрізді сүйек	Полулунная кость	Lunate bone
<i>Os triquetrum</i>	Үш қырлы сүйек	Трехгранная кость	Triquetrum bone
<i>Os pisiforme</i>	Бұршақ тәрізді сүйек	Гороховидная кость	Pisiform bone
<i>Os trapezium</i>	Трапедия-сүйек	Кость-трапедия	Bone-trapezium
<i>Tuberculum ossis trapezii</i>	Трапедиялық сүйек төмпешігі	Бугорок кости-трапедии	Tubercle of trapezium bone
<i>Os trapezoideum</i>	Трапедия тәрізді сүйек	Трапедиевидная кость	Trapezoid bone
<i>Os capitatum</i>	Басты сүйек	Головчатая кость	Capitatum bone
<i>Os hamatum</i>	Ілмек тәрізді сүйек	Крючковидная кость	Uncinatum bone

<i>Hamulus ossis hamati</i>	Ілмек тәрізді сүйектің ілмегі	Крючок крючковой кости	Hook of hamate bone
<i>Sul. capri</i>	Білезік жұлгесі	Борозда запястья	Carpal groove
<b>Metacarpus</b>	<b>Алақан сүйектері</b>	<b>Пясть</b>	<b>Metacarpus</b>
<b><i>Ossa metacarpi (metacarpalia) (I–V)</i></b>	<b>I–V алақан сүйектері</b>	<b>I–V пястные кости</b>	<b>I–V metacarpals</b>
<i>Basis</i>	Негізі	Основание	Base
<i>Corpus</i>	Денесі	Тело	Body
<i>Caput</i>	Басы	Головка	Head
<i>Os metacarpale [tertium (III)]</i>	III алақан сүйегі	III пястная кость	III metacarpal bone
<i>Processus styloideus</i>	Шиловидный отросток	Біз тәрізді өсінді	Styloid process
<b><i>Digiti</i></b>	<b>Саусақтар</b>	<b>Пальцы</b>	<b>Fingers</b>
<b><i>Phalanges</i></b>	<b>Бунақтар</b>	<b>Фаланги</b>	<b>Phalanx</b>
<i>Phalanx proximalis</i>	Проксималды бунақ	Проксимальная фаланга	Proximal phalanx
<i>Phalanx media</i>	Ортанғы бунақ	Средняя фаланга	Middle phalanx
<i>Phalanx distalis</i>	Дисталды бунақ	Дистальная фаланга	Distal phalanx
<i>Tuberositas phalangis distalis</i>	Дисталды бунақтың бұдырмағы	Бугристость дистальной фаланги	Tuberosity of distal phalanx
<i>Basis phalangis</i>	Бунақтың негізі	Основание фаланги	Phalanx base
<i>Corpus phalangis</i>	Бунақтың денесі	Тело фаланги	The body of the phalanx



<i>Caput phalangis</i>	Бунақтың басы	Головка фаланги	Head of the phalanx
<i>Ossa sesamoidea</i>	Дән тәрізді сүйектер	Сесамовидные кости	Sesamoid bones

## АЯҚ СҮЙЕКТЕРІ


### ЖАМБАС БЕЛДЕУІНІҢ СҮЙЕКТЕРІ

Жамбас белдеуінің сүйектері (*cingulum membri inferioris*) жұп жамбас сүйектерінен тұрады.

#### Жамбас сүйегі

Жамбас сүйегі, *os coxae*, жалпақ сүйектерге жатады; қызметі қозғалыс (сегізкөз бен ортан жілік буындасуына катысады), қорғаныш (жамбаста орналасқан ағзаларға) және тірек (дененің жоғары орналасқан бөліктерінің салмағы аяққа түседі). Соңғы қызметінің басымдығын жамбас сүйектерінің құрылысының күрделілігінен және жеке үш сүйек — мықын, *os ilium*, қасаға, *os pubis*, шонданайдан, *os ischii*, түзілетінінен көреміз (21-сурет). Аталған үш сүйек ең көп салмақ түсетін жерде, яғни аяқтың бос бөлігімен буындасатын буын шұңқыры болып табылатын ұршық ойысы аймағында бірігеді.

Ұршық ойысының жоғарында мықын сүйегі, алдыңғы төмен жағында — қасаға, ал артқы төмен жағында — шонданай сүйектері орналасады. Бұл үш сүйек 16 жасқа дейін шеміршекпен бөлінген, ал ересек адамдарда сүйектенеді, яғни синхондроз синостозға ауысады. Нәтижесінде үш жеке сүйектен мықты, барлық тұлға мен басқа тірек болатын бір сүйек түзіледі (22-сурет). Ұршық ойысы, *acetabulum* (*acetum* — сірке суы), жамбас сүйегінің сыртқы жағында орналасып, ортан жілік басымен буындасады. Пішіні терең дөңгеленген шұңқыр тәрізденіп, медиалды жағынан, *incisura acetabuli*, болатын биік жиекпен шектеледі. Ұршық ойысының жарты ай тәрізді буын беті, *facies lunata*, орналасатын буындық беті тегіс, ал тілікке



21-сурет. Жамбас сүйек

жақын жатқан орталық шұңқыры, *fossa acetabuli*, аймағы бұдырлы.


**Мықын сүйегі**, *os ilium*, төменгі, қалың болып келетін денесі, *corpus ossis ilii*, арқылы ұршық шұңқыры аймағында жамбас сүйегінің қалған сүйектерімен бітіседі; жоғарғы, жайылған және жұқалау бөлігі мықын сүйегінің канатын, *ala ossis ilii*, құрайды. Мықын сүйегінің бедері сінір бекітін жерлерде — қырқалар, сызықтар және қылқандар, ал етті бөлігі бекітін жерлерде — шұңқырлар түзетін бұлшықеттермен түзіледі. Іштің үш жалпақ бұлшықеті бекітін жоғарғы бос жиегі қалыңдаған, *S мәрізді* иілген қырка, *crista iliaca*, түзеді. Қырка алдыңғы жағынан алдыңғы жоғарғы қылқан, *spina iliaca anterior superior*, ал артқы жағынан — артқы жоғарғы қылқанмен, *spina iliaca posterior superior*, аяқталады. Бұл қылқандардан төмен қырканың алдыңғы және артқы жиектерінде алдыңғы төменгі және артқы төменгі қылқандар: *spina iliaca anterior inferior* және *spina iliaca posterior inferior* болады. Төменгі қылқандар жоғарғысынан тілік арқылы бөлінген. Алдыңғы төменгі қылқаннан алға және

төмен, мыкын сүйегінің қасаға сүйегімен қосылатын жерінде мыкын-қасаға томпағы, *eminentia iliopubica*, ал артқы төменгі қылқаннан төмен, шонданай сүйегінде орналасатын шонданай қылқанымен, *spina ischiadica*, шектелетін терен үлкен шонданай тілігі, *incisura ischiadica major*, орналасады. Мыкын сүйегі қанатының ішкі беті тегіс, иілген және дененің вертикалды жағдайында ішкі ағзаларды ұстап тұруымен байланысты түзілетін мыкын шұңқыры, *fossa iliaca*, болады. Одан артқа және төмен сегізкөздің аттас бетімен буындасатын құлак тәрізді буын беті, *facies auricularis*, ал буын бетінен артқа және жоғары сүйек аралық сегізкөз-мыкын байламы бекитін мыкын сүйегінің бұдырмағы, *tuberositas iliaca*, орналасады. Мыкын шұңқыры төмен орналасқан мыкын сүйегі денесінің ішкі бетінен доға тәрізді иілген жиек, *linea arcuata*, арқылы бөлінеді. Мыкын қанатының сыртқы бетінде бөксе бұлшықеттерінің бекитін орындары — алдыңғы, артқы және төменгі сызықтарды (*lineae gluteae anterior, posterior et inferior*) көруге болады.

**Қасаға сүйегі**, *os pubis*, ұршық ойысын құруға қатысатын қысқа, қалың денесінен, *corpus ossis pubis* және бір-біріне бұрыш жасай орналасатын жоғарғы, төменгі тармақтарынан, *ramus superior* және *ramus inferior ossis pubis* тұрады. Бұрыштың орта сызыққа бағытталған ұшында екінші аттас сүйекпен буындасатын сопақша симфиздік буын беті, *facies symphysealis*, болады. Бұл беттен 2 см-дей латералды орналасқан кішігірім қасаға төмпешігінен, *tuberculum pubicum*, басталып, *ramus superior*-дың жоғарғы бетінің артқы жиегін бойлай өтетін мыкын қырқасы, *pecten ossis pubis*, жоғарыда келтірілген мыкын сүйегінің *linea arcuata*-сына жалғасады. Қасаға сүйегінің жоғарғы тармағының төменгі бетінде жапқыш тамырлар мен жүйкелер өтетін жұлге, *sulcus obturatorius*, болады.

**Шонданай сүйегінде**, *os ischii*, қасаға сүйегі сияқты ұршық ойысын түзуге қатысатын дене, *corpus ossis ischii*, мен ұшы қатты қалындап, шонданай төмпесі, *tuber ischiadicum*, түзетін тармақтан, *ramus ossis ischii*, тұрады. Денесінің артқы жиегінде, шонданай төмпесінен жоғары үлкен шонданай тілігінен, *incisu-*

*ra ischiadica major*, шонданай қылқаны, *spina ischiadica*, арқылы бөлініп тұратын кіші шонданай тілігі, *incisura ischiadica minor*, болады. Шонданай сүйегінің тармағы шонданай төмпесінен шыққаннан кейін қасаға сүйегінің төменгі тармағымен қосылады. Нәтижесінде қасаға және шонданай сүйектерінің тар-




**22-сурет.** Жамбас сүйегі: 1 — құлақ тәрізді бет; 2 — бұдырмак; 3 — мықын сүйегінің артқы жоғарғы қылқаны; 4 — мықын қыры; 5 — бұдырлы сызык; 6 — бөкселік бет; 7 — мықын сүйегінің алдыңғы жоғарғы қылқаны; 8 — мықын сүйегінің алдыңғы төменгі қылқаны; 9 — қасаға сүйегінің жоғарғы тармағы; 10 — мықын сүйегінің төменгі тармағы; 11 — шонданай сүйек тармағы; 12 — шонданай төмпесі; 13 — шонданайдың кіші тілігі; 14 — шонданай қылқаны; 15 — шонданай сүйек денесі; 16 — мықын сүйегінің артқы төменгі қылқаны; 17 — шонданай сүйек тармағы; 18 — мықын сүйегінің төменгі тармағы; 19 — қасаға сүйек денесі; 20, 23 — қасаға қыры; 21 — қасаға төмпешігі; 22 — қасаға сүйегінің жоғарғы тармағы; 24 — жапқыш жүлгесі; 25 — мықын-қасаға томпағы; 26 — мықын сүйегінің денесі; 27 — доға тәрізді сызык; 28 — мықын шұңқыры

мактары ұршық ойысынан төмен, медиалды орналасатын, пішіні бұрыштары дөңгеленген үшбұрыш тәрізді болып келетін жапқыш тесік, *foramen obturatum*, түзеді.

### Тұтас жамбас сүйегі

Екі жамбас сүйегі бір-бірімен және сегізкөз сүйегімен буындасып, тұлға мен аяқтың бос бөлігін байланыстыратын сүйекті сақина — жамбас, *pelvis*, құрайды (23-сурет). Жамбастың сүйекті сақинасы екіге бөлінеді: үлкен, жоғарғы бөлігі — үлкен жамбас, *pelvis major*, кішірек, төменгі бөлігі — кіші жамбас, *pelvis minor*. Үлкен жамбас тек бүйір жақтарынан ғана кең жайылған мықын сүйектерімен шектеледі. Алдыңғы жағында сүйекті қабырғасы болмайды, ал артқы жағынан бел омыртқаларымен шектеледі. Кіші жамбастың үлкен жамбастан бөліп тұрған жоғарғы шекарасын түзетін шекаралық сызық, *linea terminalis* мүйістен, *promontorium* мықын сүйектерінің *lineae arcuatae*-сына, қасаға сүйектерінің қырқасы мен қасаға симфизінің жоғарғы жиегінен түзіледі. Бұл шектелген тесік *apertura pelvis superior* деп аталады. Кіретін тесіктен төмен кіші жамбас қуысы, *cavum pelvis* орналасады. Жамбас қуысының қасаға сүйектері мен олардың буындасуынан түзілген алдыңғы қабырғасы қысқа. Ал артқы қабырғасы керісінше ұзын және сегізкөз бен құйымшактан тұрады. Кіші жамбас қуысының бүйір қабырғаларын ұршық ойысына сәйкес келетін жамбас сүйектерінің бөліктері және шонданай сүйегі мен оған сегізкөзден келетін байламдар құрайды. Жамбас қуысы төменгі жағынан қасаға және шонданай сүйектерінің тармақтарымен, шонданай төмпесімен, сегізкөзден шонданайға келетін байламдармен және құйымшакпен шектелетін жамбастың төменгі апертурасымен, *apertura pelvis inferior*, аяқталады. Акушерлер жамбасты циркуль көмегімен өлшейді. Үлкен жамбасты өлшегенде үш көлденең көлемін анықтайды.

1. Екі *spina iliaca anterior superior* аралығы — *distantia spinarum*, 25–27 см-ге тең.
2. Екі *crista iliaca* аралығы — *distantia cristarum*, 28–29 см-ге тең.



23-сурет. Тұтас жамбас сүйегі

3. Екі *trochanter major* аралығы — *distantia trochanterica*, 30–32 см-ге тең.

Содан кейін сыртқы тік өлшемін анықтайды.

4. Симфиз бен соңғы бел және I сегізкөз арасындағы ұнғыл аралығы 20–21 см-ге тең. Жамбастың шынайы тік өлшемін (*conjugata vera*) анықтау үшін сыртқы тік өлшем санынан 9,5–10 см алып тастайды. Сонда *conjugata vera s. gynecologica* — әдетте, 11 см-ге тең өлшем шығады.

5. Мықын сүйектерінің алдыңғы жоғарғы және артқы жоғарғы қылқандарының арасындағы өлшем (бүйір конъюгата) 14,5–15 см-ге тең.

6. Кіші жамбас кіреберісінің көлденең өлшемін анықтау үшін (13,5–15 см) *distantia cristarum*-ды (29 см) екіге бөліп, одан 14–15 см-ды алып тастайды.

7. Кіші жамбастың шығатын тесігінің көлденең өлшемін анықтау үшін (11 см) циркульды шонданай төмпелерінің ішкі жиегіне қойып, алынған 9,5 см-ге жұмсақ тіндер қалыңдығы есебінен 1–1,5 см қосады.

8. Кіші жамбастың шығатын тесігінің тік өлшемін өлшегенде (9–11 см) циркульды құйымшақ ұшы мен симфиздің төменгі жиегіне қойып, алынған 12–12,5 см-ден сегізкөз бен жұмсақ тіндер қалыңдығы 1,5 см-ді алып тастайды.

## «АЯҚ СҮЙЕКТЕРІ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Ossa membri inferioris</i>	Аяқ сүйектері	Кости нижней конечности	Bones of the lower limbs
<i>Cingulum membri inferioris</i>	Аяқ сүйектерінің белдеуі	Пояс нижней конечности	Belt of a lower limb
<i>Oscoxae</i>	Жамбас сүйек	Тазовая кость	Hip bone
<i>Acetabulum</i>	Ұршық ойысы	Вертлужная впадина	Acetabulum
<i>Limbus (margo) acetabuli</i>	Ұршық ойысының жиегі	Край вертлужной впадины	Edge of the acetabulum

<i>Fossa acetabuli</i>	Ұршық ойысы- нын шұңқыры	Ямка вертлуж- ной впадины	Acetabular fossa
<i>Incisura acetabuli</i>	Ұршық ойысынын тілігі	Вырезка вертлужной впадины	Acetabular notch
<i>Facies lunata</i>	Жарты ай тәрізді беті	Полулунная поверхность	Lunate surface
<i>For. obturatum</i>	Жапқыш тесік	Запирательное отверстие	Obturator hole
<b><i>Osilium</i></b>	<b>Мықын сүйек</b>	<b>Подвздошная кость</b>	<b>Ilium</b>
<i>Corpus ossis ilii</i>	Мықын сүйегінің денесі	Тело подвздош- ной кости	Body of ilium
<i>Sulcus supra- acetabularis</i>	Ұршық үсті жүлгесі	Надвертлужная борозда	Supra-acetabular sulcus
<i>Ala ossis ilii</i>	Мықын сүйегі- нің канаты	Крыло под- вздошной кости	Wing of the ilium
<i>Linea arcuata</i>	Доға тәрізді сызық	Дугообразная линия	Arcuate line
<i>Crista iliaca</i>	Мықын қыры	Подвздошный гребень	Iliac crest
<i>Labium externum</i>	Сыртқы ернеу	Наружная губа	External lip
<i>Tuberculum iliacum</i>	Мықын төмпешігі	Подвздошный бугорок	Iliac tubercle
<i>Linea intermedia</i>	Аралық сызық	Промежуточная линия	Intermediate line
<i>Labium internum</i>	Ішкі ернеу	Внутренняя губа	Inner lip
<i>Spina iliaca anterior superior</i>	Мықын сүйегі- нің алдыңғы жоғарғы кылканы	Верхняя передняя подвздошная кость	Anterior superior iliac spine




<i>Spina iliaca anterior inferior</i>	Мыкын сүйегінің алдыңғы төменгі кылқаны	Нижняя передняя подвздошная ость	Anterior inferior iliac spine
<i>Spina iliaca posterior superior</i>	Мыкын сүйегінің артқы жоғарғы кылқаны	Верхняя задняя подвздошная кость	Posterior superior iliac spine
<i>Spina iliaca posterior inferior</i>	Мыкын сүйегінің артқы төменгі кылқаны	Нижняя задняя подвздошная ость	Posterior inferior iliac spine
<i>Fossa iliaca</i>	Мыкын шұңқыры	Подвздошная ямка	Iliac fossa
<i>Facies glutea</i>	Бөкселік бет	Ягодичная поверхность	Gluteal surface
<i>Linea glutea anterior</i>	Алдыңғы бөкселік сызық	Передняя ягодичная линия	Anterior gluteal line
<i>Linea glutea posterior</i>	Артқы бөкселік сызық	Задняя ягодичная линия	Posterior gluteal line
<i>Linea glutea inferior</i>	Төменгі бөкселік сызық	Нижняя ягодичная линия	Inferior gluteal line
<i>Facies sacropelvina</i>	Сегізкөз-жамбастык бет	Крестцово-тазовая поверхность	Sacro-pelvic surface
<i>Facies auricularis</i>	Құлақ тәрізді бет	Ушковидная поверхность	Auricular surface
<i>Tuberositas iliaca</i>	Мыкын бұдырмағы	Подвздошная бугристость	Iliac tuberosity
<b><i>Os ischii</i></b>	<b>Шонданай сүйек</b>	<b>Седалищная кость</b>	<b>Ischium</b>
<i>Corpus ossis ischii</i>	Шонданай сүйек денесі	Тело седалищной кости	Body of ischium
<i>R. ossis ischii</i>	Шонданай сүйек тармағы	Ветвь седалищной кости	Branch of the ischium
<i>Tuber ischiadicum</i>	Шонданай төмпесі	Седалищный бугор	Ischial tuberosity

<i>Spina ischiadica</i>	Шонданай кылқаны	Седалищная ость	Ischial spine
<i>Incisura ischiadica major</i>	Шонданайдын үлкен тілігі	Большая седалищная вырезка	Greater sciatic notch
<i>Incisura ischiadica minor</i>	Шонданайдын кіші тілігі	Малая седалищная вырезка	Lesser sciatic notch
<b><i>Os pubis</i></b>	<b>Қасаға сүйек</b>	<b>Лобковая кость</b>	<b>Pubis</b>
<i>Corpus ossis pubis</i>	Қасаға сүйек денесі	Тело лобковой кости	The body of the pubic bone
<i>Tuberculum pubicum</i>	Қасаға төмпешігі	Лобковый бугорок	Pubic tubercle
<i>Facies symphyialis</i>	Симфиздік бет	Симфизиальная поверхность	Symphysial surface
<i>Crista pubica</i>	Қасаға қыры	Лобковый гребень	Pubic crest
<i>R. superior ossis pubis</i>	Қасаға сүйегінің жоғарғы тармағы	Верхняя ветвь лобковой кости	Superior pubic ramus
<i>Eminentia iliopubica</i>	Мыкын-қасаға томпағы	Подвздошно-лобковое возвышение	Ilio-pubic eminence
<i>Pecten ossis pubis</i>	Қасаға сүйегінің қыры	Гребень лобковой кости	Pubic bone pecten
<i>Crista obturatoria</i>	Жапқыш тесік қыры	Запирательный гребень	Obturator crest
<i>Sul. obturatorius</i>	Жапқыш тесік жұлгесі	Запирательная борозда	Obturator groove
<i>Tuberculum obturatorium anterius</i>	Алдыңғы жапқыш төмпешігі	Передний запирательный бугорок	Anterior obturator tubercle
<i>(Tuberculum obturatorium posterius)</i>	<i>(Артқы жапқыш төмпешігі)</i>	<i>(Задний запирательный бугорок)</i>	<i>(Posterior obturator tubercle)</i>

<i>R. inferior ossis pubis</i>	Мықын сүйегінің төменгі тармағы	Нижняя ветвь лобковой кости	Inferior pubic ramus
<b><i>Pelvis</i></b>	<b>Жамбас астауы</b>	<b>Таз</b>	<b>Pelvis</b>
<i>Arcus pubis</i>	Қасаға доғасы	Лобковая дуга	Pubic arch
<i>Angulus subpubicus</i>	Қасаға бұрышы	Подлобковый угол	Subpubic angle
<i>Pelvis major</i>	Үлкен жамбас астауы	Большой таз	Large pelvis
<i>Pelvis minor</i>	Кіші жамбас астауы	Малый таз	Small pelvis
<i>Linea terminalis</i>	Шекаралық сызық	Пограничная линия	Terminal line
<i>Apertura pelvis superior</i>	Жамбас астауының жоғарғы тесігі	Верхняя апертура таза	The upper aperture of the pelvis
<i>Apertura pelvis inferior</i>	Жамбас астауының төменгі тесігі	Нижняя апертура таза	Lower aperture of the pelvis
<i>Axis pelvis</i>	Жамбас астау білігі	Ось таза	Axis of the pelvis
<i>Conjugata</i>	Конъюгата	Конъюгата	Conjugate
<i>Diameter transversa</i>	Көлденен диаметр	Поперечный диаметр	Transverse diameter
<i>Diameter obliqua</i>	Қиғаш диаметр	Косой диаметр	Oblique diameter
<i>Inclinatio pelvis</i>	Жамбас еңкіші	Наклон таза	Tilt of the pelvis

## АЯҚТЫҢ ЕРКІН БӨЛІГІНІҢ СҮЙЕКТЕРІ

Аяқтың еркін бөлігінің сүйектері (*skeleton membri inferioris liberi*) ортан жіліктен, екі сирақ сүйегінен және аяқ басы сүйектерінен тұрады (24-сурет). Бұдан басқа ортан жілікке кішігірім (дән тәрізді) сүйек — тізе тобығы жанасып жатады.



24-сурет. Аяқтың еркін бөлігінің сүйектері

## Ортан жілік

Ортан жілік, *femor*, барлық түтікті сүйектердің арасындағы ең үлкені және жуаны. Ол барлық сүйектер сияқты ұзын қозғалыс иіңтірегі болып табылады және дамуына сәйкес диафизден, метафизден, эпифизден және апофизден тұрады. Ортан жіліктің жоғарғы (проксимальды) шетінде дөңгеленген буындық бас, *caput femoris* (эпифиз), басында ортасынан төменірек ортан жілік басы байламының бекітін жері, кішігірім бұдырлы сызық, *fovea capitis femoris*, болады. Басы сүйектің басқа бөліктерімен ортан жілік денесі білігіне доғал бұрыш (114–153° аралығында) жасай орналасатын мойын, *collum femoris* арқылы байланысады; бұл бұрыш әйел адамдарда жамбас көлемінің үлкен болуына байланысты тікке жақындайды. Мойынның ортан жілік денесіне ауысатын жерінде ұршық (апофиздер) деп аталатын екі сүйекті төмпе болады. Үлкен ұршық, *trochanter major*, ортан жілік денесінің жоғарғы шеті болып табылады. Оның мойынға қараған медиалды бетінде ұршық шұңқыры, *fossa trochanterica*, болады.

Кіші ұршық, *trochanter minor*, мойынның төменгі жиегінде, медиалды және сәл артқа қарай орналасады. Екі ұршық ортан жіліктің артқы бетінде қиғаш орналасатын ұршық аралық қырка, *crista intertrochanterica*, арқылы, ал алдыңғы бетінде ұршық аралық сызық, *linea intertrochanterica*, арқылы қосылады. Бұл құрылымдар — ұршықтар, қырқалар, сызықтар мен шұңқыр бұлшықеттер бекуінен түзіледі.

Ортан жілік денесінің пішіні дөңгеленген — үш қырлы, алға қарай кішкене иілген; артқы бетінде сан бұлшықеттерінің бекітін орны — латералды ернеу, *labium laterale*, мен медиалды ернеуден, *labium mediale*, тұратын, *linea aspera* (бұдырлы сызық) болады. Ернеулердің проксимальды шетінде бекітін бұлшықеттермен аттас орындар:

- ✧ латералды — бөксе бұдырмағы, *tuberositas glutea*;
- ✧ медиалды — қырқалы сызық, *linea pectinea*, орналасады.

Ернеулер төменгі жағынан екіге бөлініп, ортан жіліктің артқы бетінде тегіс, үшбұрышты алаң тақымдық бетті, *facies poplitea*, шектейді.

Ортан жіліктің төменгі (дисталды) қалындаған шеті екі артқа қарай дөнестенген айдаршықтар, *condylus medialis* және *condylus lateralis* (эпифиз) түзеді, медиалдысы латералдымен салыстырғанда төмен қарай иілген болып келеді. Бірақ айдаршықтар арасындағы мұндай айырмашылықтарға қарамастан олар бір деңгейде орналасады, бұл ортан жіліктің қалыпты жағдайда қиғаш, сондай-ақ төменгі шеті жоғарғы шетімен салыстырғанда орта сызыққа жақын орналасуына байланысты. Айдаршықтардың буындық беттері алдыңғы жағынан бір-біріне өтіп, тізені жазған кезде *patella*-ның артқы бетімен жанасатын, сагитталды бағытта орналасатын *facies patellaris* түзеді. Айдаршықтар төменгі және артқы жағынан терең айдаршық аралық шұңқыр, *fossa intercondylaris*, арқылы бөлінеді. Әр айдаршықтың бүйір жағында, буын бетінен жоғары бұдырлы томпақ: медиалды айдаршықта — *epicondylus medialis* және латералды айдаршықта — *epicondylus lateralis* орналасады.

**Тізе тобығы, *patella***, тізе буынының алдынан өтетін төрт басты бұлшықет сінірінің арасында орналасатын үлкен дән тәрізді сүйек. Оның жоғарғы жалпақ шеті — негізін, *basis patellae* және төменгі үшкірленген шеті — ұшын, *apex patellae*, ажыратады. Артқы бетінде ортан жіліктің *facies patellaris*-мен буындасатын тегіс буын беті, *facies articularis*, болады.

## СИРАҚ СҮЙЕКТЕРІ

Сирақ сүйектері қалыңдығы әр түрлі екі ұзын түтікті сүйек — асықты жілік пен асықты жілік шыбығынан тұрады. Біріншісі — медиалды, ал екіншісі — латералды орналасады. Сирақ сүйектерінен тек асықты жілік қана тізе буынының көмегімен ортан жілікпен байланысады. Аяқтың тұлға ауырлығы тірек алаңына берілетін, механикалық деп аталатын вертикалды білігі ортан жілік басының орталығынан тізе буынының ортасы арқылы сирақ-топай ортасына өтеді; ол төменгі жағынан ортан жіліктің бойлық білігімен шектеседі, сөйтіп ортан жілік арқылы дененің барлық ауырлығы өтетіндіктен, ол кіші жіліншікке қарағанда қалың болады. Кейде ортан жілік ме-

ханикалық біліктен медиалды немесе латералды жаққа қарай ауытқиды, нәтижесінде, ортан жілік пен сирақ сүйектерінің арасындағы бұрыш өткірленеді немесе доғалданады. Егер бұл ауытқулар айқын болса, біріншісінде аяқ — Х тәрізді, *genu valgum*, ал екіншісінде — О тәрізді, *genu varum*, деп аталады.

**Асықты жілік, *tibia*.** Оның проксималды шеті (эпифиз) медиалды және латералды айдаршықтар, *condylus medialis et condylus lateralis*, түзеді. Айдаршықтардың ортан жілікке қараған бетінде ортан жіліктің буын беттерімен буындасатын әлсіз иілген жоғарғы буындық бет, *facies articularis superior*, орналасады. Асықты жілік айдаршықтарының екі буындық беттері де бір-бірінен екі төмпешік — *tuberculum intercondylar mediale et laterale*-ден тұратын айдаршық аралық томпақ, *eminentia intercondylaris*, арқылы бөлінеді. Бұл томпақтың алдыңғы және артқы беттерінде кішігірім айдаршық аралық алаң, *area intercondylaris anterior* және *area intercondylaris posterior* болады (бұл құрылымдарға буын ішілік байламдар бекиді). Буын беттері қалыңдаған жиекпен шектеледі (метафиз, буын қапшығының бекитін орны). Асықты жіліктің алдыңғы бетінде, алдыңғы алаңнан төмен төрт басты бұлшықет сіңірінің (тізе тобығы байламы ретінде) бекитін орны, көлемді бұдырмақ, *tuberositas tibiae* (апофиз), орналасады. Латералды айдаршықтың артқы бүйір бөлігінің аймағындағы жалпақ буын беті — асықты жілік шыбығы басының буындасатын орны, *facies articularis fibularis*. Асықты жілік денесі үш қырлы, оның 3 қырын немесе жиегін ажыратады: алдыңғы, *margo anterior*, медиалды, *margo medialis*, және сүйек аралық жарғақ, *margo interossea*, бекитін, кіші жіліншікке қараған латералды жиек. Үш қырының арасында үш беті орналасады: артқы, *facies posterior*, медиалды, *facies mediales* және латералды, *facies lateralis*. Медиалды беті мен алдыңғы (ен қырлы) жиегі тері астынан анық байқалады. Ортан жіліктің дисталды шетінің (эпифиз) медиалды бетінің төменгі жағында мықты өсінді — медиалды толарсақ, *malleolus medialis*, болады. Оның артында сіңір өтетін орын, жалпақ сүйекті жұлге, *sulcus malleolaris*, орналасады. Асықты жіліктің төменгі шетінде

аяқ басы сүйектерімен буындасатын орын, *facies articularis inferior* және медиалды толарсақтың латералды жағында — *facies articularis malleoli*-ды көреміз. Ортан жіліктің дисталды шетінің латералды жиегінде асықты жілік жіліншігінің буындасатын тілігі, *incisura fibularis*, болады.


**Асықты жілік шыбығы (кіші жіліншік), *fibula*** (грек. *perone*), шеттері қалыңдаған, жінішке, ұзын түтікті сүйек. Жоғарғы (проксималды) эпифизі жалпақ, дөңгелектенген буын беті, *facies articularis capitis fibulae*, арқылы асықты сүйектің латералды айдаршығымен буындасатын басын, *caput fibulae*, түзеді. Буын бетінен артқа және бүйірге қарай сүйекті құрылым кіші жіліншік басының ұшы, *apex capitis fibulae*, болады. Асықты жіліншік денесі үш қырлы және өзінің бойлық білігі бойынша аздап бұралған. Диафизінің ортан жілікке қараған және сүйек аралық жарғақ, *tubercula interossea cruris*, бекітін беті сүйек аралық жиек, *margo interossea*. Асықты жілік жіліншігінің төменгі (дисталды) эпифизі қалыңдап, тегіс буын беті, *facies articularis malleoli*, болатын латералды толарсаққа, *malleolus lateralis*, жалғасады.

## АЯҚ БАСЫНЫҢ СҮЙЕКТЕРІ

Аяқ басында (*pedis*) тілерсекті, табан сүйектерін және бақайларды ажыратады (25-сурет).

**Тілерсек, *tarsus***, білезік сүйектері сияқты екі қатар орналасқан жеті қысқа кеуекті сүйектерден, *ossa tarsi*, тұрады. Артқы немесе проксималды қатар екі салыстырмалы ірі сүйек: асық сүйек немесе топай және оның астында орналасқан өкше сүйектерінен тұрады. Алдыңғы немесе дисталды қатар медиалды және латералды бөліктерден тұрады. Медиалды бөлікті қайық тәрізді және үш сына тәрізді сүйектер құрайды. Латералды бөлікте текше сүйек орналасады. Адам денесінің вертикалды жағдайына байланысты аяқ басына жоғары орналасқан барлық дене бөліктерінің салмағы түсетіндіктен адам тілерсегі сүйектерінің құрылысы жануарлармен салыстырғанда ерекше.





25-сурет. Аяқ басының сүйектері

Сонымен, аяқ басының негізгі тірек пункттерінің бірінде орналасатын өкше сүйегінің көлемі адамда үлкен, мықты және пішіні алдан артқа қарай ұзарған, артқы шеті өкше төмпесі, *tuber calcanei*, түрінде қалыңдаған. Топай сүйек жоғарынан сирақ сүйектерімен және алдыңғы жағынан кайық тәрізді сүйекпен буындасатындықтан көлемі мен пішіні үлкен және буын беттері болады. Тілерсектің үлкен салмақ түсетін қалған сүйектерінің де көлемдері салыстырмалы үлкен және аяқ басының күмбезді пішініне бейімделген.

❖ **Асық сүйек немесе топай, *talus***, алдыңғы жағынан жіңішкерген мойнына, *collum tali* жалғасатын, артқы жағынан кайық тәрізді сүйекпен буындасатын буын бетімен, *facies articularis navicularis*, аяқталатын сопақша дөңестенген денеден, *corpus tali* тұрады. Асық сүйектің жоғарғы бетінде балтыр сүйектерімен буындасатын шығыр, *trochlea tali* болады. Шығырдың асықты жіліктің дисталды буын бетімен буындасатын алдан артқа қарай дөңестенген, фронталды бағытта аздап ойыстанған жоғарғы беті, *facies superior*. Оның екі бүйір бетінде орналасқан шығырдың буын беттері, *facies malleolares medialis et lateralis*, толарсақтардың буындасатын орындары болып табылады. Латералды толарсақтық буын беті, *facies malleolaris lateralis* төменгі жағынан асық сүйек денесінен шығатын бүйір өсіндіге, *processus lateralis tali*, қарай иіледі. Шығырдың артында асықты сүйек денесінен *m. flexor hallucis longus* сіңірі өтетін жүлге арқылы бөлінген артқы өсінді, *processus posterior tali*, шығады. Асықты сүйектің төменгі бетінде өкше сүйегімен буындасатын екі (алдыңғы, артқы) буын беті болады. Олардың арасынан терең бұдырлы жүлге, *sulcus tali*, өтеді.

❖ **Өкше сүйек, *calcaneus***. Сүйектің жоғарғы бетінде асық сүйектің төменгі буын беттеріне сәйкес келетін буын беттері болады. Медиалды жаққа қарай *sustentaculum tali*, асықты сүйек тірегі деп аталатын өсінді шығады. Бұлай аталу себебі, асықты сүйек басын ұстап тұруына байланысты.

Өкше сүйектің алдыңғы бетінде орналасқан буындық фасеткалар осы сүйектің артқы буындық беттерінен жүлге, *sulcus calcaneia*, арқылы бөлініп тұрады, бұл жүлгелер асық сүйектің осындай өзектерімен қосылып, латералды жағынан аяқ басының сыртына ашылатын сүйекті өзек, *sinus tarsi*, түзеді. Өкше сүйектің латералды бетінен ұзын кіші жіліншік бұлшықетінің сіңірі өтетін жүлге өтеді. Тілерсек сүйектерінің екінші қатарына қараған дисталды бетінде текше сүйекпен буындасатын ер тәрізді буын беті, *facies articularis cuboidea*, орналасқан. Өкше сүйегінің денесі артқы жағынан табанға қарайтын екі төмпешік — *processus lateralis* және *processus medialis tuberis calcanei* түзетін бұдырлы сызықпен, *tuber calcaneia*, аяқталады.

- ✧ **Қайық тәрізді сүйек**, *os naviculare* асық сүйек басы мен үш сына тәрізді сүйек арасында орналасады. Оның проксималды жағында асық сүйек басымен буындасатын сопақша, иілген буын беті болады. Дисталды беті үш сына тәрізді сүйекпен буындасатын үш тегіс фасеткаға бөлінеді. Сүйектің төменінде және медиалды жағында тері арқылы оңай сипап табуға болатын бұдырлы томпақ, *tuberositas ossis navicularis*, болады. Жиі латералды жағында текше сүйектің буын беті кездеседі.
- ✧ **Үш сына тәрізді сүйек**, *ossa cuneiformia*, сыртқы түріне байланысты аталған және *os cuneiforme mediale, intermedium et laterale* деп белгіленеді. Олардың арасында ең үлкені — медиалды, аралық — ең кішісі, ал латералды — орташа көлемді. Сына тәрізді сүйектердің сәйкес буын бетерінде қасындағы сүйектермен буындасатын буындық фасеткалар болады.
- ✧ **Текше сүйек**, *os cuboideum* аяқ басының латералды жиегінде өкше сүйегі мен IV және V табан сүйектерінің арасында орналасады. Буындасатын жерлерінде сәйкесінше буын беттері болады. Сүйектің табандық бетінде орналасқан қиғаш бұдырмақ, *tuberositas ossis cuboidei*, алдынан жүлге, *sulcus tendinis m. peronei longi*, өтеді.

**Табан сүйектері**, *metatarsus*, қысқа түтікті сүйектерге (моноэпифизарлы) жататын, алақан сүйектеріне ұқсас бес табан сүйегінен, *ossa metatarsalia*, тұрады. Олардың проксималды шетін немесе негізін, *basis*, ортанғы бөлігі немесе денесін, *corpus*, және дисталды шетін немесе басын, *caput*, ажыратады.

Табан сүйектерін табанның медиалды жиегінен бастап санайды. Табан сүйектері негізімен дисталды орналасқан тілерсек сүйектеріне жанасып орналасады: I, II және III табан сүйектерінің әрқайсысы сәйкес сына тәрізді сүйектермен буындасады; IV және V табан сүйектері текше сүйекпен буындасады. II табан сүйектің негізі онымен буындасатын аралық сына тәрізді сүйектің қысқа болуына байланысты артқа қарай шығып орналасады. Табан сүйектерінің проксималды шеттеріндегі буын беттерінен басқа (тілерсек сүйектерімен буындасатын орын), негізінде жіңішке бүйір фасеткалар — бір-бірімен буындасу орындары болады. V табан сүйегінің негізінде буын беті IV табан сүйегімен буындасатын медиалды жиегінде ғана болады. Ал ол латералды жағынан табан сүйектерінің бұдырмағы, *tuberositas ossis metatarsalis*, түзеді. I табан сүйегінің негізінде де табан жағына қарай бағытталған төмпешік, *tuberositas ossis metatarsalis I* болады. Бастары бүйір жақтарынан қысылған, алақан сүйектеріндегідей басында байламдар бекітін шұңқырлар болады. I табан сүйегі — ең қысқасы және жуаны, ал II табан сүйегі — ең ұзыны.

**Бақай сүйектері (бақайшактар)**, *phalanges digitorum pedis* (қысқа түтікті моноэпифизарлы сүйектер), колдың осындай сүйектерінен көлемінің кіші болуымен ерекшеленеді. Бақай сүйектері де саусақтар сияқты үш бақайшықтан тұрады, ал I бақайда екі бақайшак болады. Дисталды бақайлардың шеттері қалыңдап, *tuberositas phalangis distalis*, түзеді, бұл олардың негізгі ерекшелігі.

Табан-бақайшактар буыны аймағында (I бақай аймағында тұрақты) және I бақайдың бақайшак аралық буынында дән тәрізді сүйектер кездеседі.

## «АЯҚТЫҢ ЕРКІН БӨЛІГІНІҢ СҮЙЕКТЕРІ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Skeletonmem- brüinferioris liberi</i>	Аяқтың еркін бөлігінің қаңқасы	Скелет свободной нижней конечности	Skeleton of free lower limb
<i>Osfemoris (femur)</i>	Ортан жілік	Бедренная кость	Femur
<i>Caput ossis femoris</i>	Ортан жілік басы	Головка бедренной кости	Femoral head
<i>Fovea capitis ossis femoris</i>	Ортан жілік басының шұңқыры	Ямка головки бедренной кости	Fossa of the femoral head
<i>Collum ossis femoris</i>	Ортан жілік мойны	Шейка бедрен- ной кости	Neck of femur
<i>Trochanter major</i>	Үлкен ұршық	Большой вертел	Greater trochanter
<i>Fossa trochanterica</i>	Ұршық шұңқыры	Вертельная ямка	Trochanteric Fossa
<i>Trochanter minor</i>	Кіші ұршық	Малый вертел	Lesser trochanter
<i>(Trochanter tertius)</i>	(Үшінші ұршық)	(Третий вертел)	(Third trochanter)
<i>Linea intertro- chanterica</i>	Ұршық аралық сызық	Межвертельная линия	Intertrochanteric line
<i>Crista intertro- chanterica</i>	Ұршық аралық қыр	Межвертель- ный гребень	Intertrochanteric crest
<i>Corpus ossis femoris</i>	Ортан жілік денесі	Тело бедренной кости	Body of femur
<i>Linea aspera</i>	Бұдырлы сызық	Шероховатая линия	Rough line
<i>Labium laterale</i>	Латералды ернеу	Латеральная губа	Lateral lip

<i>Labium mediale</i>	Медиалды ернеу	Медиальная губа	Medial lip
<i>Linea pectinea</i>	Қырлы сызық	Гребенчатая линия	Comb line
<i>Tuberositas glutea</i>	Бөкселік бұдырмак	Ягодичная бугристость	Gluteal tuberosity
<i>Facies poplitea</i>	Такымдық бет	Подколенная поверхность	Popliteal surface
<i>Condylus medialis</i>	Медиалды айдаршық	Медиальный мыщелок	Medial condyle
<i>Epicondylus medialis</i>	Медиалды айдаршық үсті	Медиальный надмыщелок	Medial epicondyle
<i>Tuberculum adductorium</i>	Әкелетін төмпешік	Приводящий бугорок	Resulting bump
<i>Condylus lateralis</i>	Латералды айдаршық	Латеральный мыщелок	Ectocondyle
<i>Epicondylus lateralis</i>	Латералды айдаршық үсті	Латеральный надмыщелок	Lateral epicondyle
<i>Facies patellaris</i>	Тізе тобықтық бет	Надколенниковая поверхность	Patellar surface
<i>Fossa intercondylaris</i>	Айдаршық аралық шұңқыр	Межмыщелковая ямка	Intercondylar fossa
<i>Linea intercondylaris</i>	Айдаршық аралық сызық	Межмыщелковая линия	Intercondylar line
<b><i>Patella</i></b>	<b>Тізе тобығы</b>	<b>Надколенник</b>	<b>Patella</b>
<i>Basis patellae</i>	Тізе тобығының негізі	Основание надколенника	Base of patella
<i>Apex patellae</i>	Тізе тобығының ұшы	Верхушка надколенника	Apex of patella
<i>Facies articularis</i>	Буындық бет	Суставная поверхность	Articular surface
<i>Facies anterior</i>	Алдыңғы бет	Передняя поверхность	Front surface

<i>Tibia</i>	Асықты жілік (үлкен жіліншік)	Большеберцовая кость	<i>Tibia</i>
<i>Condylus medialis</i>	Медиалды айдаршык	Медиальный мышелок	Medial condyle
<i>Condylus lateralis</i>	Латералды айдаршык	Латеральный мышелок	Lateral condyle
<i>Facies articularis fibularis</i>	Асықты жілік шыбығынын буындык беті	Малоберцовая суставная поверхность	Fibular articular surface
<i>Facies articularis superior</i>	Жоғарғы буындык бет	Верхняя суставная поверхность	The upper articular surface
<i>Area intercondylaris anterior</i>	Алдыңғы айдаршык аралык алан	Переднее межмышелко- вое поле	Anterior intercondylar area
<i>Area intercondylaris posterior</i>	Артқы айдаршык аралык алан	Заднее межмышелко- вое поле	Posterior intercondylar area
<i>Eminentia intercondylaris</i>	Айдаршык аралык томпак	Межмышелко- вое возвышение	Intercondylar eminence
<i>Tuberculum intercondylare mediale</i>	Медиалды ай- даршык аралык төмпешік	Медиальный межмышелко- вый бугорок	Medial intercondyloid tubercle
<i>Tuberculum intercondylare laterale</i>	Латералды ай- даршык аралык төмпешік	Латеральный межмышелко- вый бугорок	Lateral intercondyloid tubercle
<i>Corpus tibiae</i>	Асықты жілік денесі	Тело больше- берцовой кости	Body of tibia
<i>Tuberositas tibiae</i>	Асықты жілік бұдырмағы	Бугристость большебер- цовой кости	Tibial tuberosity
<i>Facies medialis</i>	Медиалды бет	Медиальная поверхность	Medial surface

<i>Facies posterior</i>	Артқы бет	Задняя поверхность	Posterior surface
<i>Linea m. solei</i>	Камбала тәрізді бұлшықеттің сызығы	Линия камбаловидной мышцы	Line soleus
<i>Facies lateralis</i>	Латералды бет	Латеральная поверхность	Lateral surface
<i>Margo medialis</i>	Медиалды жиек	Медиальный край	Medial border
<i>Margo anterior</i>	Алдыңғы жиек	Передний край	Anterior margin
<i>Margo interosseus</i>	Сүйек аралық жиек	Межкостный край	Interosseous border
<i>Malleolus medialis</i>	Медиалды толарсак	Медиальная лодыжка	Medial malleolus
<i>Sul. malleolaris</i>	Толарсактық жұлге	Лодыжковая борозда	Malleolar
<i>Facies articularis malleoli</i>	Толарсактың буындық беті	Суставная поверхность лодыжки	Articular surface of the ankle
<i>Incisura fibularis</i>	Асықты жілік шыбығының тілігі	Малоберцовая вырезка	Fibular notch
<i>Facies articularis inferior</i>	Төменгі буындық бет	Нижняя суставная поверхность	Inferior articular surface
<b><i>Fibula</i></b>	<b>Асықты жілік шыбығы (кіші жіліншік)</b>	<b>Малоберцовая кость</b>	<b>Fibula</b>
<i>Caput fibulae</i>	Асықты жілік шыбығының басы	Головка малоберцовой кости	Head of fibula
<i>Facies articularis</i>	Асықты жілік шыбығы басының	Суставная поверхность головки	Articular surface of the head



<i>Capitis fibulae</i>	Буындық беті	Малоберцовой кости	Fibula
<i>Apex capitis fibulae</i>	Асықты жілік шыбығы басының ұшы	Верхушка головки малоберцовой кости	The tip of the fibular head
<i>Collum fibulae</i>	Асықты жілік шыбығының мойны	Шейка малоберцовой кости	Neck of fibula
<i>Corpus fibulae</i>	Асықты жілік шыбығының денесі	Тело малоберцовой кости	Body of fibula
<i>Facies lateralis</i>	Латералды бет	Латеральная поверхность	Lateral surface
<i>Facies medialis</i>	Медиалды бет	Медиальная поверхность	Medial surface
<i>Facies posterior</i>	Артқы бет	Задняя поверхность	Posterior surface
<i>Crista medialis</i>	Медиалды қыр	Медиальный гребень	Medial crest
<i>Margo anterior</i>	Алдыңғы жиек	Передний край	Forefront
<i>Margo interosseus</i>	Сүйек аралық жиек	Межкостный край	Interosseous border
<i>Margo posterior</i>	Артқы жиек	Задний край	Posterior margin
<i>Malleolus lateralis</i>	Латералды толарсак	Латеральная лодыжка	Lateral malleolus
<i>Facies articularis malleoli</i>	Толарсактын буындық беті	Суставная поверхность лодыжки	Articular surface of the ankle
<i>Fossa malleoli lateralis</i>	Латералды толарсак шұңқыры	Ямка латеральной лодыжки	Fossa of lateral malleolus

<i>Tarsus</i>	Тілерсек	Предплюсна	Tarsal
<i>Ossa tarsi (tarsalia)</i>	Тілерсек сүйектері	Кости предплюсны	Tarsal bones
<i>Talus</i>	Асық сүйек, топай	Таранная кость	Talus
<i>Caput tali</i>	Топайдың басы	Головка таранной кости	Head of the talus
<i>Facies articularis navicularis</i>	Қайық тәрізді буындық бет	Ладьевидная суставная поверхность	Navicular articular surface
<i>Collum tali</i>	Топайдың мойны	Шейка таранной кости	Neck of talus
<i>Corpus tali</i>	Топайдың денесі	Тело таранной кости	Body of the talus
<i>Trochlea tali</i>	Топайдың шығыры	Блок таранной кости	Trochlea of talus
<i>Facies superior</i>	Жоғарғы бет	Верхняя поверхность	Upper surface
<i>Facies malleolaris medialis</i>	Медиалды толарсақтық бет	Медиальная лодыжковая поверхность	Medial malleolar surface
<i>Facies malleolaris lateralis</i>	Латералды толарсақтық бет	Латеральная лодыжковая поверхность	Lateral malleolar surface
<i>Processus lateralis tali</i>	Топайдың латералді өсіндісі	Латеральный отросток таранной кости	Lateral process of the talus
<i>Facies articularis calcanea posterior</i>	Артқы өкшелік буындық бет	Задняя пяточная суставная поверхность	Posterior calcaneal articular surface
<i>Sul. tali</i>	Топайдың жүлгесі	Борозда таранной кости	Sulcus of the talus

<i>Facies articularis calcanea media</i>	Ортаңғы өкшелік буындық бет	Средняя пяточная суставная поверхность	Middle calcaneal articular surface
<i>Facies articularis calcanea anterior</i>	Алдыңғы өкшелік буындық бет	Передняя пяточная суставная поверхность	Anterior calcaneal articular surface
<i>Processus posterior tali</i>	Топайдың артқы өсіндісі	Задний отросток таранной кости	Posterior process of talus
<i>Sul. tendinis m. flexoris hallucis longi</i>	Үлкен бақайды бүгетін ұзын бұлшықет сіңірінің жұлгесі	Борозда сухожилия длинного сгибателя большого пальца стопы	Groove for tendon of flexor hallucis longus
<i>Tuberculum mediale</i>	Медиалды төмпешік	Медиальный бугорок	Medial tubercle
<i>Tuberculum laterale</i>	Латералды төмпешік	Латеральный бугорок	Lateral tubercle
( <i>Os trigonum</i> )	(Үшбұрышты сүйек)	(Треугольная кость)	(Triangular bone)
<b><i>Calcaneus</i></b>	<b>Өкше сүйек, өкше</b>	<b>Пяточная кость</b>	<b>Calcaneus</b>
<i>Tuber calcanei</i>	Өкше төмпесі	Бугор пяточной кости	Calcaneal tuberosity
<i>Processus medialis tuberis calcanei</i>	Өкше төмпесінің медиалды өсіндісі	Медиальный отросток бугра пяточной кости	Medial process of calcaneal tuberosity
<i>Processus lateralis tuberis calcanei</i>	Өкше төмпесінің латералды өсіндісі	Латеральный отросток бугра пяточной кости	Lateral process of calcaneal tuberosity
<i>Tuberculum calcanei</i>	Өкше төмпешігі	Пяточный бугорок	Calcaneal tubercle

<i>Sustentaculum tali</i>	Топайдың тірегі	Опора таранной кости	Talar
<i>Sul. calcanei</i>	Өкшенің жүлгесі	Борозда пяточной кости	Sulcus calcaneus
<i>Sinus tarsi</i>	Тілерсек койнауы	Пазуха предплюсны	Tarsal sinus
<i>Facies articularis talaris anterior</i>	Топайдың алдыңғы буындық беті	Передняя таранная суставная поверхность	Front collision articular surface
<i>Facies articularis talaris media</i>	Топайдың ортаңғы буындық беті	Средняя таранная суставная поверхность	Average collision articular surface
<i>Facies articularis talaris posterior</i>	Топайдың артқы буындық беті	Задняя таранная суставная поверхность	Posterior articular surface collision
<i>Sul. tendinis mm. peronei (fibularium) longi</i>	Асықты жілік шыбығының ұзын бұлшықеттері сіңірлерінің жүлгесі	Борозда сухожилий длинных малоберцовых мышц	Groove for tendon of peroneal muscles
<i>Trochlea peronealis (fibularis)</i>	Асықты жілік шыбығының шығыршығы	Малоберцовый блок	Peroneal block
<i>Facies articularis cuboidea</i>	Текшелік буын бет	Кубовидная суставная поверхность	Cuboid facet
<b><i>Os naviculare</i></b>	<b>Қайық тәрізді сүйек</b>	<b>Ладьевидная кость</b>	<b>Scaphoid</b>
<i>Tuberositas ossis navicularis</i>	Қайық тәрізді сүйек бұдырмағы	Бугристость ладьевидной кости	Tuberosity

<i>Os cuneiforme mediale</i>	Медиалды сына тәрізді сүйек	Медиальная клиновидная кость	Medial cuneiform
<i>Os cuneiforme intermedium</i>	Аралық сына тәрізді сүйек	Промежуточная клиновидная кость	Mesocuneiform bone
<i>Os cuneiforme laterale</i>	Латералды сына тәрізді сүйек	Латеральная клиновидная кость	Lateral cuneiform
<i>Os cuboideum</i>	Текше сүйек	Кубовидная кость	Cuboid
<i>Sul. tendinis mm. peronei longi</i>	Асықты жілік шыбығының ұзын бұлшықеттері сіңірлерінің жүлгесі	Борозда сухожилий длинных малоберцовых мышц	Groove for tendon peroneal muscles
<i>Tuberositas ossis cuboidei</i>	Текше сүйек бұдырмағы	Бугристость кубовидной кости	Tuberosity of cuboid bone
<i>Processus calcaneus</i>	Өкшелік өсінді	Пяточный отросток	Calcaneal process
<b><i>Metatarsus</i></b>	<b>Табан сүйектері</b>	<b>Плюсна</b>	<b>Metatarsus</b>
<b><i>Ossa metatarsi (metatarsalia I–V)</i></b>	<b>I–V табан сүйектері</b>	<b>I–V плюсовые кости</b>	<b>I–V metatarsals</b>
<i>Basis</i>	Негізі	Основание	Base
<i>Corpus</i>	Денесі	Тело	Body
<i>Caput</i>	Басы	Головка	Head
<i>Tuberositas ossis metatarsalis [primi (I)]</i>	I табан сүйегінің бұдырмағы	Бугристость I плюсовой кости	I tuberosity of metatarsal bone
<i>Tuberositas ossis metatarsalis [quinti (V)]</i>	V табан сүйегінің бұдырмағы	Бугристость V плюсовой кости	Tuberosity of metatarsal V

<i>Digiti</i>	Бақайлар	Пальцы	Fingers
<i>Phalanges</i>	Бақайшақтар	Фаланги	Phalanx
<i>Phalanx proximalis</i>	Проксималды бақайшақ	Проксимальная фаланга	Proximal phalanx
<i>Phalanx media</i>	Ортаңғы бақайшақ	Средняя фаланга	Middle phalanx
<i>Phalanx distalis</i>	Дисталды бақайшақ	Дистальная фаланга	Distal phalanx
<i>Tuberositas phalangis distalis</i>	Дисталды бақайшақ төмпешігі	Бугорок дистальной фаланги	Tubercle of the distal phalanx
<i>Basis phalangis</i>	Бақайшақтың негізі	Основание фаланги	Base of phalanx
<i>Corpus phalangis</i>	Бақайшақтың денесі	Тело фаланги	The body of the phalanx
<i>Caput phalangis</i>	Бақайшақтың басы	Головка фаланги	Head of the phalanx
<i>Ossa sesamoidea</i>	Дән тәрізді сүйектер	Сесамовидные кости	Sesamoid bones

## БАССҮЙЕК


**Бассүйек** (*cranium*) ми және онымен байланысты сезім ағзаларының орналасатын орны болып табылады; ол бұдан басқа ас қорыту және тыныс жолдарының сыртқа ашылатын бөліктерін қоршап жатады. Осыған байланысты бас сүйек барлық омыртқалыларда екіге бөлінеді: милық бас сүйек, *neurocranium*, және висцералды бас сүйек, *cranium viscerale*. Милық бас сүйектің күмбезін, *calvaria*, және негізін, *basis*, ажыратады. Бас сүйектің милық бөлігін екі жұп сүйек — самай және төбе сүйектері және төрт так сүйек — маңдай, торлы, сына тәрізді және шүйде сүйектері құрайды. Ал бет бөлігін алты жұп сүйек — жоғарғы жақ сүйек, мұрын сүйегі, көз жас сүйегі, бет

сүйек, таңдай және төменгі мұрын қалқандары мен екі так — төменгі жақ сүйек пен өре сүйектері құрайды. Бет сүйектеріне тіл асты сүйегін де жатқызады.


## МИСАУЫТ СҮЙЕКТЕРІ

### МАҢДАЙ СҮЙЕГІ

1. **Маңдай сүйегі**, *os frontale* (26-сурет) бас сүйек күмбезінің алдыңғы бөлігін және жартылай негізін құрайды; ол төрт бөліктен тұрады: маңдай қабыршағы, *squama frontalis*, екі көздік бөліктері, *partes orbitales*, және мұрын бөліктері, *pars nasalis*.
2. **Маңдай қабыршағы**, *squama frontalis*, алға қарай дөңестенген, келесі беттерден тұрады: сыртқы немесе маң-



**26-сурет.** Маңдай сүйегі. А — сыртқы беті: 1 — маңдай қабыршағы; 2 — маңдай төмпесі; 3 — самайлық сызық; 4 — самайлық бет; 5 — кеңсірік үсті; 6 — қас үсті доғасы; 7 — көз ұя үсті тілігі (тесігі); 8 — көз ұя үсті жиегі; 9 — бет сүйектік өсінді; 10 — мұрын; 11 — мұрындық қылқан



**26-сурет.** Жалғасы. Мандай сүйегі. Б — ішкі беті: 1 — жоғарғы сагиталды койнау жүлгесі; 2 — артериялық жүлгелер; 3 — мандай қыры; 4 — саусақтық батынкылар; 5 — бет сүйектік өсінді; 6 — көзұялық бөлік; 7 — мұрындық кылқан. В — төменгі беті: 1 — мұрындық кылқан; 2 — көзұя үсті жиегі; 3 — шығыршық шұңқыры; 4 — шығыршық кылқаны; 5 — көз жас безінің шұңқыры; 6 — көзұялық бөлік; 7 — торлы сүйек тілігі

дайлық, екі бүйір немесе самай және ішкі немесе милық. Мандай қабыршағы алдыңғы бөлігінде көздік бетке, *facies orbitalis*, жалғасып, әр жағынан көз үстілік жиек, *margo supraorbitalis*, түзеді. Көз үсті жиегіненен жоғары және параллель бедерлі дөңестеніп тұратын — қас үсті доғасы, *arcus superciliaris*. Әр қас үсті доғасынан жоғары дөң-



гелектенген шығыңқы — маңдай төмпесі, *tuber frontale*. Қабыршақтың қас үсті доғасы дөңесінің арасында сәл жоғары орналасқан алаң — кеңсірік немесе глабелла, *glabella*. Қас үсті доғасының ішкі үштен бір бөлігінде кішігірім қас үсті тілігі, *incisura supraorbitalis*, орналасады. Бұл тілік өзгермелі болатындықтан, қас үсті тесігі, *foramen supraorbitale*, түрінде болуы да мүмкін. Ортаңғы сызыққа жақын, яғни медиалды, маңдай тілігі, *incisura frontalis*, орналасады. Қас үсті доғасы латералды тұйық, пішіні үшбұрышты бет өсіндісіне, *processus zygomaticus*, жалғасады. Бет өсіндісінің артында және одан жоғары және артқа қарай самай сызығы, *linea temporalis*, бағытталады; қабыршақтың маңдай бетін самай бөлігінен бөліп тұрады. Қабыршақтың ішкі беті, *facies interna*, иілген; артқы жиегінен орта сызық бойымен бағыттталатын жоғарғы сагитталды қойнау жүлгесіне, *sulcus sinus sagittalis superioris*, төменгі жағынан маңдай қырқасына, *crista frontalis*, жалғасады. Аталған құрылымдар — мидың қатты қабығының бекитін орындары. Орта сызық бойында торлы қабық грануляцияларының шұңқырлары (мидың торлы қабығының өсінділері) байқалады.

3. **Көздік бөліктері, *partes orbitales***, екі горизонталды орналасқан табакшалар, төменгі иілген бетімен көзұяға, жоғары бетімен — бас сүйек қуысына бағыттталып, артқы жиегі сына тәрізді сүйекпен жалғасады. Жоғарғы мылық бетінде ми орны — *impressiones digitatae*-ні көреміз. Төменгі беті, *facies orbitalis*, көзұяның жоғарғы қабырғасын құрайды және бұл бетінде көздің көмекші құрылымдарының орналасу жері болады; бет өсіндісінде — көз жас безінің шұңқыры, *fossa glandulae lacrimalis*, *incisura supraorbitalis*, қасында — *fovea trochlearis* пен кішігірім қырка, *spina trochlearis* — көз бұлшықетінің сіңіріне арналған шеміршекті шығыр (*trochlea*). Екі көздік беттер бір-бірінен тұтас бас сүйекте торлы сүйекпен толтырылатын тілік, *incisura ethmoidalis*, арқылы бөлінеді.


4. **Мұрын бөлігі**, *pars nasalis*, орта сызық бойында торлы тіліктің алдыңғы бөлігін алып жатады; бұл жерде мұрын қалқанын түзуге қатысатын, өткір өсінді — *spina nasalis*-пен аяқталатын қырқаны көреміз. Қырқашықтың екі жағында торлы сүйек ұяшықтарының жоғарғы қабырғасы болып табылатын шұңқырлар орналасады; олардың алдында маңдай қойнауына, *sinus frontalis*, апаратын тесіктер орналасады — бұл қойнау аталған сүйек тереңінде қас үсті доғаларының артында орналасады, көлемі өзгермелі болып келеді. Маңдай қойнауы ауалы мұрын маңы қойнауларына, *sinus paranasales*, жатады. Оң және сол қойнаулар бір-бірінен вертикалды маңдай қойнауларының табакшасы, *septum sinuum frontaliium*, арқылы бөлінеді. Табакша бір жағына қарай ығысып, екі қойнауды тең емес қуыстарға бөледі. Қойнаулар шекарасы өзгермелі. Маңдай қойнауы, *apertura sinus frontalis*, арқылы мұрын қуысының ортаңғы мұрын жолымен, *meatus nasi medius*, байланысады. Қойнау қуысы шырышты қабықпен жабылған.

## ШҮЙДЕ СҮЙЕГІ


Шүйде сүйегі, *os occipitale*, так, бас сүйектің артқы-төменгі бөлігін құрайды. Оның сыртқы беті дөнес, ішкі мильық беті иілген (27-сурет). Алдыңғы төменгі бөлігінде бас сүйек қуысын омыртқа өзегімен байланыстыратын үлкен шүйде тесігі, *foramen occipitale magnum*, орналасады. Шүйде дамуының даму үдерісі негізінде үлкен шүйде тесігінің айналасында орналасатын төрт бөлігін ажыратады: базилярлы бөлік, *pars basilaris*, үлкен шүйде тесігінің алдында орналасады, жұп латералды бөліктер, *partes laterales* — бүйір жақтарында, шүйде қабыршағы, *squama occipitalis* — артында орналасады.

**Шүйде қабыршағы**, *squama occipitalis*, жабынды сүйек ретінде сырты дөнес, ішкі беті ойыс табакша түрінде болады. Сыртқы бедері бұлшықеттер мен байламдардың бекуімен негізделеді. Сыртқы бетінің орталығында сыртқы шүйде шоды-

ры, *protuberantia occipitalis externa*, орналасады. Шодырдың әр жағынан латералды иілген — жоғарғы желке сызығы, *linea nuchae superior*, орналасады. Сәл жоғарырақ әлсіздеу көрінетін — ең жоғарғы желке сызығы, *linea nuchae suprema*, орналасады. Шүйде шодырынан төмен үлкен шүйде тесігіне дейін орта сызық бойымен сыртқы шүйде қырқасы, *crista occipitalis externa*, бағытталады. Қырканың орта тұсында латералды бағыттталатын сызықтар төменгі желке сызықтары, *lineae nuchae inferiores*. Ішкі бетінің бедері ми мен оның қабықтарының бекуімен сипатталатындықтан, аталған бет екі тік бұрышпен қиылысатын қыркалар көмегімен төрт шұңқырға бөлінеді; екі қырка крест тәрізді томпақ, *eminentia cru-*



**27-сурет.** Шүйде сүйегі. А — сыртқы бет: 1 — сыртқы шүйде шодыры; 2 — шүйде қабыршағы; 3 — жоғарғы желке сызығы; 4 — сыртқы шүйде қырқасы; 5 — төменгі желке сызықтары; 6 — үлкен шүйде тесігі; 7 — айдаршық шұңқыры; 8 — айдаршық өзегі; 9 — латералды бөліктер; 10 — мойындырық тілігі; 11 — шүйде айдаршығы; 12 — мойындырықтық өсінді; 13 — жұтқыншак төмпешігі; 14 — базилярлы бөлік



27-сурет. Жалғасы. Шүйде сүйегі. Б — ішкі бет: 1 — шүйде қабыршағы; 2 — жоғарғы сагитталды койнау жұлгесі; 3 — шүйденін ішкі шодыры; 4 — көлденең койнау жұлгесі; 5 — ішкі шүйде кырқасы; 6 — шүйделік үлкен тесік; 7 — сигма тәрізді койнаудың жұлгесі; 8 — айдаршық өзегі; 9 — мойындырықтық өсінді; 10 — төменгі тасты койнау жұлгесі; 11 — латералды бөліктер; 12 — базилярлық бөлік

*ciformis*, түзеді, ал олардың қиылысқан жерінде — ішкі шүйде шодыры, *protuberantia occipitalis interna*, түзіледі. Бойлық кырқаның төменгі жартысы үшкірлеу — ішкі шүйде кырқасы, *crista occipitalis interna*, жоғарғы және көлденең кырқаларда жұлгелер орналасады: жоғарғы сагитталды койнау жұлгесі, *sulcus sinus sagittalis superioris* және көлденең койнау жұлгесі, *sulcus sinus transversi* (аттас тамырлық койнаулардың орналасатын жерлері).

Латералды бөліктің, *partes laterales*, әрқайсысы бас сүйек пен омыртқа бағанасының қосылысына қатысатындықтан, төменгі

бетінде атлантпен буындасу орны — шүйде айдаршығы, *condylus occipitalis*, болады.

Шамамен *condylus occipitalis* ортасында сүйекті тесіп, тіл асты өзегі, *canalis hypoglossalis*, өтеді.

*Pars lateralis*-тің жоғарғы бетінде сигма тәрізді қойнауудың жүлгесі, *sulcus sinus sigmoidei*, орналасады (тамырлық қойнау орны).

**Базилярлы бөлік**, *pars basilaris*, 18 жасқа таман сына тәрізді сүйекпен бітісіп, бас сүйек негізінің ортасында бір сүйек — *os basilare* түзеді. Бұл сүйектің жоғарғы бетінде сопақша ми мен ми көпірі орналасатын, екі бөлік бірігуінен түзілетін — ылди, *clivus* орналасады. Төменгі бетінде жұтқыншақтың фиброзды қабығы бекитін жұтқыншак төмпешігі, *tuberculum pharyngeum*, болады.


## СЫНА ТӘРІЗДІ СҮЙЕК

**Сына тәрізді сүйек**, *os sphenoidale* тақ сүйек, ұшып бара жатқан жәндікке ұқсауына байланысты бөліктерге бөледі (қанаты, канат тәрізді өсіндісі) (28-сурет).

Сына тәрізді сүйек бірнеше сүйек қосылысынан түзіледі. Оның келесі бөліктерін ажыратады: денесі, *corpus*; үлкен канаттары, *alae majores*; кіші канаттары, *alae minores*; канат тәрізді өсінділері, *processus pterygoidei*.

**Денесі**, *corpus*, жоғарғы бетінде түбінде гипофиздік шұңқыр, *fossa hypophysialis*, болатын — түрік ері, *sella turcica*, орналасады. Оның алдыңғы жиегінде, көлденеңінен көру жүйкелерінің қиылысатын жері (*chiasma*) — *sulcus chiasmatis* өтетін түрік ерінің төмпешігі, *tuberculum sellae*, болады; *sulcus chiasmatis* шеттерінде көру жүйкелерінің көзұядан бас сүйек қуысына өтетін жері — көру өзектері, *canales optici*, орналасады. Түрік ері артқы жағынан сүйекті табакша түрік ерінің арқасымен, *dorsum sellae*, шектеледі.

Дененің бүйір беттерінен иілген ұйқы жүлгесі, *sulcus caroticus*, өтеді. Дененің мұрын қуысының артқы қабырғасының құра-



**28-сурет.** Сына тәрізді сүйек. А — жоғарыдан карағандағы көрінісі: 1 — көру өзегі; 2 — алдыңғы еңкейген өсінді; 3 — кіші қанат; 4 — үлкен қанат; 5 — сына тәрізді сүйектің қылқаны; 6 — түрік ерінің төмпешігі; 7 — артқы еңкейген өсінді; 8 — түрік ері; 9 — түрік ерінің арқасы; 10 — сопақ тесік; 11 — қылқанды тесік; 12 — дөңгелек тесік; 13 — жоғарғы көзұялық саңылау; 14 — көру өзегі. Б — төменнен карағандағы көрінісі: 1 — сына тәрізді қойнау; 2 — кіші қанат; 3 — көздік бет; 4 — қанат тәрізді өзек; 5 — қанат тәрізді өсінді; 6 — медиалды табакша; 7 — латералды табакша; 8 — дөңгелек тесік; 9 — үлкен қанат; 10 — жоғарғы көзұялық саңылау

мына кіретін алдыңғы бетінде орналасқан сына тәрізді қырка, *crista sphenoidalis*, төменгі жағынан өре сүйек канаттарының арасына еніп орналасады. *Crista sphenoidalis* алдыңғы жағынан торлы сүйектің перпендикулярлы табакшасымен байланысады. Қырканын екі жағында орналасқан, дұрыс емес пішінді тесік, *aperturae sinus sphenoidalis*, сына тәрізді сүйек денесінің ішінде орналасып, табакша, *septum sinuum sphenoidalium*, арқылы екіге бөлінетін ауалы сына тәрізді сүйек қойнауы, *sinus sphenoidalis*, тесігі. Қойнау бұл тесіктер арқылы мұрын қуысымен байланысады.

Жаңа туылған нәрестелерде қойнау көлемі кішкентай, ол тек 7 жасқа таман ғана тез өсе бастайды.

**Кіші канаттар**, *alae minores*, екі жалпақ үшбұрышты табакша, түбірлері сына тәрізді сүйек денесінен алға және латералды бағытталады; аталған көру өзегі, *canales optici*, кіші канаттар түбірінің арасында орналасады. Үлкен және кіші канаттар арасында бас сүйек қуысын көзұямен байланыстыратын жоғарғы көзұялық саңылау, *fissura orbitalis superior*, орналасады.

**Үлкен канаттар**, *alae majores*, дененің бүйір беттерінен латералды және жоғары бағытталады. Денеге жақын *fissura orbitalis superior*-дың артында алдыңғы жағынан канат-таңдай шұңқырымен байланыстыратын дөңгелек тесік, *foramen rotundum*, болады. Бұл тесік арқылы үшкіл жүйкенің, *n. trigemini*, екінші тармағы өтеді. Үлкен канаттар артқы жағынан үшкірленіп, самай сүйегінің қабыршағы мен пирамидасының арасына еніп орналасады. Оған жақын *a. meningea media* өтетін қылқанды тесік, *foramen spinosum*, болады. Ал оның алдыңғы жағында үлкендеу болып келген *n. trigemini*-дің үшінші тармағы өтетін сопақ тесік, *foramen ovale*.

Үлкен канаттың төрт бетін ажыратады: мильк, *facies cerebralis*, көздік, *facies orbitalis*, самайлық, *facies temporalis*, және жоғарғы жақ сүйектік, *facies maxillaris*. Беттерінің атауы оның қай сүйекке қарай орналасқанын көрсетеді. Самайлық беті самай асты қыркасы *crista infratemporalis* арқылы самайлық және канаттық бөліктерге бөлінеді.

**Қанат тәрізді өсінділер**, *processus pterygoidei*, үлкен қанаттардың сына тәрізді сүйек денесімен қосылатын жерінен вертикалды төмен бағыттталып орналасады. Оның негізін аттас жүйкелер мен тамырлар өтетін қанат тәрізді өзек, *canalis pterygoideus*, сагитталды тесіп өтеді. Бұл өзектің алдыңғы тесігі қанат-тандай шұңқырына ашылады.

Әр өсінді арасында шұңқыр, *fossa pterygoidea*, түзілетін екі табакшадан — *lamina medialis* және *lamina lateralis*-тен тұрады.

Медиалды табакша *m. tensor veli palatini* (жұмсақ тандай бұлшықеттерінің бірі) сіңірі айналып өтетін ілмекпен, *hamulus pterygoideus*, аяқталады.

## САМАЙ СҮЙЕГІ


Самай сүйегі, *os temporale*, жұп сүйек, бас сүйек негізі мен бүйір қабырғасын түзуге қатысып қана қоймай, қаңқа сүйектеріне тән барлық үш қызметті атқарады және ішінде есту, тепе-тендік ағзалары орналасады (29-сурет). Самай сүйегі кей жануарларда бөлек болып келетін үш сүйек қосылысынан түзілетіндіктен (аралас сүйек), үш бөлігін ажыратады:

- 1) қабыршақты бөлігі, *pars squamosa*;
- 2) дабыл бөлігі, *pars tympanica*;
- 3) тасты бөлік, *pars petrosa*.


Олар I жаска дейін сыртқы есту жолын, *meatus acusticus externus*, шектеп, бір-бірімен қосылады: қабыршақты бөлік сыртқы есту жолының үстінде, тасты бөлік ішкі жағында, ал дабыл бөлігі артында, төмен және алға қарай орналасады.

Самай сүйектерінің жеке бөліктерінің қосылған жерлері өмір бойына аралық жіктер мен санылаулар түрінде сақталады: шекарасында *pars squamosa* мен *pars petrosa*, оның алдыңғы жоғарғы бетінде — *fissura petrosquamosa*; төменгі жақ сүйек шұңқырының тереңінде — *fissura tympanosquamosa*, ол тасты бөлік өсіндісімен *fissura petrosquamosa* және *fissura petrotympanica* болып бөлінеді (ол арқылы *chorda tympani* жүйкесі шығады).





**29-сурет.** Самай сүйегі. А — сыртынан карағандағы көрінісі: 1 — кабыршағы; 2 — бет сүйектік өсінді; 3 — төменгі жақ сүйектік шұңқыр; 4 — буындық төмпешік; 5 — сыртқы есту жолы; 6 — тасты-кабыршақты саңылау; 7 — дабыл бөлігі; 8 — емізік тәрізді өсінді; 9 — біз тәрізді өсінді. Б — ішінен карағандағы көрінісі: 1 — кабыршағы; 2 — бет сүйектік өсінді; 3 — доға тәрізді томпак; 4 — дабыл қуысының төбесі; 5 — доға астылық шұңқыр; 6 — ішкі есту жолы; 7 — сигма тәрізді койнаудың жұлгесі; 8 — емізік тәрізді өсінді; 9 — тасты бөлік; 10 — кіреберіс су құбырының сыртқы тесігі; 11 — біз тәрізді өсінді



**29-сурет.** Жалғасы. В — төменінен карағандағы көрінісі: 1 — бет сүйектік өсінді; 2 — бұлшықет-түтік өзегі; 3 — буындық төмпешік; 4 — төменгі жак сүйектік шұңқыр; 5 — тасты-кабыршақты саңылау; 6 — біз тәрізді өсінді; 7 — мойындырык шұңқыры; 8 — біз-емізіктік тесік; 9 — емізік тәрізді өсінді; 10 — емізік тәрізді тілік

**Қабыршақты бөлігі, *pars squamosa*** бас сүйектің бүйір қабырғаларын түзуге катысады. Ол жабынды сүйектерге жатады, құрылысы салыстырмалы түрде карапайым болып келеді, жиегі дөңгеленген вертикалды табакша түрінде төбе сүйегінің сәйкес жиегі, *margo squamosa*, үстіне балык қабыршағы тәрізденіп орналасуына байланысты қабыршақты бөлік деп аталады.

Оның милық бетінде, *facies cerebralis*, ми орындары, саусақтық батыңқылар, *impressibnes digitatae* және *a. meningeae me-*

*dia*-ның жоғары бағытталған жүлгесі болады. Сыртқы беті тегіс, самай сүйегін құруға қатысатындықтан *facies temporalis* деп аталады. Одан шығатын бет өсіндісі, *processus zygomaticus*, алға бағытталып, бет сүйегімен қосылады. Бет өсіндісінің бас-талатын жерінде екі түбір болады: алдыңғы және артқы, ал олардың арасындағы шұңқыр, *fossa mandibularis*, төменгі жақ сүйек басының буындасатын жері. Алдыңғы түбірдің төменгі бетінде орналасқан буын төмпешігі, *tuberculum articulare*, ауызды кеңінен ашқан кезде төменгі жақ сүйек басының алға шығып кетпеуін қамтамасыз етеді.

**Дабыл бөлігі**, *pars tympanica*, сыртқы есту жолының алдыңғы, төменгі және артқы жиектерінің бөлігін құрайды, пішіні кенет иілген табакша тәрізді.

**Сыртқы есту жолы**, *meatus acusticus externus*, ішке және алға бағытталған, дабыл қуысымен жалғастыратын қысқа өзек. Оның сыртқы тесігінің, *porus acusticus externus*, жоғарғы жиегі мен артқы жиегінің бөлігі самай сүйек қабыршағымен, ал қалған бөлігі — дабыл бөлігімен түзілген.

Жаңа туылған нәрестелерде дабыл бөлігі дабыл жарғағымен керілген жартылай сақина түрінде (*annulus tympanicus*) болатындықтан, сыртқы есту жолы толық жетілмеген. Дабыл жарғағының сыртқа осыдай жақындығының нәтижесінде жаңа туылған нәрестелер мен ерте жастағы балаларда дабыл қуысының аурулары жиі кездеседі.

**Тасты бөлік**, *pars petrosa*, сүйекті затының мықтылығына байланысты аталған. Сүйектің бұл бөлігі бас сүйек негізін құруға қатысады және құрылысы нәзік болғандықтан, зақымданулардан мықты қорғауды қажет ететін есту және тепе-теңдік ағзаларының орналасатын жері болып табалады. Ол шеміршек негізінде дамиды. Бұл бөліктің екінші атауы — пирамида, негізі — сыртқа, ал ұшы — алға және сына тәрізді сүйек ішіне қараған үш қырлы пирамида тәрізді пішініне байланысты.

Пирамиданың үш бетін ажыратады: алдыңғы, артқы және төменгі. Алдыңғы беті бас сүйектің ортанғы шұңқырының түбін

құруға қатысады; артқы беті артқа және медиалды бағытталған, бас сүйектің артқы шұңқырының алдыңғы қабырғасының бөлігін құрайды; төмен қарап орналасатын төменгі беті бас сүйек негізінің сыртынан ғана көрінеді. Пирамиданың сыртқы бедері күрделі, ол тамырлар мен жүйкелерінің өтуімен және ортанғы (дабыл қуысы) және ішкі құлақтардың (ұлу мен жартылай сакиналы өзектерден тұратын сүйекті лабиринт) орналасуымен негізделеді. Пирамиданың алдыңғы бетінде ұшына жақын кішігірім шұңқыр — үшкіл жүйке түйінінің (*n. trigemini*) орны, *impressio trigemini* болады, оның сыртқы жағынан екі өзекше: медиалды — *sulcus n. petrosi majoris* мен латералды — *sulcus n. petrosi minoris* өтеді. Олар аттас екі тесікке әкеледі: медиалды, *hiatus canalis n. petrosi majoris*, және латералды, *hiatus canalis n. petrosi minoris*. Бұл тесіктерден сыртқа қарай орналасатын доға тәрізді томпақ, *eminentia arcuata* лабиринттің, дәлірек айтсақ, жоғарғы жартылай сакиналы өзектің дөнестеніп шығып тұруынан түзіледі. *Eminentia arcuata* мен *squama temporalis* арасындағы алаң дабыл қуысының қақпағы, *tegmen tympani* деп аталады.

Пирамиданың артқы бетінің орта тұсында орналасқан ішкі есту тесігі, *porus acusticus internus*, бет және есту жүйкелері мен лабиринттің артериялары мен тамырлары өтетін ішкі есту жолына, *meatus acusticus internus*, жалғасады.

Пирамиданың бас сүйек негізіне қараған төменгі бетінен бұлшықеттер — *mm. styloglossus, stylohyoideus, stylopharyngeus* және байламдар — *ligg. stylohyoideum* мен *stylomandibulare* беки-тін үшкірленген жіңішке біз тәрізді өсінді, *processus styloideus*, шығады.

Біз тәрізді және емізiкті өсінділердің арасында орналасқан **біз-емізiктік тесіктен**, *foramen stylomastoideum n. facialis* шығып, кішігірім артерия кіреді. Біз тәрізді өсіндіден медиалды терең мойындырық шұңқыры, *fossa jugularis*, орналасады. *Fossa jugularis*-тің алдында, одан өткір қырка арқылы бөлініп тұратын ұйқы өзегінің сыртқы тесігі, *foramen caroticum externum*, болады.

Пирамиданың алдыңғы, артқы және жоғарғы жиектерін ажыратады. Қысқа алдыңғы жиегі қабыршақпен өткір бұрыш түзеді. Осы бұрышта дабыл қуысына баратын бұлшықет-түтік өзегінің тесігі, *canalis musculotubarius*, орналасады. Бұл өзек табақша арқылы жоғарғы және төменгі бөліктерге бөлінеді. Жоғарғы, кішігірім жартылай өзекте, *semicanalis m. tensoristympani* аттас бұлшықет жатады, ал төменгі, үлкенірек жартылай өзек, *semicanalis tubae auditivae* жұтқыншақтан дабыл қуысына ауа өткізетін есту түтігінің сүйекті түтігі болып табылады.

Пирамиданың алдыңғы және артқы беттерін бөліп тұрған жоғарғы жиегінен өтетін жоғарғы тасты қойнаудың жұлгесі, *sulcus sinus petrosi superioris* — аттас тамырлық қойнаудың орны.

Пирамиданың артқы беті *fossa jugularis*-тің алдыңғы жағында шүйде сүйегінің базилярлы бөлігімен қосылып, осы сүйекпен бірге аттас тамырлық қойнау өтетін — төменгі тасты қойнаудың жұлгесі, *sulcus sinus petrosi inferioris*, түзеді.

Пирамида негізінің сыртқы бетінің бедері бұлшықеттер бекуімен негізделеді (өсінділер, тіліктер, бұдырмақтар). Ол төменгі жағынан дененің вертикалды жағдайында бас тепе-теңдігін ұстап тұратын төс-бұғана-емізік бұлшықеті бекитін емізік тәрізді өсіндіге, *processus mastoideus* жалғасады. Емізік тәрізді өсіндінің медиалды жағында орналасқан терең емізіктік тілік, *incisura mastoidea* — қос қарыншалы бұлшықет, *m. digastricus* бекитін орын; одан медиалдырақ орналасатын жұлге, *sulcus a. occipitalis* — аттас артерия орны.

Емізік тәрізді өсінді негізінің сыртқы бетіндегі тегіс үш-бұрышты алаң емізік тәрізді өсінді ұяшықтарына ірің толған кезде тазалау үшін операциялық жету жолы болып табылады.

Бір-бірінен сүйектік табақшалар арқылы бөлініп тұратын бұл ауалы ұяшықтар емізік тәрізді өсіндінің ішінде орналасып, ауа келетін дабыл қуысымен *antrum mastoideum* арқылы байланысады.

Пирамида негізінің милық бетінде аттас тамырлық қойнау орналасатын терең сигма тәрізді қойнау жұлгесі, *sulcus sinus sigmoideus*, орналасады.

**Самай сүйек өзектері.** Ішкі ұйқы артериясы өтетін **ұйқы өзегі**, *canalis caroticus*, ең ірісі болып табылады. Ол сыртқы тесігімен пирамиданың төменгі бетінен басталып жоғарыға көтеріледі, содан кейін тік бұрыш жасай иіліп, ішкі тесігімен пирамида ұшында *canalis musculotubarius*-тан медиалды ашылады. **Бет өзегі**, *canalis facialis*, *porus acusticus internus*, тереңінде басталып, алдымен пирамиданың алдыңғы бетінде саңылауға (*hiatus*) дейін алға және латералды бағытталады; өзек бұл тесіктерде горизонталды орналаса отырып, тік бұрыш жасап латералды және артқа бұрылып иілім — иін, *geniculum canalis facialis*, түзеді, содан кейін төмен бағытталып, самай сүйек пирамидасының төменгі бетінде орналасатын *foramen stylo-mastoideum*-мен аяқталады.


## ТӨБЕ СҮЙЕГІ

Төбе сүйегі, *os parietale* жұп, бас сүйек күмбезінің ортаңғы бөлігін түзеді (30-сурет). Ол қорғаныш қызметін атқаратын типті жабынды сүйекке жатады. Сондықтан сыртқы беті дөнес, ішкі беті ойыс болып келетін, төрт бұрышты табакша түріндегі құрылысы салыстырмалы карапайым сүйек.


Оның төрт жиегі көрші жатқан сүйектермен байланысады, олар: алдыңғысы — маңдаймен, *margo frontalis*, артқысы — шүйдемен, *margo occipitalis*, медиалдысы — қарсы жақтың аттас сүйегімен, *margo sagittalis*, және латералдысы — самай сүйек қабыршағымен, *margo squamosum*. Алғашқы үш жиегі тісті, ал соңғысы қабыршақты жік түзуге бейімделген. Төрт бұрышының алдыңғы медиалдысы маңдай сүйегімен, *angulus frontalis*, алдыңғы латералдысы сына тәрізді сүйекпен, *angulus sphenoidalis*, артқы медиалдысы шүйде сүйекпен, *angulus occipitalis*, және артқы латералдысы самай сүйектің емізік тәрізді өсіндісінің негізімен, *angulus mastoideus*, байланысады. Сыртқы дөнес бетінің бедері бұлшықеттер мен шандырлардың бекуімен негізделеді. Орталығындағы дөңестенген төбе төмпесі, *tuber parietale* (сүйектенудің басталу орны). Оның төменгі жа-

ғындағы иілген самай сызықтары — *lineae temporales (superior et inferior)* — самай бұлшықеті мен шандырының бекитін орны. Медиалды жиегіне жақын тесік, *foramen parietale*, кездеседі (артериялар мен тамырлар өтеді).

**Ішкі ойыс беті, *facies interna***, бедері ми мен оның қатты қабығының жанасуымен түзіледі; мидың қатты қабығы жоғарғы сагитталды қойнау жүлгесінің, *sulcus sinus sagittalis superioris (sinus sagittalis superior* тамырлық қойнауының орны) медиалды жиегіне, *angulus mastoideus* аймағында көлденең жүлге, *sulcus sinus sigmoidei* (аттас тамырлық қойнау орны) жиегіне бекиді. Бұл қабықтың тамырлары мисауыт сүйектерінің ішкі бетінде



**30-сурет.** Төбе сүйегі. А — сыртынан карағандағы көрінісі: 1 — сагитталды жиек; 2 — шүйделік бұрыш; 3 — фронталды бұрыш; 4 — шекелік үлес; 5 — жоғарғы самай сызығы; 6 — шүйделік жиек; 7 — маңдай жиегі; 8 — төменгі самай сызығы; 9 — емізiктік бұрыш; 10 — сына бұрышы; 11 — қабыршақтық жиек



**30-сурет.** Жалғасы. Төбе сүйегі. Б — ішінен карағандағы көрінісі:  
 1 — сагитталды жиек; 2 — жоғарғы сагитталды койнаудың жұлгесі;  
 3 — шүйделік бұрыш; 4 — фронталды бұрыш; 5 — шүйделік жиек;  
 6 — маңдайлық жиек; 7 — артериялық жұлгелер; 8 — сигма тәрізді  
 койнаудың жұлгесі; 9 — еміздіктік бұрыш; 10 — сына тәрізді бұрыш;  
 11 — қабыршақты жиек

тармакталып, жұлге түрінде іздерін қалдырады. *Sulcus sinus sagittalis superioris*-тің жанында мидың торлы қабықтарының түйіршіктері, *foveolae granulares*, орналасады.

## ТОРЛЫ СҮЙЕК


Торлы сүйек, *os ethmoidale*, тақ, көп бөлігі бетті құруға қатысқанымен, әдетте милық бас сүйектерінің арасында сипатталады. Ол бет сүйектерінің арасында орталықта орналасып, олармен жанасып, мұрын қуысының, көзұяның қабырғаларын құруға қатысады. Тұтас бас сүйек те аталған сүйектермен жабылып тұрады. Торлы сүйек ауамен толып тұратын койнаулар




түзетін жұқа сүйекті табақшалардан түзіледі. Торлы сүйектің сүйекті табақшалары «Т» әрпі сияқты орналасады, вертикалды сызықты перпендикулярлы табақша, *lamina perpendicularis*, ал горизонталдыны — торлы табақша, *lamina cribrosa*, түзеді. *Lamina perpendicularis*-тің бүйір жақтарында торлы табақшадан торлы лабиринттер, *labirynthi ethmoidales*, төмен қарай бағыттталып орналасады (31-сурет).

Сонымен, торлы сүйекте 4 бөлікті ажыратады:

1. *Lamina cribrosa* — маңдай сүйектің *incisura ethmoidalis*-ін толтырып тұратын төрт бұрышты табақша. Ол тор сияқты болып, иіс сезу жүйкесінің тармақтары (30 шақты) өтетін ұсақ тесіктермен тесіктелген (аты осыдан шыққан). Оның орта сызығы бойында әтеш айдары, *crista galli* (мидың қатты қабығының бекітін жері), болады.



**31-сурет.** Торлы сүйегі. А — жоғарыдан қарағандағы көрінісі: 1 — перпендикулярлы табақша; 2 — ұяшықтар; 3 — әтеш айдары; 4 — торлы ұяшықтар; 5 — торлы табақша; 6 — көзұялық табақша



**31-сурет.** Жалғасы. Торлы сүйек. Б — төменінен карағандағы көрінісі: 1 — перпендикулярлы табакша; 2 — торлы табакша; 3 — ұяшықтар; 4 — ортаңғы мұрын қалқаны; 5 — жоғарғы мұрын қалқаны. В — бүйірінен карағандағы көрінісі: 1 — әтеш айдары; 2 — ұяшықтар; 3 — көзұялық табакша; 4 — ортаңғы мұрын қалқаны; 5 — перпендикулярлы табакша

2. *Lamina perpendicularis* мұрын қалқанының бөлігі болып табылады.

3 және 4 *labyrinthi ethmoidales*, жұп, сүйекті ауалы ұяшықтар, *cellulae ethmoidales*, кешені. Сыртынан көзұяның медиалды қабырғасын түзетін жұқа көзұялық табакша, *lamina orbitalis*-пен жабылған. Көзұялық табакша жоғарғы жиегімен маңдай сүйегінің көзұялық бөлігімен, алдынан — көз жас сүйекпен, артынан — сына тәрізді сүйекпен және таңдай сүйектің көздік өсіндісімен, төменнен — жоғарғы жақ сүйекпен байланысады; аталған барлық сүйектер жиектік *cellulae ethmoidales*-ті жауып тұрады. Лабиринттердің медиалды жағында екі мұрын қалқаны — *conchae nasales superior et media*, кейде үшіншісі — *concha nasalis suprema* орналасады.

Ұяшықтар иілген сүйекті табакша түрінде болғандықтан, олар жауып тұратын мұрынның шырышты қабатының көлемі үлкейеді.

## «БАС СҮЙЕКТЕРІ» ТАРАУЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР СӨЗДІГІ

<i>Ossa cranii (craniales)</i>	Бас сүйектері	Кости черепа	Skull bones
<i>Os occipitale</i>	Шүйде сүйек	Затылочная кость	Occipital bone
<i>For. magnum</i>	Шүйделік үлкен тесік	Большое (затылочное) отверстие	Large (magnum) foramen
<i>Basion</i>	Базион	Базион	Basion
<i>Opisthion</i>	Опистион	Опистион	Opistion
<i>Pars basilaris</i>	Базилярлық бөлік	Базилярная часть	Basilar part
<i>Sul. sinus petrosi inferioris</i>	Төменгі тасты койнау жүлгесі	Борозда нижнего каменистого синуса	Groove for inferior petrosal sinus

<i>Tuberculum pharyngeum</i>	Жұтқыншақтық төмпешік	Глоточный бугорок	Pharyngeal tubercle
<i>Pars lateralis</i>	Латералды бөлік	Латеральная часть	Lateral part
<i>Squama occipitalis</i>	Шүйде қабыршағы	Затылочная чешуя	Occipital scales
<i>Margo mastoideus</i>	Емізіктік жиек	Сосцевидный край	Mammillary region
<i>Margo lambdoideus</i>	Ламбдалық жиек	Ламбдовидный край	Lambdoid margin
( <i>Os interparietale</i> )	(Шеке аралық сүйек)	(Межтеменная кость)	(Interparietal bone)
<i>Condylus occipitalis</i>	Шүйде айдаршығы	Затылочный мыщелок	Occipital condyle
<i>Canalis condylaris</i>	Айдаршық өзегі	Мыщелковый канал	Condylar canal
<i>Canalis hypoglossalis</i>	Тіл асты өзегі	Подъязычный канал	Hypoglossal canal
<i>Fossa condylaris</i>	Айдаршық шұңқыры	Мыщелковая ямка	Condylar fossa
<i>Tuberculum jugulare</i>	Мойындырық төмпешігі	Яремный бугорок	Jugular tubercle
<i>Incisura jugularis</i>	Мойындырық тілігі	Яремная вырезка	Jugular notch
<i>Processus jugularis</i>	Мойындырық өсіндісі	Яремный отросток	Jugular process
<i>Processus intrajugularis</i>	Мойындырық ішілік өсінді	Внутрияремный отросток	Intrajugular process
<i>Protuberantia occipitalis externa</i>	Шүйденін сыртқы шодыры	Наружный затылочный выступ	Наружный occipital protuberance
<i>Inion</i>	Инион	Инион	Inion

<i>(Crista occipitalis externa)</i>	(Шүйденін сыртқы кыры)	(Наружный затылочный гребень)	(Наружный occipital crest)
<i>Linea nuchae inferior</i>	Ен жоғарғы желке сызығы	Наивысшая выйная линия	Highest nuchal line
<i>(Linea nuchae superior)</i>	(Жоғарғы желке сызығы)	(Верхняя выйная линия)	(Upper nuchal line)
<i>Linea nuchae inferior</i>	Төменгі желке сызығы	Нижняя выйная линия	Inferior nuchal line
<i>Eminentia cruciformis</i>	Крест тәрізді томпақ	Крестообразное возвышение	Cruciform elevation
<i>Protuberantia occipitalis interna</i>	Шүйденін ішкі шодыры	Внутренний затылочный выступ	Internal occipital protuberance
<i>(Crista occipitalis interna)</i>	(Шүйденін ішкі кыры)	(Внутренний затылочный гребень)	(Internal occipital crest)
<i>Sul. sinus transversi</i>	Көлденен койнау жұлгесі	Борозда поперечного синуса	Sulcus of transverse sinus
<i>Sul. sinus sigmoidei</i>	Сигма тәрізді койнау жұлгесі	Борозда сигмовидного синуса	Groove for sigmoid sinus
<i>(Processus paramastoideus)</i>	(Емізік жанындағы өсінді)	(Околососцевидный отросток)	(Paramastoid process)
<b><i>Ossphenoidale</i></b>	<b>Сына тәрізді сүйек</b>	<b>Клиновидная кость</b>	<b>Sphenoid bone</b>
<i>Corpus</i>	Дене	Тело	Body
<i>Jugum sphenoidale</i>	Сына сүйек томпағы	Клиновидное возвышение	Sphenoidal elevation
<i>Sul. prechiasmatis</i>	Қиылыс алдындағы жұлге	Предперекрестная борозда	Prechiasmatic sulcus

<i>Sella turcica</i>	Түрік ертокымы	Турецкое седло	Turkish saddle
<i>Tuberculum sellae</i>	Ертокым төмпешігі	Бугорок седла	Hump seat
( <i>Processes clinoides medius</i> )	(Ортанғы енкейген өсінді)	(Средний наклоненный отросток)	(Middle clinoid process)
<i>Fossa hypophysialis</i>	Гипофиз шұңқыры	Гипофизарная ямка	Pituitary fossa
<i>Processus clinoides posterior</i>	Артқа енкейген өсінді	Задний наклоненный отросток	Posterior clinoid process
<i>Dorsum sellae</i>	Ертокым аркасы	Спинка седла	Back of saddle
<i>Sulcus caroticus</i>	Ұйқы жұлгесі	Сонная борозда	Carotid Groove
<i>Lingula sphenoidalis</i>	Сына тәрізді тілшік	Клиновидный язычок	Sphenoid tongue
<i>Crista sphenoidalis</i>	Сына тәрізді кыр	Клиновидный гребень	Sphenoid crest
<i>Rostrum sphenoidale</i>	Сына тәрізді тұмсық	Клиновидный клюв	Sphenoid beak
<i>Sinus sphenoidalis</i>	Сына тәрізді койнау	Клиновидная пазуха	Sphenoidal sinus
<i>Septum sinuum sphenoidalium</i>	Сына тәрізді койнаудың калкасы	Перегородка клиновидных пазух	Septum of sphenoidal sinus
<i>Apertura sinus sphenoidalis</i>	Сына тәрізді койнаудың тесігі	Апертура клиновидной пазухи	Aperture of the sphenoid sinus
<i>Concha sphenoidalis</i>	Сына тәрізді калқан	Клиновидная раковина	Sphenoidal concha
<b><i>Ala minor</i></b>	<b>Кіші канат</b>	<b>Малое крыло</b>	<b>Lesser wing</b>
<i>Canalis opticus</i>	Көру өзегі	Зрительный канал	Optic canal

<i>Processus clinoides anterior</i>	Алдыңғы еңкейген өсінді	Передний наклоненный отросток	Anterior clinoid process
<i>Fissura orbitalis superior</i>	Көзұянын жоғарғы санылауы	Верхняя глазничная щель	Superior orbital fissure
<b><i>Ala major</i></b>	<b>Үлкен қанат</b>	<b>Большое крыло</b>	<b>Greater wing</b>
<i>Facies cerebralis</i>	Милық бет	Мозговая поверхность	Cerebral surface
<i>Facies temporalis</i>	Самайлық бет	Височная поверхность	Temporal surface
<i>Facies maxillaris</i>	Жоғарғы жак сүйектік бет	Верхнечелюстная поверхность	Maxillary surface
<i>Facies orbitalis</i>	Көздік бет	Глазничная поверхность	Orbital surface
<i>Margo zygomaticus</i>	Бет сүйектік жиек	Скуловой край	Zygomatic region
<i>Margo frontalis</i>	Мандайлық жиек	Лобный край	Frontal margin
<i>Margo parietalis</i>	Шекелік жиек	Теменной край	Parietal region
<i>Margo squamosus</i>	Қабыршақтық жиек	Чешуйчатый край	Squamosal border
<i>Crista infratemporalis</i>	Самай асты қыры	Подвисочный гребень	Infratemporal crest
<i>For. rotundum</i>	Дөңгелек тесік	Круглое отверстие	Round hole
<i>For. ovale</i>	Сопақ тесік	Овальное отверстие	Foramen ovale
<i>(For. venosum)</i>	(Тамырлық тесік)	(Венозное отверстие)	(Venous port)
<i>For. spinosum</i>	Қылқанды тесік	Остистое отверстие	Spinous foramen

<i>(For. petrosum)</i>	(Тастық тесік)	(Каменистое отверстие)	(Rocky hole)
<i>Spina ossis sphenoidalis</i>	Сына сүйектің қылқаны	Ость клиновидной кости	Spine of sphenoid bone
<i>Sulcus tubae auditivae</i>	Есту түтігінің жұлгесі	Борозда слуховой трубы	Groove for auditory tube
<b><i>Processus- pterygoideus</i></b>	<b>Қанат тәрізді өсінді</b>	<b>Крыловидный отросток</b>	<b>Pterygoid process</b>
<i>Lam. lateralis (prosessus pterygoidei)</i>	Қанат тәрізді өсіндінің латералды табакшасы	Латеральная пластинка крыловидного отростка	Lateral pterygoid plate
<i>Lam. medialis (prosessus pterygoidei)</i>	Қанат тәрізді өсіндінің медиалды табакшасы	Медиальная пластинка крыловидного отростка	Medial pterygoid plate
<i>Incisura pterygoidea</i>	Қанат тәрізді тілік	Крыловидная вырезка	Pterygoid notch
<i>Fossa pterygoidea</i>	Қанат тәрізді шұңқыр	Крыловидная ямка	Pterygoid fossa
<i>Fossa scaphoidea</i>	Қайық тәрізді шұңқыр	Ладьевидная ямка	Scaphoid fossa
<i>Processus vaginalis</i>	Қынаптық өсінді	Влагалищный отросток	Vaginal process
<i>Sul. palatovaginalis</i>	Таңдай-қынаптық өсінді	Небно-влагалищная борозда	Palatal-vaginal sulcus
<i>Sul. vomerovaginalis</i>	Кенсірік-қынаптық жұлге	Сошниково-влагалищная борозда	Vomero- vaginal sulcus
<i>Hamulus pterygoideus</i>	Қанат тәрізді ілмек	Крыловидный крючок	Pterygoid hamulus



<i>Sul. hamuli pterygoidei</i>	Қанат тәрізді ілмектің жұлгесі	Борозда крыловидного крючка	Sulcus of pterygoid hamulus
<i>Canalis pterigoideus</i>	Қанат тәрізді өзек	Крыловидный канал	Pterygoid canal
<i>Processus pterygospinosus</i>	Қанат-кылканды өсінді	Крыловидно остистый отросток	Pterygo spinous process
<b><i>Ostemporale</i></b>	<b>Самай сүйек</b>	<b>Височная кость</b>	<b>Temporal bone</b>
<i>Pars petrosa</i>	Пирамида (тасты бөлік)	Пирамида (каменистая часть)	Pyramid (petrous part)
<i>Margo occipitalis</i>	Шүйделік жиек	Затылочный край	Occipital margin
<i>Processus mastoideus</i>	Емізік тәрізді өсінді	Сосцевидный отросток	Mastoid
<i>Incisura mastoidea</i>	Емізік тәрізді тілік	Сосцевидная вырезка	Mastoid notch
<i>Sul. sinus sigmoidei</i>	Сигма тәрізді койнаудың жұлгесі	Борозда сигмовидного синуса	Groove for sigmoid sinus
<i>Sul. a. occipitalis</i>	Шүйде артериясының жұлгесі	Борозда затылочной артерии	Sulcus of occipital artery
<i>For. mastoideum</i>	Емізік тәрізді тесік	Сосцевидное отверстие	Mastoid foramen
<i>Canalis facialis</i>	Беттік өзек	Лицевой канал	Facial canal
<i>Geniculum canalis facialis</i>	Беттік өзек иіні	Коленце лицевого канала	Capex facial canal
<i>Canaliculus chordae tympani</i>	Дабыл ішегінің өзекшесі	Каналец барабанной струны	Tubule tympani
<i>Apex partis petrosae</i>	Пирамиданың ұшы	Верхушка пирамиды	Apex of the pyramid

<i>Canalis caroticus</i>	Ұйқы өзегі	Сонный канал	Carotid canal
<i>Canaliculi caroticotympanici</i>	Ұйқы-дабыл өзекшелері	Сонно-барабан-ные каналы	Carotico-tympanic canals
<i>Canalis musculotubarius</i>	Бұлшықет-түтік өзегі	Мышечно-трубный канал	Musculo-tube channel
<i>Semicanalis m. tensoris tympani</i>	Дабыл жарғағын керетін бұлшықеттің жартылай өзегі	Полуканал мышцы, напрягающей барабанную перепонку	Canal for the tensoris tympani muscle
<i>Semicanalis tubae auditivae</i>	Есту түтігінің жартылай өзегі	Полуканал слуховой трубы	Semicanal for auditory tube
<i>Septum canalis musculotubarii</i>	Бұлшықет-түтік өзегінің калкасы	Перегородка мышечно-трубного канала	Wall of muscle-tube channel
<i>Facies anterior partis petrosae</i>	Пирамиданың алдыңғы беті	Передняя поверхность пирамиды	Anterior surface of the pyramid
<i>Tegmen tympani</i>	Дабыл қуысының төбесі	Крыша барабанной полости	Roof of the tympanic cavity
<i>Eminentia arcuata</i>	Доға тәрізді томпақ	Дугообразное возвышение	Arcuate eminence
<i>Hiatus canalis n. petrosi majoris</i>	Үлкен тасты жүйке өзегінің санылауы	Расщелина канала большого каменистого нерва	Hiatus for greater petrosal nerve
<i>Hiatus canalis n. petrosi minoris</i>	Кіші тасты жүйке өзегінің санылауы	Расщелина канала малого каменистого нерва	Hiatus for lesser petrosal nerve
<i>Sul. n. petrosi majoris</i>	Үлкен тасты жүйке жүлгесі	Борозда большого каменистого нерва	Groove for greater petrosal nerve

<i>Sul. n. petrosi minoris</i>	Кіші тасты жүйке жұлгесі	Борозда малого каменистого нерва	Groove for lesser petrosal nerve
<i>Impressio trigemini</i>	Үшкілдік батынкы	Тройничное вдавление	Trigeminal impression
<i>Margo superior partis petrosae</i>	Пирамиданын жоғарғы жиегі	Верхний край пирамиды	The upper edge of the pyramid
<i>Sulcus sinus petrosi superioris</i>	Жоғары тасты койнау жұлгесі	Борозда верхнего каменистого синуса	Superior petrosal sulcus cinusa
<i>Facies posterior partis petrosae</i>	Пирамиданын артқы беті	Задняя поверхность пирамиды	Posterior surface of the pyramid
<i>Porus acusticus internus</i>	Ішкі есту тесігі	Внутреннее слуховое отверстие	Internal acoustic openin
<i>Meatus acusticus internus</i>	Ішкі есту жолы	Внутренний слуховой проход	Internal auditory canal
<i>Fossa subarcuata</i>	Доға асты шұнқыры	Поддуговая ямка	Subarcuate fossa
<i>Aqueductus vestibuli</i>	Кіре беріс су құбыры	Водопровод преддверия	Vestibular aqueduct
<i>Apertura externa aqueductus vestibuli</i>	Су құбырының сыртқы тесігі	Наружная апертура водопровода преддверия	External aperture of vestibular aqueduct
<i>Margo posterior partis petrosae</i>	Пирамиданын артқы жиегі	Задний край пирамиды	Rear edge of the pyramid
<i>Sul. sinus petrosi inferioris</i>	Төменгі тасты койнау жұлгесі	Борозда нижнего каменистого синуса	Groove for inferior petrosal sinus
<i>Incisura jugularis</i>	Мойындырық тілігі	Яремная вырезка	Jugular notch
<i>Processus intrajugularis</i>	Мойындырық аралық өсінді	Внутриямный отросток	Intrajugular process

<i>Canaliculus cochleae</i>	Каналец улитки	Ұлу өзекшесі	Canaliculus cochlea
<i>Apertura externa canaliculi cochleae</i>	Наружная апертура каналаца улитки	Ұлу өзекшесінің сыртқы апертурасы	Outer aperture of cochlear canaliculus
<i>Facies inferior partis petrosae</i>	Пирамиданын төменгі (сыртқы) беті	Нижняя поверхность пирамиды	Lower surface of the pyramid
<i>Fossajugularis</i>	Мойындырык шұңқыры	Яремная ямка	Jugular fossa
<i>Canaliculus mastoideus</i>	Емізіктік өзекше	Сосцевидный каналец	Mastoid tubule
<i>Processus styloideus</i>	Біз тәрізді өсінді	Шиловидный отросток	Styloid process
<i>For. stylomastoideum</i>	Біз-емізікті тесік	Шилососцевидное отверстие	Stylomastoid Opening
<i>canaliculus tympanicus</i>	Дабыл өзегі	Барабанный каналец	Drum tubule
<i>Fossula petrosa</i>	Тасты шұңқырша	Каменистая ямочка	Stony dimple
<i>Cavumtympany (cavitas tympanica)</i>	Дабыл қуысы	Барабанный полость	Tympanum, tympanic cavity
<i>Fissura petrotympanica</i>	Тасты-дабыл саңылауы	Каменисто барабанный шель	Petrotympanic fissure
<i>Fissura petrosquamosa</i>	Тасты-кабыршақ саңылауы	Каменисто чешуйчатая шель	Petrosquamous fissure
<i>Fissura tympanomastoidea</i>	Дабыл-емізік саңылауы	Барабанный сосцевидная шель	Tympanomastoid fissure
<i>Fissura tympanosquamosa</i>	Дабыл-кабыршақ саңылауы	Барабанный чешуйчатая шель	Tympanosquamous fissure

<i>Parstympanica</i>	Дабылдық бөлік	Барабанная часть	Tympanic part
<i>Annulus (anulus)</i>	Дабылдық сақина	Барабанное кольцо	Drum ring
<i>Meatus acusticus externus</i>	Сыртқы есту жолы	Наружный слуховой проход	External acoustic pass
<i>Porus acusticus externus</i>	Сыртқы есту тесігі	Наружное слуховое отверстие	External acoustic opening
<i>Spina tympanica major</i>	Үлкен дабыл қылқаны	Большая барабанная ость	Greater drum spine
<i>Spina tympanica minor</i>	Кіші дабыл қылқаны	Малая барабанная ость	Lesser tympanic spine
<i>Sul. tympanicus</i>	Дабыл жүлгесі	Барабанная борозда	Tympanic sulcus
<i>Incisura tympanica</i>	Дабыл тілігі	Барабанная вырезка	Tympanic notch
<i>Vag. processus styloidei</i>	Біз тәрізді өсіндінің қынабы	Влагалище шиловидного отростка	Sheath of styloid process
<i>Pars squamosa</i>	Қабыршақты бөлік	Чешуйчатая часть	Squamous part
<i>Margo parietalis</i>	Шекелік жиек	Теменной край	Parietal region
<i>Incisura parietalis</i>	Шекелік тілік	Теменная вырезка	Parietal notch
<i>Margo sphenoidalis</i>	Сына тәрізді жиек	Клиновидный край	Sphenoid region
<i>Facies temporalis</i>	Самайлық бет	Височная поверхность	Temporal surface
<i>Sul. a. temporalis mediae борозда</i>	Ортаңғы самай артериясының жүлгесі	Средней височной артерии	Middle temporal artery

<i>Processus zygomaticus</i>	Бет сүйектік өсінді	Скуловой отросток	Zygomatic process
<i>Crista supramastoidea</i>	Емізік үстілік қыр	Надсосцевидный гребень	Supramastoid crest
<i>Foveola supramiatica</i>	Өтіс үстінін шұнқыршасы	Надпроходная ямочка	Supramiatic dimple
<i>Fossa mandibularis</i>	Төменгі жак сүйектік шұнқыр	Нижнечелюстная ямка	Mandibular fossa
<i>Facies articularis</i>	Буындық бет	Суставная поверхность	Articular surface
<i>Tuberculum articulare</i>	Буындық төмпешік	Суставной бугорок	Articular tubercle
<i>Facies cerebralis</i>	Милык бет	Мозговая поверхность	Cerebral surface
<b><i>Os parietale</i></b>	<b>Шеке сүйек</b>	<b>Теменная кость</b>	<b>Parietal bone</b>
<i>Facies interna</i>	Ішкі бет	Внутренняя поверхность	Inner surface
<i>Sul. sinus sigmoidei</i>	Сигма тәрізді қойнау жұлгесі	Борозда сигмовидной пазухи	Sulcus of the sigmoid sinus
<i>Facies externa</i>	Сыртқы бет	Наружная поверхность	Outer surface
<i>Linea temporalis superior</i>	Жоғарғы самай сызығы	Верхняя височная линия	Superior temporal line
<i>Linea temporalis inferior</i>	Төменгі самай сызығы	Нижняя височная линия	Inferior temporal line
<i>Tuber parietale</i>	Шеке төмпесі	Теменной бугор	Parietal tuber
<i>Margo occipitalis</i>	Шүйделік жиек	Затылочный край	Occipital margin
<i>Margo squamosus</i>	Қабыршақты жиек	Чешуйчатый край	Squamosal border
<i>Margo sagittalis</i>	Сагиталды жиек	Сагиттальный край	Sagittal border

<i>Margo frontalis</i>	Маңдайлык жиек	Лобный край	Frontal margin
<i>Angulus frontalis</i>	Маңдайлык бұрыш	Лобный угол	Frontal angle
<i>Angulus occipitalis</i>	Шүйделік бұрыш	Затылочный угол	Occipital angle
<i>Angulus sphenoidalis</i>	Сына тәрізді бұрыш	Клиновидный угол	Sphenoid angle
<i>Angulus mastoideus</i>	Еміздік бұрыш	Сосцевидный угол	Mastoid angle
<i>For. parietale</i>	Шеке тесігі	Теменное отверстие	Parietal hole
<b><i>Os frontale</i></b>	<b>Маңдай сүйек</b>	<b>Лобная кость</b>	<b>Frontal bone</b>
<i>Squama frontalis</i>	Маңдай кабыршағы	Лобная чешуя	Frontal scales
<i>Facies externa</i>	Сыртқы бет	Наружная поверхность	Outer surface
<i>Tuber frontale</i>	Маңдай төмпесі	Лобный бугор	Frontal tuber
<i>Arcus superciliaris</i>	Қас үсті доғасы	Надбровная дуга	Superciliary arch
<i>Glabella</i>	Кенсірік үсті	Глабелла	Mesophryon
<i>Margo supraorbitalis</i>	Көзүя үсті жиегі	Надглазничный край	Supraorbital margin
<i>Incisura/for. supraorbitalis</i>	Көзүя үсті тілігі (тесігі)	Надглазничная вырезка (отверстие)	Supraorbital Notch (hole)
<i>Incisura/for. frontale</i>	Маңдай тілігі (тесігі)	Лобная вырезка (отверстие)	Frontal notch (hole)
<i>Facies temporalis</i>	Самайлык бет	Височная поверхность	Temporal surface
<i>Margo parietalis</i>	Шекелік жиек	Теменной край	Parietal region
<i>Linea temporalis</i>	Самай сызығы	Височная линия	Temporal line

<i>Processus zygomaticus</i>	Бет сүйектік өсінді	Скуловой отросток	Zygomatic process
<i>Facies interna</i>	Ішкі бет	Внутренняя поверхность	Inner surface
<i>Crista frontalis</i>	Маңдай қыры	Лобный гребень	Frontal crest
<i>Sul. sinus sagittalis superioris</i>	Жоғарғы сагитталды койнау-дын жүлгесі	Борозда верхнего сагиттального синуса	Groove for superior sagittal sinus
<i>For. caecum (caecum)</i>	Соқыр тесік	Слепое отверстие	Cecal foramen
<i>Pars nasalis</i>	Мұрындық бөлік	Носовая часть	Nasal part
<i>Spina nasalis</i>	Мұрындық қылқан	Носовая ость	Nasal spine
<i>Margo nasalis</i>	Мұрындық жиек	Носовой край	Nasal region
<i>Pars orbitalis</i>	Көзұялық бөлік	Глазничная часть	Orbital part
<i>Facies orbitalis</i>	Ішкі бет	Внутренняя поверхность	Inner surface
<i>(Spina trochlearis)</i>	(Шығыршық қылқаны)	(Блоковая ость)	(Block spine)
<i>Fovea trochlearis</i>	Шығыршық шұңқыры	Блоковая ямка	Block fossa
<i>Forr. ethmoidalia</i>	Торлы тесіктер	Решетчатые отверстия	Ethmoidal foramen
<i>Fossa glandulae lacrimalis</i>	Көз жас безі шұңқыры	Ямка слезной железы	Lacrimal gland fossa
<i>Incisura ethmoidalis</i>	Торлы тілік	Решетчатая вырезка	Ethmoidalis notch
<i>Sinus frontalis</i>	Маңдай койнауы	Лобная пазуха	Frontal sinus



<i>Apertura sinus frontalis</i>	Маңдай қойнауының тесігі	Апертура лобной пазухи	Aperture of the frontal sinus
<i>Septum sinuum prontalium</i>	Маңдай қойнауларының калқасы	Перегородка лобных пазух	Septum of frontal sinuses
<b><i>Os ethmoidale</i></b>	<b>Торлы сүйек, кеңсірік</b>	<b>Решетчатая кость</b>	<b>Ethmoid bone</b>
<i>Lam. cribrosa</i>	Торлы табакша	Решетчатая пластинка	Cribriform plate
<i>Crista galli</i>	Әтеш айдары	Петушинный гребень	Cockscomb
<i>Ala cristae galli</i>	Әтеш айдарының канаты	Крыло петушиного гребня	Wing of a cock's comb
<i>Lam. perpendicularis</i>	Перпендику- лярлы табакша	Перпенди- кулярная пластинка	Perpendicular plate
<b><i>Labirintus ethmoidalis</i></b>	<b>Торлы сүйектің лабиринті</b>	<b>Решетчатый лабиринт</b>	<b>Ethmoidal labyrinth</b>
<i>Cellulae ethmoidales</i>	Торлы ұяшықтар	Решетчатые ячейки	Ethmoid cells
<i>Lam. orbitalis</i>	Көзұялық табакша	Глазничная пластинка	Orbital plate
<i>Forr. etmoidalia</i>	Торлы тесіктер	Решетчатые отверстия	Ethmoidal foramen
<i>Concha nasalis superior</i>	Мұрынның жоғарғы калқаны	Верхняя носовая раковина	Superior nasal concha
<i>Concha nasalis media</i>	Мұрынның ортаңғы калқаны	Средняя носовая раковина	The average nasal concha


<i>Bulla ethmoidalis</i>	Үлкен торлы көпіршік	Большой решетчатый пузырек	Big ethmoid bubble
<i>Processus uncinatus</i>	Ілмек тәрізді өсінді	Крючковидный отросток	Hamulus
<i>Infundibulum ethmoidale</i>	Торлы сүйек күйғышы	Решетчатая воронка	Ethmoid funnel
<i>Hiatus semilunaris</i>	Жарты ай тәрізді санылау	Полулунная расщелина	Semilunar hiatus
<b><i>Concha nasalis inferior</i></b>	<b>Мұрынның төменгі қалқаны</b>	<b>Нижняя носовая раковина</b>	<b>Inferior nasal concha</b>
<i>Processus lacrimalis</i>	Көз жастық өсінді	Слезный отросток	Lacrimal process
<i>Processus maxillaris</i>	Жоғарғы жақ сүйектік өсінді	Верхнечелюстной отросток	Maxillary process
<i>Processus ethmoidalis</i>	Торлы сүйектік өсінді	Решетчатый отросток	Ethmoidal process
<b><i>Os lacrimale</i></b>	<b>Көз жас сүйегі</b>	<b>Слезная кость</b>	<b>Lacrimal bone</b>
<i>Crista lacrimalis posterior</i>	Артқы көз жас қыры	Задний слезный гребень	Posterior lacrimal crest
<i>Hamulus lacrimalis</i>	Көз жас ілмегі	Слезный крючок	Hook tear
<b><i>Os nasale</i></b>	<b>Мұрын сүйек</b>	<b>Носовая кость</b>	<b>Nasal bone</b>
<i>Sul. ethmoidalis</i>	Торлы жұлге	Решетчатая борозда	Grating groove
<b><i>Vomer</i></b>	<b>Желбезек</b>	<b>Сошник</b>	<b>Vomer</b>
<i>Ala vomeris</i>	Желбезек канаты	Крыло сошника	Wing of vomer
<i>Sul. vomeris</i>	Желбезек жұлгесі	Борозда сошника	Sulcus of vomer

## БЕТ СҮЙЕКТЕРІ


Бет сүйектері, *ossa facies*, сезім ағзаларына (көру, иіс сезу), ас қорыту (ауыз қуысы) мен тыныс (мұрын қуысы) жүйелерінің бастапқы бөліктеріне сүйекті орын түзеді.

### ЖОҒАРҒЫ ЖАҚ СҮЙЕК

Жоғарғы жақ сүйек, *maxilla*, қызметінің көп болуына байланысты құрылысы күрделі, жұп сүйек: сезім ағзаларының орны — көз ұя мен мұрын қуысын, мұрын және ауыз қуыстарының арасындағы қалқаны түзуге және шайнау аппаратының қызметіне қатысады (32-сурет).



32-сурет. Жоғарғы жақ сүйек. А — сыртқы беті: 1 — фронталды өсінді; 2 — көз жастық жұлге; 3 — көзұялық бет; 4 — көзұя астылық жұлге; 5 — көзұя астылық жиек; 6 — жоғарғы жақ сүйек төмпешігі; 7 — көзұя астылық тесік; 8 — бет сүйектік өсінді; 9 — альвеолярлық өсінді; 10 — ит тістік шұңқыр; 11 — альвеолалық томпақтар



Б



В

**32-сурет.** Жалғасы. Жоғарғы жак сүйек. Б — сыртқы беті: 1 — фронталды өсінді; 2 — көз жастық жұлге; 3 — жоғарғы жак сүйек қойнауының санылауы; 4 — самай астылық бет; 5 — тандай өсіндісі; 6 — альвеолалық өсінді. В — сыртқы беті: 1 — тіс ұяшықтары; 2 — тандай өсіндісі; 3 — бет сүйектік өсінді; 4 — ортаңғы тандай жігі; 5 — ұяшық аралық калқалар

Жоғарғы жақ сүйек дене мен төрт өсіндіден тұрады.

*Дене, corpus maxillae*, ішінде ауа болатын үлкен қойнау, *sinus maxillaris* (жоғарғы жақ сүйектік немесе гайморов қойнауы, қойнаудың қабынуы гайморит осыдан шыққан), кен тесігі, *hiatus maxillaries*, арқылы мұрын қуысына ашылады. Денесінің төрт бетін ажыратады. Алдыңғы беті, *facies anterior*, иілген. Ол төменгі жағынан тіс түбірлеріне байланысты дөңестенген *juga alveolaria* болатын альвеолярлы өсіндіге жалғасады. Ит тіске сәйкес келетін дөңес басқаларымен салыстырғанда айтарлықтай үлкен. Одан жоғары және латералды ит тістік шұңқыр, *fossa canina*, болады. Алдыңғы беті жоғарғы жағынан көзұя астылық жиек, *margo infraorbitalis*, арқылы көздік бетімен шектеседі. Одан төмен көзұядан аттас жүйкелер мен артериялар шығатын көзұя асты тесігі, *foramen infraorbitale*, болады. Алдыңғы беттің медиалды шекарасын мұрындық тілік, *incisura nasalis*, түзеді.

Самай асты беті, *facies infratemporalis*, алдыңғы бетінен бет өсіндісі арқылы бөлініп тұрады, ол жерде жоғарғы жақ сүйек төмпесі, *tuber maxillae* мен *sulcus palatines major* орналасады.

Мұрындық беті, *facies nasalis*, төменгі жағынан таңдай өсіндісінің жоғарғы бетіне жалғасады. Онда төменгі мұрын қалқанының қырқасын (*crista conchalis*) көреміз. Маңдай өсіндісінің артқы жағында болатын көз жас жұлгесі, *sulcus lacrimalis* көз жас сүйекпен және төменгі мұрын қалқанымен бірігіп, көзұя мен төменгі мұрын жолын байланыстыратын мұрын-көз жас өзегіне, *canalis nasolacrima*, айналады. Одан артқа қарай — *sinus maxillaries*-ке апаратын үлкен тесік болады.


Көздік беті, *facies orbitalis*, тегіс, жалпак үшбұрышты. Оның медиалды жиегінде, маңдай өсіндісінің артында көз жас сүйегі кіретін көз жас тілігі, *incisura lacrimalis*, болады. Көздік беттің артқы жиегіне жақын орналасқан көзұя асты жұлгесі, *sulcus infraorbitalis* алдынан жоғарыда айтылған жоғарғы жақ сүйектің алдыңғы бетіндегі *foramen infraorbitale*-ге ашылатын *canalis infraorbitalis*-ке айналады. Көзұя асты өзегінен алдыңғы тістерге баратын жүйкелер мен артериялар өтетін альвеолярлы өзектер, *canales alveolares*, шығады.

## Өсінділері

1. Мандай өсіндісі, *processus frontalis* — жоғары бағытталып, мандай сүйегінің *pars nasalis*-мен қосылады. Медиалды бетіндегі қырқа, *crista ethmoidalis* — ортанғы мұрын қалқанының бекитін жері.
2. Альвеолярлы өсінді, *processus alveolaris*-тың төменгі жиегінде жоғарғы сегіз тістің тістік ұяшықтары, *alveoli dentales* болады; олар бір-бірінен қалқалар, *septa interalveolaria*, арқылы бөлінген.
3. Таңдай өсіндісі, *processus palatinus* — ортанғы жік арқылы карама-қарсы жақтың аттас сүйегімен бірігіп, қатты таңдайдың, *palatum osseum*, көп бөлігін түзеді. Өсіндінің мұрын қуысына қараған жоғарғы бетінде, ортанғы жік бойымен өре сүйектің төменгі жиегімен байланысатын мұрын қырқасы, *crista nasalis*, болады. Жоғарғы бетінде, *crista nasalis*-тің алдыңғы шетіне жақын күрек тістік өзекке, *canalis incisivus*, апаратын тесік көрінеді. Жоғарғы беті тегіс, мұрын қуысына қараған төменгі беті бұдырлы (шырышты қабық бездерінің орны), ол жерде жүйкелер мен тамырлар өтетін бойлық жұлгелер, *sulci palatini*, болады. Жиі алдыңғы бөлігінде күрек тістік жік, *sutura incisiva*, байқалады. Ол жоғарғы жақ сүйекпен бірігіп кеткен күрек тістік сүйекті, *os incisivum*, бөліп тұрады. Бұл сүйек көптеген жануарларда жеке сүйек (*os intermaxillare*) болады, ал адамдарда сирек кездеседі.
4. Беттік өсінді, *processus zygomaticus* — бет сүйегімен қосылып, шайнау кезінде бет сүйегіне салмақ берілетін қалың доға түзеді.

## ТАҢДАЙ СҮЙЕГІ

Таңдай сүйегі, *os palatinum* жұп; ауыз, мұрын қуыстарын, көзұяны және қанат-таңдай шұңқырын құруға қатысады. Бұл жоғарғы жақ сүйекті толықтырып тұрған, бір-бірімен байланысқан екі табақшадан тұратын жінішке сүйек түріндегі өзіндік құрылысын түсіндіреді (33-сурет).



А



Б


**33-сурет.** Тандай сүйегі. А — сыртынан карағандағы көрінісі: 1 — көзұялық өсінді; 2 — сына тәрізді өсінді; 3 — сына-таңдай тілігі; 4 — перпендикулярлы табакша; 5 — горизонталды табакша. Б — ішінен карағандағы көрінісі: 1 — көзұялық өсінді; 2 — сына тәрізді өсінді; 3 — сына-таңдай тілігі; 4 — перпендикулярлы табакша; 5 — горизонталды табакша

1. Горизонталды табакша, *lamina horizontalis*, артқы жағынан *processus palatinus maxillae*-ны толықтырып, қатты таңдай, *palatum osseum*, түзеді. Горизонталды табакшаның төменгі бетінде орналасқан үлкен таңдайлық тесік, *foramen palatinum majus*, арқылы *canalis palatinus major*-дан өтетін таңдай тамырлары мен жүйкелері шығады.
2. Перпендикулярлы табакша, *lamina perpendicularis*, жоғарғы жақ сүйектің *facies nasalis*-не жанасып жатады. Оның латералды бетінен жоғарғы жақ сүйектің аттас жұлгесімен бірге *canalis palatinus major* түзетін жұлге, *sulcus palatinus major* өтеді. Медиалды бетінде ортаңғы (*crista ethmoidalis*) және төменгі (*crista conchalis*) қалқандары бекитін екі кырка болады. Таңдай сүйегінің үш өсіндісін ажыратады: біреуі, *processus pyramidalis*, горизонталды және перпендикулярлы табакшалардың қосылатын жерінен артқа және латералды бағыттталып, тұтас бас сүйекте сына тәрізді сүйектің қанат тәрізді өсіндісінің тілігін толтырып тұрады. Оны вертикалды тесіп өзекшелер, *canales minores*, арқылы жүйкелер мен тамырлар өтеді. Қалған екі өсінді перпендикулярлы табакшаның жоғарғы жиегінен шығынқы орналасып, өзара тілік, *incisura sphenopalatine*, түзеді. Бұл тілік сына тәрізді сүйектің денесімен қосылып, тесікті, *foramen sphenopalatinum*, шектейді (аттас жүйкелер мен тамырлар өтеді). Бұл өсінділердің алдыңғысы көзұя түбін ең артқы бұрышында толықтырып, *processus orbitalis* деп, ал артқысы сына тәрізді сүйек денесінің төменгі бетімен жанасып, *processus sphenoidalis* деп аталады.

## ТӨМЕНГІ МҰРЫН ҚАЛҚАНЫ

Төменгі мұрын қалқаны, *concha nasalis inferior* жұп; ол торлы сүйектің құрамдық бөлігі болып табылатын жоғарғы және ортаңғы мұрын қалқандарымен салыстырғанда жеке сүйек болып табылады (34-сурет). Ол өзінің жоғарғы жиегімен мұрын қуысының бүйір қабырғасына бекіп, ортаңғы мұрын жолын





34-сурет. Төменгі мұрын калқаны: 1 — *proc. ethmoidalis*; 2 — *proc. lacrimalis*; 3 — *proc. maxillaris*

төменгіден бөліп тұрады. Төменгі жиегі бос, ал жоғарғысы жоғарғы жақ сүйектің *crista conchalis*-мен және таңдай сүйекпен байланысады.

## МҰРЫН СҮЙЕГІ

Мұрын сүйегі, *os nasale* жұп, пішіні алдынан кішкене ұзарған, аздап дөнестенген төрт бұрышты (35-сурет). Екінші жұбымен жанасып, мұрын түбірінде мұрын арқасын түзеді.



35-сурет. Мұрын сүйегі

Оның жоғарғы жиегі маңдай сүйегінің мұрын бөлігімен, латералды жиегі жоғарғы жақ сүйектің маңдай өсіндісінің алдыңғы жиегімен байланысады.

Алдыңғы беті тегіс, тамырлар мен жүйкелерге арналған бір немесе бірнеше тесігімен тесілген, артқы беті кішкене иілген, ол жерде алдыңғы торлы жүйке өтетін аттас жұлге, *sulcus ethmoidalis* болады. Мұрын сүйектерінің ішкі жиектері бір-бірімен жанасып, бойлық ұнғыл орналасатын мұрын аралық жік, *sutura internasalis* түзеді.

Екі сүйекті ішкі беттерімен маңдай сүйегінің мұрын қырына және торлы сүйектің перпендикулярлы табақшасына жанасады.

## КӨЗ ЖАС СҮЙЕГІ

**Көз жас сүйегі**, *os lacrimale* жұп, пішіні сопақша төрт бұрышты табақша тәрізді (36-сурет). Ол — жоғарғы жақ сүйектің *processus frontalis*-нің артында көзұяның медиалды қабырғасын құруға қатысатын жұқа табақша. Жоғарғы жиегі маңдай сүйегінің көздік бөлігімен қосылып маңдай-көз жас тігісі, *sutura frontolacrimalis*, түзеді, ал артқы жиегі — торлы сүйектің көздік табақшасының алдыңғы жиегімен байланысады. Латералды



А



Б


**36-сурет.** Көз жас сүйегі. А — сыртынан карағандағы көрінісі. Б — ішінен карағандағы көрінісі

бетінде артқы көз жас қырқасы, *crista lacrimalis posterior* орналасады. Қырканың алдынан өтетін көз жас жүлгесі, *sulcus lacrimalis* жоғарғы жақ сүйектің маңдай өсіндісіндегі жүлгемен қосылып, көз жас қапшығын, *fossa sacci lacrimalis*, түзеді.


Бұл сүйек торлы сүйектің алдыңғы ұяшықтарын жауып тұрады, латералды бетіндегі артқы көз жас қырқасы, *crista lacrimalis posterior* оны артқы — үлкен және алдыңғы — кіші бөліктерге бөледі. Қырка томпақ — көз жас ілмегімен, *hamulus lacrimalis*, аяқталады. Соңғысы жоғарғы жақ сүйектің маңдай өсіндісіндегі көз жас жүлгесіне бағытталады. Артқы бөлігі жалпақтанған, алдыңғысы иіліп, көз жас жүлгесі, *sulcus lacrimalis*, түзеді. Бұл жүлге жоғарғы жақ сүйектің көз жас жүлгесімен, *sulcus lacrimalis maxillae*, бірге көз жас қапшығының шұңқырын, *fossa sacci lacrimalis*, түзеді, ол өз кезегінде мұрын-көз жас өзегіне, *canalis nasolacrimalis*, жалғасады. Бұл өзек төменгі мұрын жолына, *meatus nasalis inferior*, ашылады.

## ЖЕЛБЕЗЕК

Желбезек, *vomer*, тақ сүйек; дұрыс емес төрт бұрыш пішінді (37-сурет), мұрынның сүйекті қалқасының құрамына кіреді.



37-сурет. Желбезек. А — бүйірінен қарағандағы көрінісі



37-сурет. Жалғасы. Желбезек. Б — жоғарыдан карағандағы көрінісі

Артқы жиегі бос, мұрын қуысын жұтқыншақтың мұрын бөлігімен байланыстыратын қуыс — хоананы, *choanae*, екіге бөліп тұратын мұрынның сүйекті қалқасының артқы жиегі болып табылады.

## БЕТСҮЙЕК

Бетсүйек, *os zygomaticum*, жұп, бет сүйектерінің ішіндегі ең мықтысы болып табылады (38-сурет); ол маңдай, самай және жоғарғы жақ сүйектерінің бет өсінділерін бір-бірімен қосу арқылы олардың бас сүйекке қатысты бір-бірімен байланысын нығайтып, беттің маңызды архитектуралық бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, бет сүйектің көп бөлігі шайнау бұлшықетінің басталатын жері болып табылады.



38-сурет. Бетсүйек. А — сыртынан карағандағы көрінісі




38-сурет. Жалғасы. Бетсүйек. Б — ішінен карағандағы көрінісі

Сүйектің орналасуына байланысты үш бетін және екі өсіндісін ажыратады. Бүйір беті, *facies lateralis*, төрт бұрышты жұлдыз тәрізді және алға қарай аздап дөнестене орналасады. Артқы, тегіс, самай шұңқырына қарай бағытталған беті, *facies temporalis*; үшінші беті, көздік, *facies orbitalis*, көзүя қабырғаларын түзуге қатысады. Жоғарғы, маңдай өсіндісі, *processus frontalis*, маңдай сүйегінің бет өсіндісімен және сына тәрізді сүйектің үлкен канатымен байланысады. Латералды өсіндісі, *processus temporalis*, самай сүйектің бет өсіндісімен байланысып, бет доғасын түзеді — шайнау бұлшықетінің басталатын жері.


## ТӨМЕНГІ ЖАҚ СҮЙЕК

Төменгі жақ сүйек, *mandibula*, бас сүйектің жалғыз қозғалмалы сүйегі болып табылады (39-сурет). Пішіні қызметі (шайнау аппаратының маңызды бөлігі) мен бірінші желбезек (мандибулярлы) доғасынан дамуына байланысты таға тәрізді болып келген.

Төменгі жақ сүйектің тістер орналасатын горизонталды бөлігі — денесі, *corpus mandibulae*, мен шықшыт буынын құруға қатысатын және шайнау бұлшықеттері бекитін вертикалды орналасқан екі тармағын, *rami mandibulae*, ажыратады. Горизонталды және вертикалды екі бөлігі бұрыш, *angulus man-*



**39-сурет.** А — төменгі жак сүйек. Бүйір көрінісі: 1 — айдаршықтык өсінді; 2 — тәждік өсінді; 3 — төменгі жак сүйек тілігі; 4 — төменгі жак сүйек тесігі; 5 — төменгі жак сүйек тілшігі; 6 — төменгі жак сүйек тармағы; 7 — шайнау бұдырмағы; 8 — альвеолярлык бөлігі; 9 — төменгі жак сүйек денесі; 10 — иектік тесік; 11 — төменгі жак сүйек бұрышы; 12 — иек төмпесі; 13 — төменгі жак сүйек негізі. Б — ішінен карағандағы көрінісі: 1 — төменгі жак сүйек тілшігі; 2 — төменгі жак сүйек тесігі; 3 — жак-тіл асты сызығы; 4 — иектік кырқа; 5 — жак-тіл асты сызығы; 6 — кос қарыншалы шұңқыр; 7 — төменгі жак сүйек шұңқыры; 8 — канат тәрізді бұдырмак; 9 — төменгі жак сүйек бұрышы



**39-сурет.** Жалғасы. В — жоғарыдан карағандағы көрінісі: 1 — айдаршықтық өсінді; 2 — төменгі жақ сүйек тілшігі; 3 — тәждік өсінді; 4 — ұяшық аралық калка; 5 — төменгі жақ сүйек денесі; 6 — иектік тесік; 7 — иектік шодыр

*dibulae*, түрінде қосылады, оның сыртқы бетіне шайнау бұлшықеті бекіп, шайнау бұдырмағы, *tuberositas masseterica* түзеді. Бұрыштың ішкі бетіндегі канат тәрізді бұдырмақ, *tuberositas pterygoidea* — аттас шайнау бұлшықеті, *m. pterygoideus medialis*, бекітін орын. Сондықтан шайнау аппаратының қызметі осы бұрыш көлеміне әсер етеді. Төменгі жақ сүйек денесінің құрылысы мен бедері тістердің болуымен және оның ауыз қуысын құруымен түзіледі.

Сонымен, тістер орналасатын жоғарғы бөлігінің, *pars alveolaris*, жиегінде, *arcus alveolaris* орналасқан тістік ұяшықтар (альвеолалар), *alveoli dentales* калқалармен, *septa interalveolaria* бөлініп тұрады, олар сыртқы альвеолярлық томпақтарға, *juga alveolaria*, сәйкес. Дененің дөңгелектенген төменгі бөлігі көлемді, төменгі жақ сүйек негізін, *basis mandibulae*, құрайды.

Қырка дененің орта сызығы бойында пішіні үшбұрышты иектік томпаққа, *protuberantia mentalis*, жалғасады. Бұл томпақтың екі жағында бір-бірден иектік төмпешіктер, *tubercula mentalia*, болады. Дененің латералды бетінде, 1 және 2 кіші азу тістер аралығы денгейінде орналасқан иектік тесік, *foramen mentale*, тамырлар мен жүйкелердің төменгі жақ сүйек өзегіне, *canalis mandibulae*, кіретін жері болып табылады.

*Tuberculum mentale* аймағында артқа және жоғары қарай созылып орналасқан қиғаш сызық, *linea oblique*, болады. Ішкі бетінде симфиз аймағында орналасқан екі иектік қырка, *spinae mentales*, *mm. genioglossi*, сінірінің бекітін жері.

*Spina mentalis*-тің бүйір жағында, сүйектің төменгі жиегіне жақын қос қарыншалы бұлшықет, *fossae digastricae*, бекітін орын көрінеді. Тармақ бағытында артқа және жоғары қарай орналасқан жақ-тіл асты сызығы, *linea mylohyoidea* — аттас бұлшықеттің бекітін орны.

Төменгі жақ сүйек тармақтары, *ramus mandibulae* денесінің артқы бөлігінен әр жағынан жоғары бағыттталып орналасады. Оның ішкі бетінде орналасқан төменгі жақ сүйек тесігі, *foramen mandibulae* жоғарыда айтылған *canalis mandibularis*-ке апарады.

Тесіктің ішкі жиегі төменгі жақ сүйек тілшігі, *lingula mandibulae* түрінде шығынқы орналасады — *lig. sphenomandibulare* бекітін жер. *Lingula*-ның артында жақ-тіл асты жүлгесі, *sulcus mylohyoideus* басталып, төмен және алға бағытталады (жүйкелер мен қан тамырлардың ізі). Төменгі жақ сүйек тармағы жоғарыдан екі өсіндімен аяқталады: алдыңғысы — тәждік өсінді, *processus coronoideus* (күшті самай бұлшықетінің тартылыс әсерімен түзіледі), ал артқысы — айдаршықтық өсінді, *processus condylaris*, шықшыт буынын құруға қатысады. Екі өсінді арасында тілік, *incisura mandibulae*, түзіледі. Тармақтың ішкі бетінде соңғы үлкен азу тістер ұяшығынан тәждік өсінді бағытында ұрт бұлшықетінің қырқасы, *crista buccinatoria*, шығады.


Айдаршықтық өсіндінің басын, *caput mandibulae*, және мойнын, *collum mandibulae*, ажыратады; мойынның алдыңғы жа-



ғында шұңқыр, *fovea pterygoidea*, болады (*m. pterygoideus lateralis*-тің бекітін жері).

## ТІЛ АСТЫ СҮЙЕГІ

Тіл асты сүйегі, *os hyoideum* төменгі жақ сүйек пен көмейдің арасында, тілдің негізінде орналасады (40-сурет). Ол екінші және үшінші желбезек доғаларынан дамып, мойында орналасқанымен, бет сүйектеріне жатады.



40-сурет. Тіл асты сүйегі

Дамуына сәйкес пішіні доға тәрізді болады. Тіл асты сүйегінің денесін, *corpus*, және екі жұп үлкен және кіші мүйіздерін, *cornua majora* және *cornua minora* ажыратады. Бұл сүйек кіші мүйіздерден самай сүйектің біз тәрізді өсіндісіне баратын екі ұзын фиброзды тәжі, *lig. stylohyoideum*, арқылы шүйде сүйек негізіне ілініп тұрады.

## ТҰТАС БАССҮЙЕК


**Бас сүйектің сыртқы беті.** Бас сүйектің сыртқы бетінің алдынан карағандағы бөлігі (*norma facialis*) жоғарынан маңдай аймағынан, екі көзұядан және олардың арасында орналасқан мұрынның алмұрт тәрізді тесігінен тұрады; көзұядан төмен, мұрын тесігінен латералды жоғарғы тістер мен жақ сүйектің алдыңғы беті көрінеді (41-сурет). Көзұяны латералды жағынан шектейтін бет сүйек маңдай сүйегімен де, жоғарғы жақ сүйегімен де байланысады. Ал төменгі жағынан қозғалмалы төменгі жақ сүйек шектейді.

**Көзұя, *orbita*** — жұп қуыс, пішіні бойынша негізімен алға, ал ұшымен артқы және медиалды бағытталған пирамиданы еске түсіреді (42-сурет). Пирамида негізі көзұя кіре берісі, *aditus orbitae*, болып табылады. Көзұя ұшында көру өзегі, *canalis opticus* өтеді.


Көзұяда көз алмасы, оның бұлшықеттері, көз жас безі және көру ағзасының басқа да қосалқы аппараттары орналасады. Көзұя кіре берісін шектейді: жоғарыдан — маңдай сүйегінің көзұя үсті жиегі; төменінен — жоғарғы жақ сүйектің көзұя асты жиегі мен бет сүйегінің көзұя асты жиегінің бөлігі; медиалды — жоғарғы жақ сүйектің маңдай өсіндісі; латералды — бет сүйек.

Көзұяның төрт қабырғасын ажыратады: жоғарғы, медиалды, латералды және төменгі.

Жоғарғы қабырғасы, *paries superior*, тегіс, аздап иілген, горизонталды орналасады. Ол маңдай сүйегінің көздік бетінен және оған артқы жағынан шектей орналасатын сына тәрізді сүйектің кіші қанатынан құралады. Көзұяның жоғарғы бетінің латералды жағында терен емес көз жас безінің шұңқыры, *fossa glandulae lacrimalis*, орналасады. Жоғарғы бетінің медиалды жиегінде маңдай тілігіне жақын орналасқан ұңғыл — шығыр шұңқырының, *fovea trochlearis*, қасында көлемі кішігірім — шығыр білігі, *spina trochlearis*, көрінеді. Оған көздің жоғарғы қиғаш бұлшықетінің сініріне арналған шеміршекті шығыр,



**41-сурет.** Бас сүйек. Алдынан карағандағы көрінісі: 1 — мандай сүйек; 2 — көзұялық жоғарғы саңылау; 3 — көру өзегі; 4 — самай сүйек; 5 — торлы сүйектің ортаңғы мұрын калканы; 6 — төменгі мұрын калканы; 7 — өре сүйек; 8 — альвеоларлық жиек; 9 — төменгі жак сүйек; 10 — жоғарғы жак сүйек; 11 — бет сүйек; 12 — көз жас сүйегі; 13 — торлы сүйек; 14 — сына тәрізді сүйек; 15 — мұрын сүйегі; 16 — шеке сүйек; 17 — тәждік жік



**42-сурет.** Көзүя: 1 — торлы сүйек; 2 — көзүя үстілік жиек; 3 — көз жас сүйегі; 4 — мұрын сүйегі; 5 — мұрын-көз жас өзегі; 6 — тандай сүйегі; 7 — көзүя астылық жиек; 8 — жоғарғы жақ сүйек; 9 — көзүя астылық жүлге; 10 — төменгі көзүя астылық санылау; 11 — бет сүйек-бет тесігі; 12 — бет сүйек; 13 — жоғарғы көзүя астылық санылау; 14 — көру өзегі; 15 — сына тәрізді сүйек; 16 — маңдай сүйек

*trochlea*, бекиді. Көз үсті жиегінде, медиалды орналасқан маңдай тілігінен басқа, одан латералдырақ көз үсті тілігі, *incisura supraorbitalis*, болады, ол кейде жүйкелер мен тамырлар өтетін аттас тесікке айналады.

Медиалды қабырғасы, *paries medialis*, сагитталды орналасқан. Оны сәйкесінше алдан артқа қарай жоғарғы жақ сүйектің маңдай өсіндісі, көз жас сүйегі, торлы сүйектің көздік табакшасы, сына тәрізді сүйек денесі (артынан) және маңдай сүй-

егінің көздік бөлігінің ең медиалды бөлігі (жоғарынан) түзеді. Бұл қабырғаның алдыңғы қабырғасында орналасқан көз жас қапшығының шұңқыры, *fossa sacci lacrimalis*, алдыңғы және артқы көз жастық қырқалармен шектелген. Бұл шұңқыр төменгі жағынан мұрын қуысының төменгі мұрын жолына ашылатын мұрын-көз жас өзегіне, *canalis nasolacrimale*, жалғасады. Өзек қабырғалары жоғарғы жақ сүйектің көз жас өзегімен, көз жас сүйегімен және төменгі мұрын қалқанының көз жас өсіндісімен түзілген. Торлы сүйектің көздік табақшасы мен маңдай сүйегінің арасындағы жікте екі торлы тесік — алдыңғы, *foramen ethmoidale anterius*, мен артқы, *foramen ethmoidale posterius*, болады. Бұл тесіктер арқылы аттас тамырлар мен жүйкелер көзұядан шығып, торлы сүйек лабиринтінің ұяшықтарына кіреді.

Көзұяның төменгі қабырғасы, *paries inferior*, негізінен жоғарғы жақ сүйек денесінің көздік бетінен құралады. Оған артқы жағынан таңдай сүйегінің көздік өсіндісі, ал алдынан — бет сүйегі қосылады. Көзұяның төменгі қабырғасынан өтетін көзұя асты жүлгесі көзұя асты өзегіне, *canalis infraorbitalis*, жалғасады. Ол жоғарғы жақ сүйектің алдыңғы бетінде аттас тесікпен, *foramen infraorbitale*, ашылады.

Көзұяның латералды қабырғасы, *paries lateralis*, сына тәрізді сүйектің үлкен канаттарының көздік бетімен және бет сүйектің маңдай өсіндісімен түзіліп, қиғаш орналасады және көзұяның жоғарғы, төменгі қабырғаларынан саңылаулар арқылы бөлінеді. Латералды қабырғаның төменгіге өтетін жерінде төменгі көзұялық саңылау, *fissura orbitalis inferior*, орналасады. Ол бір жағынан жоғарғы жақ сүйектің көздік бетінің артқы жиегімен және таңдай сүйегінің көздік өсіндісімен, ал екінші жағынан сына тәрізді сүйектің үлкен канатының көздік бетінің төменгі жиегімен шектелген. Бұл саңылау көзұя қуысын самай асты және қанат-таңдай шұңқырларымен байланыстырады.

Көзұяның латералды және жоғарғы қабырғаларының арасында орналасқан жоғарғы көзұялық саңылау, *fissura orbitalis superior*, көзұяны бас сүйектің ортаңғы шұңқырымен бай-

ланыстырады. Көзұяның латералды қабырғасында кішігірім бет-көзұялық тесік, *foramen zygomatico orbitalis*, болады. Ол бет сүйек-бет тесігі, *foramen zygomatico facialis*, арқылы бет сүйегінің сыртқы бетіне және бет-самай тесігі, *foramen zygomatico-temporale*, арқылы оның самайлық бетіне ашылатын өзекке апарды.

## МҰРЫН ҚУЫСЫ

Мұрын қуысы, *cavitas nasi*, бас сүйектің беттік бөлігінің орталығында орналасып, жан-жағынан қуыстармен шектеледі: жоғарынан — бас сүйек қуысы (бас сүйектің алдыңғы шұңқыры), төменінен — ауыз қуысы, бүйірлерінен — көзұялар мен гайморов койнаулары. Қуыс сагитталды жазықтықта орналасқан сүйекті табакша, *septum nasi osseum*, арқылы екіге бөлінген.

Табакша жоғарғы жақ сүйектердің *crista nasalis*-не бекіген өре сүйек пен торлы сүйектің перпендикулярлы табакшасынан, тандай сүйектерінен тұрады. Қалқа әдетте бір жағына қарай қисықтау орналасып, орта жазықтықпен сирек сәйкеседі. Оған алдыңғы жағынан шеміршек байланысатындықтан, мацерирленген бас сүйекте мұрын қуысының алдыңғы алмұрт тәрізді тесігі, *apertura piriformis*, бөлінбеген. Алмұрт тәрізді тесік жоғарғы жақ сүйектерінің мұрындық тіліктерімен және мұрын сүйектерінің төменгі жиектерімен шектелген. Төменгі жағынан орта сызық бойында алдыңғы мұрын қылқаны, *spina nasalis anterior*, шығып тұрады.

Мұрын қуысы артқы жағынан жұп тесік — оң және сол хоаналар, *choanae*, арқылы жұтқыншақтың мұрын бөлігімен байланысады. Хоана латералды жағынан — канат тәрізді өсіндінің медиалды табакшасымен, медиалды жағынан — өре сүйекпен, жоғарыдан — сына тәрізді сүйектің денесімен, төменінен — тандай сүйегінің горизонталды табакшасымен шектеледі.

Мұрын қуысының төрт қабырғасын ажыратады: жоғарғы, төменгі және екі бүйір қабырғалары. Жоғарғы қабырғасын алдынан бастағанда мұрын сүйектері, маңдай сүйегінің мұрын-

дық бөлігі, торлы сүйектің торлы табакшасы және сына тәрізді сүйектің денесі құрайды.


Төменгі кабырғалары жоғарғы жақ сүйектерінің таңдай өсінділерінен және таңдай сүйектерінің горизонталды табакшаларынан құралады. Аталған сүйектер орта сызық бойында мұрын қырқасы, *crista nasalis*, түзеді. Мұрын қырқасының алдыңғы шетінде күрек тістік өзекке, *canalis incisivus*, апаратын тесік болады.

Мұрын қуысының латералды кабырғасының құрылысы күрделі (43-сурет). Оның құрамына алты сүйек кіреді: жоғарғы жақ сүйек (денесінің *facies nasalis-i* мен *processus frontalis*), көз жас сүйегі, торлы сүйек лабиринті, таңдай сүйегі (*lamina perpendicularis*), сына тәрізді сүйек (*lamina medialis processus pterygoidei*) және төменгі мұрын қалқаны. Мұрын қуысының латералды кабырғасында бір-бірінің астында орналасатын үш мұрын қалқаны орналасады. Жоғарғы, *concha nasalis superior*, мен ортаңғы, *concha nasalis media*, торлы лабиринтке жатады, ал төменгі мұрын қалқаны, *concha nasalis inferior*, жеке сүйек болып келеді.

Осы мұрын қалқандарына байланысты мұрын қуысының бүйір бөлігі үш мұрын жолына бөлінеді: жоғарғы, ортаңғы және төменгі.

Жоғарғы мұрын жолы, *meatus nasi superior*, жоғарынан — жоғарғы мұрын қалқанымен, ал төменінен — ортаңғы мұрын қалқанымен шектеледі. Бұл мұрын жолы мұрын жолдарының арасындағы ең қысқасы, әлсіз дамыған, мұрын қуысының артқы бөлігінде орналасады. Оған торлы сүйектің артқы ұяшықтар, жартылай ортаңғы ұяшықтары, ал жоғарғы мұрын қалқанының артқы шетінде — сына тәрізді сүйек апертурасы, *apertura sinus sphenoidale*, ашылады.

Ортаңғы мұрын жолы, *meatus nasi medius*, ортаңғы және төменгі мұрын қалқандарының арасында орналасқан. Ол жоғарғымен салыстырғанда ұзынырақ және жалпақтау. Ортаңғы мұрын жолына торлы сүйектің алдыңғы және ортаңғы ұяшықтары, маңдай қойнауының апертурасы, *aperture sinus frontalis*



**43-сурет.** Мұрын қуысының латералды кабырғасы: 1 — маңдай сүйегі; 2 — маңдай қойнауы; 3 — сына тәрізді қойнау; 4 — сына тәрізді сүйек; 5 — жоғарғы мұрын қалқаны; 6 — ортаңғы мұрын қалқаны; 7 — төменгі мұрын қалқаны; 8 — тандай сүйек; 9 — жоғарғы жак сүйек; 10 — мұрын сүегі; 11 — торлы сүйек

және *hiatus maxillaris* арқылы гайморов қойнауы ашылады. Ортаңғы мұрын жолының артында орналасқан сына-тандай тесігі, *foramen sphenopalatinum*, ортаңғы мұрын жолын канат-тандай шұңқырымен байланыстырады.

Төменгі мұрын жолы, *meatus nasi inferior*, мұрын жолдарының арасындағы ең ұзыны және жалпағы, төменгі мұрын




қалқаны мен мұрын қуысының төменгі қабырғасының арасында орналасады. Төменгі мұрын жолының алдыңғы бөлігіне көзұяда басталатын мұрын-көз жас өзегі, *canalis nasolacrimale*, ашылады.

Медиалды жағынан мұрын қуысының қалқасы мен латералды жағынан мұрын ұяшықтарының арасында орналасқан жінішке санылау жалпы мұрын жолын құрайды.

Мұрын жанындағы қойнауларға (*sinus paranasales*) жоғарғы жақ сүйектік, сына тәрізді және маңдай қойнаулары мен торлы сүйек ұяшығын жатқызады (44-сурет).

Жоғарғы жақ сүйек қойнауы, *sinus maxillaris*, жұп, жоғарғы жақ сүйек денесінің ішінде орналасатын ең үлкен қойнау. Си-



**44-сурет.** Мұрын жанындағы қойнаулар: 1 — маңдай қойнауы; 2 — торлы сүйек қойнауы; 3 — сына тәрізді қойнау; 4 — жоғарғы жақ сүйек қойнауы

рек жағдайда ені 1–2 см болатын өте кішкентай қойнау кездеседі. Оның пішіні негізі мұрын қуысының латералды қабырғасына бағытталған үш қырлы пирамида тәрізді немесе дұрыс емес пішінді болуы мүмкін.


Сына тәрізді қойнау, *sinus sphenoidalis*, сына тәрізді сүйек денесінің ішінде орналасады. Қойнаудың тесігі — апертурасы — оның алдыңғы қабырғасында орналасып, мұрын қуысының артқы қабырғасының жоғарғы бөлігіне ашылады. Қойнау жиі торлы сүйектің артқы ұяшықтарымен қатынасады.

Маңдай қойнауы, *sinus frontalis*, жұп, маңдай сүйек тереңінде орналасып, негізі төменге, ал ұшы жоғары бағытталған қысыңқы үшбұрышты пирамида пішінді болады. Қойнаулардың көлемдері мен даму деңгейі өзгермелі болып келеді. Маңдай қойнауы долихоцефалдарға қарағанда брахицефалдарда әдетте үлкенірек, тек 50% жағдайда ғана ортасында орналасады. Оның қабырғаларын маңдай сүйектің тығыз қабатының шырышты қабықпен жабылған сыртқы және ішкі табақшалары құрайды. Қойнау тесігі — оның апертурасы ортанғы мұрын жолына ашылады.

Торлы ұяшықтар, *labyrinthus ethmoidalis*, үш топқа бөлінетін көптеген ұяшықтардан тұрады: олар торлы сүйектің алдыңғы, ортанғы және артқы ұяшықтары болып бөлінеді. Алдыңғы ұяшықтар ортанғы мұрын жолына, ортанғылары — ортанғы немесе жоғарғы мұрын жолына, ал артқылары жоғарғы мұрын жолына ашылады.

## АУЫЗ ҚУЫСЫ

Ауыз қуысының, *cavitas oris*, тек алдыңғы, бүйір және жоғарғы қабырғалары ғана сүйекті болып келеді (45-сурет). Алдыңғы және бүйір жақтарынан тістермен, жоғарғы жақ сүйектің альвеолярлы өсінділерімен, альвеолярлы доғамен және жартылай төменгі жақ сүйек денесі мен төменгі жақ сүйек тармағынан түзіледі. Жоғарғы қабырғасын қатты таңдай, *palatum osseum*, түзеді.



**45-сурет.** Қатты тандай. Төменінен карағандағы көрінісі. 1 — күрек тістік тесік; 2 — күрек тістік жік; 3 — жоғарғы жақ сүйектің тандай өсіндісі; 4 — тандайдың ортаңғы жігі; 5 — тандайдың көлденең жігі; 6 — тандай сүйегінің горизонталды табакшасы; 7 — үлкен тандай тесігі; 8 — кіші тандай тесігі; 9 — артқы мұрын қылқаны

Қатты тандай жоғарғы жақ сүйектің тандай өсінділерімен және тандай сүйектің горизонталды табакшаларымен түзіледі. Қатты тандай алдынан және бүйірінен бірігіп альвеолярлы доға түзетін жоғарғы жақ сүйектің альвеолярлы өсінділерімен шектеледі.

Қатты тандай — орта сызық бойынша тандайдың ортаңғы жігі, *sutura palatina mediana*, өтетін жоғары қарай иілген табакша. Жоғарғы жақ сүйектің тандай өсінділері мен тандай сүйектерінің арасында оған перпендикулярлы көлденең жік, *sutura palatina transversa*, орналасады.


Ортаңғы жіктің алдыңғы шетінде тақ тесік күрек тістік өзек, *canalis incisivus*, орналасады. Таңдай сүйектің горизонталды табакшасында оның артқы жиегіне жақын әр жағында ауыз қуысын канат-таңдай шұңқырымен байланыстыратын үлкен таңдайлық өзектің тесігі мен 2—3 кіші таңдайлық өзектер орналасады.

**Самай шұңқыры**, *fossa temporalis*, Milky бас сүйектің бүйір бетінде орналасады (46-сурет). Бастың бұл беті *fossa temporalis* тұсында *planum temporale* деп аталады. Самай шұңқырының медиалды, алдыңғы және латералды қабырғаларын ажыратады. Медиалды қабырғасы төбе, маңдай сүйектерімен, самай сүйегінің қабыршағымен және сына тәрізді сүйектің үлкен канатымен түзіледі. Алдыңғы қабырғасы бет сүйек сүйегінің самайлық бетімен, ал латералды қабырғасы бет доғасымен түзілген.

Самай шұңқырында самай бұлшықеті, *m. temporalis*, орналасады. Самай шұңқыры төменгі жағынан самай асты шұңқырына жалғасады. Олардың арасындағы шекара самай асты қырқасы, *crista infratemporalis*.

Бас сүйектің беттік және Milky бөліктерінің арасында жоғарғы жақ сүйек артында **самай асты шұңқыры**, *fossa infratemporalis*, орналасады. Ол жоғарыда орналасқан самай шұңқырынан сына тәрізді сүйектің үлкен канатының самай асты қырқасы арқылы бөлінген. Самай асты шұңқыры сүйектермен тек жартылай ғана шектеледі. Жоғарғы қабырғасы — самай сүйегі мен сына тәрізді сүйектің үлкен канаты. Медиалды қабырғасы — сына тәрізді сүйектің канат тәрізді өсіндісінің латералды табакшасы, алдыңғы қабырғасы — жоғарғы жақ сүйек төмпесі мен жартылай бет сүйегі, латералды — бет доғасы мен төменгі жақ сүйек тармағы.

Самай асты шұңқыры алдыңғы жағынан төменгі көзұялық санылау арқылы көзұямен байланысады, ал медиалды канат — жоғарғы жақ сүйектік санылау, *fissura pterygomaxillaris*, арқылы канат-таңдай шұңқырына жалғасады.




**46-сурет.** Самай жэне самай асты шұңқырлары. Бүйірінен карағандағы көрінісі (оң жақ). Бет доғасы алынып тасталған: 1 — сына тәрізді сүйектің үлкен канаты; 2 — самай сызығы; 3 — маңдай сүйегінің самайлық беті; 4 — маңдай сүйегінің бет сүйектік өсіндісі; 5 — бет сүйегінің маңдай өсіндісі; 6 — көзұяның төменгі саңылауы; 7 — сына тәрізді сүйектің үлкен канатының жоғарғы жақ сүйектік беті; 8 — сына-таңдай тесігі; 9 — көзұя астылық тесік; 10 — альвеолярлық тесік; 11 — жоғарғы жақ сүйектің бет сүйектік өсіндісі; 12 — жоғарғы жақ сүйек төмпесі; 13 — таңдай сүйегінің пирамидалық өсіндісі; 14 — канат тәрізді ілмек; 15 — канат тәрізді өсіндінің латералды табакшасы; 16 — канат-жоғарғы жақ сүйектік саңылау; 17 — таңдай сүйегінің перпендикулярлы табакшасы; 18 — самай асты шұңқыры; 19 — сына тәрізді сүйектің үлкен канатының самай асты беті; 20 — бет доғасы (кесілген); 21 — самай асты қырқасы; 22 — сына-бет сүйектік жік; 23 — самай сүйек кабыршағы; 24 — сына-кабыршақты жік

**Қанат-таңдай шұңқырының**, *fossa pterygopalatina*, үш кабырғасы бар: алдыңғы, артқы және медиалды. Алдыңғы кабырғасы жоғарғы жақ сүйек төмпесінен; артқы — сына тәрізді сүйектің канат тәрізді өсіндісінен; медиалды — таңдай сүйегінің перпендикулярлы табакшасынан түзіледі (47-сурет). Қанат-таңдай шұңқырының латералды жағында кабырғасы болмайды, ол самай асты шұңқырына ашылады. Қанат-таңдай шұңқыры төменгі жағынан біртіндеп тарылып, үлкен таңдайлық өзекке, *canalis palatinus major*, жалғасады. Бұл өзектің жоғарғы кабырғасы канат-таңдай шұңқырымен бірдей, ал төменгі жағынан жоғарғы жақ сүйек пен таңдай сүйегі шектейді. Қанат-таңдай шұңқыры көршілес жатқан бес қуыспен және шұңқырмен байланысады:


- 1) көзұямен — төменгі көзұялық саңылау, *fissure orbitalis inferior*, арқылы;
- 2) мұрын қуысымен — сына-таңдай тесігі, *foramen sphenopulatinum*, арқылы;
- 3) ауыз қуысымен — үлкен таңдайлық өзек, *canalis pakttinus major*, арқылы;
- 4) ортаңғы бас сүйек шұңқырымен — дөңгелек тесік, *foramen rotundum* арқылы;
- 5) бас сүйектің сыртқы негізімен — канат тәрізді өзек, *canalis pterygoideus*, арқылы.

Бас сүйекке жоғарғы жағынан карағанда (*norma verticalis*) бас сүйек күмбезі мен оның жіктерін көреміз: сагитталды жік, *sutura sagittalis* — төбе сүйектерінің медиалды жиектерінің арасында; тәждік жік, *sutura coronalis* — маңдай және төбе сүйектерінің арасында; ламбда тәрізді жік, *sutura lambdoidea* (гректің «ламбда» әрпіне ұқсас) — төбе сүйектері мен шүйде сүйегінің арасында (48-сурет).

**Бас сүйектің сыртқы негізі**, *basis cranii externa*, бас сүйектің беттік (төменгі жақ сүйек қатыспайды) және милық бөліктерінің төменгі беттерінен түзіледі (49-сурет). Бас сүйектің сыртқы беті үш бөліктен тұрады: алдыңғы, ортаңғы және артқы. Алдыңғы бөлігі қатты таңдай, *palatum osseum*, мен жоғарғы жақ




**47-сурет.** Канат-таңдай шұңқыры. Бүйірінен карағандағы көрінісі (он жак). Көзұянын латералды кабырғасы мен жоғарғы жак сүйектін бет сүйектік өсіндісі алынып тасталған. Канат тәрізді өзек пен жоғарғы жак сүйек қойнауы ашылған: 1 — канат-таңдай шұңқыры; 2 — канат-таңдай шұңқырының медиалды кабырғасы (таңдай сүйектін перпендикулярлы табақшасы); 3 — канат-таңдай шұңқырының алдыңғы кабырғасы (жоғарғы жак сүйек төмпесі); 4 — көз жас сүйегі; 5 — мұрын сүйегі; 6 — көзұя асты жүлгесі; 7 — көзұя асты өзегі; 8 — жоғарғы жак сүйек қойнауы; 9 — алдыңғы мұрын қырқасы; 10 — жоғарғы жак сүйектін альвеолярлы өсіндісі; 11 — жоғарғы жак сүйек қойнауының апертурасы; 12 — канат тәрізді өсіндінің латералды табақшасы; 13 — канат-таңдай шұңқырының арткы кабырғасы (канат тәрізді өсінді); 14 — сына-таңдай тесігі; 15 — канат тәрізді өзек (ашылған); 16 — сына тәрізді сүйек денесі; 17 — гипофиздік шұңқыр



**48-сурет.** Бас сүйек. Бүйірінен карағандағы көрінісі: 1 — маңдай сүйек; 2 — сына тәрізді сүйек; 3 — торлы сүйек; 4 — көз жас сүйегі; 5 — мұрын сүйегі; 6 — бет сүйек; 7 — жоғарғы жақ сүйек; 8 — альвеолярлы жиек; 9 — төменгі жақ сүйек; 10 — иектік тесік; 11 — төменгі жақ сүйек тармағы; 12 — біз тәрізді өсінді; 13 — емізік тәрізді өсінді; 14 — сыртқы есту жолы; 15 — бет сүйектік өсінді; 16 — шүйде сүйек; 17 — кабыршақты жік; 18 — ламбда тәрізді жік; 19 — самай сүйек; 20 — шеке сүйек; 21 — тәж тәрізді жік

сүйектің альвеолярлы доғасынан тұрады; қатты таңдайдың артқы бөлігінде оны түзіп тұрған жоғарғы жақ сүйектерінің таңдай өсінділері мен таңдай сүйегінің горизонталды табакшаларының арасында көлденең жік, *sutura transversa*, болады; орта сызық бойынша қатты таңдайдың жұп бөліктерін қосып, алдыңғы жағынан *foramen incisivum*-мен қосылатын ортаңғы жік, *sutura mediana*, түзіледі. Қатты таңдайдың артқы бөлігінде, альвеолярлы доғаға жақын орналасатын *foramen*





**49-сурет.** Бас сүйектің сыртқы негізі: 1 — *maxilla*; 2 — *sphenoidale*; 3 — сопак тесік; 4 — ұйқы өзегі; 5 — мойындырық тесігі; 6 — шүйде айдаршығы; 7 — үлкен тесік; 8 — шүйде сүйегі; 9 — шеке сүйегі; 10 — самай сүйегі; 11 — емізік тәрізді өсінді; 12 — біз тәрізді өсінді; 13 — төменгі жақ сүйек шұңқыры; 14 — өре сүйек; 15 — самай сүйегінің бет сүйектік өсіндісі; 16 — бет сүйек; 17 — тандай сүйегі; 18 — жоғарғы жақ сүйектің тандай өсіндісі

*palatinum majus*, үлкен таңдайлық өзектің, *canalis palatinus major*, тесігі болып табылады; одан артқа қарай пирамидалық өсіндінің төменгі бетінде кіші таңдай өзектерінің тесіктері болады.


Ортаңғы бөлік қатты таңдайдың артқы жиегі мен үлкен шүйде тесігінің алдыңғы жиегіне дейінгі аралықты алып жатыр. Бұл бөліктің алдыңғы шекарасында мұрын қуысының артқы тесігі, *choanae*, орналасады. Бас сүйек негізінің артқы бөлігінде орналасқан мойындырық тесігі, *foramen jugulare* — арқылы IX, X және XI жұп бас сүйек жүйкелері өтеді және одан мойындырық тамыры басталады. Бас сүйек негізінің ішкі бетін бас сүйектің горизонталды немесе сагитталды кесіндісінде ғана көре аламыз.

